Арал-Сырдария су шаруашылық алабындағы негізгі өзендерде ағынды бақылау пункттері орналасқан, олардың қатарына Сырдария (салаларымен қоса), Келес, Арыс (салаларымен қоса), Бөген (салаларымен қоса) және Шаян өзендері жатады. Қазақстан Республикасының аумағындағы Сырдария өзені ағысының өзгеруін бағалау негізгі есептік учаскелер бойынша, негізгі өзен алабтары мен олардың бөліктеріне арналған су ресурстарының қорлық кестелері тізіміне сәйкес жүргізілді.

5-кестеде Сырдария алабындағы өзен салаларының негізгі гидрографиялық сипаттамалары, гидрологиялық бақылау пункттеріне дейінгі аралықтары көрсетілген.

5 кесте - Сырдария алабындағы өзен салаларының негізгі гидрографиялық сипаттамалары

Өзен	Бекет	Су жинау алабы, км ²	Орташа биіктік, м	Орташа еңістік, ‰	Өзен жүйесінің жиілігі, км/км ²
Арыс	Арыс т.ж.ст.	13100	900	132	0,40
Бөген	Екпенді а.	2040	480	95	0,42
Шаян I	Ақбет өз.с 3,3 км төмен	485	770	165	0,60
Сайрам	Тасарық а.	468	2200	370	2,2
Жабағалы	Жабағлы а.	172	2360	410	1,81
Аксу	Сарқырама а.	462	2530	484	0,71

Арал-Сырдария США-да судың деңгейі мен температурасына, су нысанының жай-күйіне, мұздың қалыңдығына, су ағынына, мұз құбылыстарына гидрологиялық бақылау жүргізілетін 41 өзен бекеті және су деңгейі мен температурасы, су нысанының жай-күйіне, мұздың қалыңдығы, мұз құбылыстары және су айдынының су балансын есептеу бойынша гидрологиялық бақылаулар жүргізілетін 1 су қоймасы бар.


6 кесте - Арал-Сырдария США-ғы су қоймалары туралы мәліметтер

№	Су қойма атауы	Құрылу және сумен толтыру кезеңі	Толық / пайдалы көлем, км ³	Теңіз деңгейінен биіктігі	Режим	Аудан, км ²	Ұзындығы / ені, км
1	Шардара	1964-1966	5,7 / 4,2	252	Көпжылдық	783	80 / 25
2	Бөген	1967	0,37 / 0,36	248,5	Көпжылдық	65	13 / 6

Арал-Сырдария США-ғы негізгі өзендердің гидрологиялық режимі


Сырдарияның негізгі гидробекеттері бойынша **1932-2023** жылдардағы ағынның айырымдылық-интеграл қисықтары (17-сурет) су режимінің айқын циклдылығын және табиғи әрі антропогендік факторлардың әсерін көрсетеді. Бастапқы кезеңде (1930 жылдардан - 1940 жылдардың соңына дейін) ағынның біртіндеп өсуі байқалады, ол 1950 жылдардан 1970 жылдардың бірінші жартысына дейінгі тұрақты суы мол циклге ауысып, 1960 жылдардың басында ең жоғары көрсеткішке жетеді. Бұл жағдай қолайлы климаттық жағдайлармен және қар-мұздық қоректенудің жоғары деңгейімен байланысты. 1975 жылдан бастап су мөлшерінің күрт және ұзаққа созылатын төмендеуі басталады, ол 2000 жылдарға дейін жалғасады, бұл тек мұздықтардың азаюы мен атмосфералық циркуляцияның өзгеруімен ғана емес, сонымен қатар алапты кең көлемде шаруашылық мақсатта игеруімен байланысты (судың ирригациялық мақсатта қолданылуының өсуі, Шардара және басқа су қоймаларын толтыру мен пайдалану). 2000 жылдардың басынан бастап аз су жағдайында тұрақталу байқалады: қисықтар шамамен нөлдік сызыққа жақын горизонталды трендке шығып, ағынның айтарлықтай қалпына келуі байқалмайды. Ағынның төменгі ағысы бойынша (Келестің сағасынан жоғары бастауынан бастап Қазалы

қаласына дейін) динамика жалпы үйлесімділікті сақтайды, бірақ өзгерістер амплитудасы су қоймаларының реттеуші әсеріне байланысты біртіндеп тегістеледі; осы кезде Төменарық теміржол станциясының гидробекеті интегралдық қисықтың төмен мәндерімен ерекшеленіп, жергілікті су өтімдері немесе су ресурстарының қарқынды пайдаланылуын көрсетеді, ал Қазалы қаласының гидробекеті суы мол кезеңде ең үлкен жинақталған мәндерді көрсетіп, 1980 жылдардан кейін айқын төмендеуді көрсетеді.



17 сурет – Орташа жылдық су өтімінің айырымдылық-интеграл қисықтары

Сырдария өзені. Соңғы онжылдықтардағы жалпы үрдіс өзеннің су мөлшерінің тұрақты азаюымен және жаңа сулы кезеңнің белгілерінің болмауымен сипатталады, бұл Сырдария алабындағы ағынның антропогендік түрленуінің күшейгенін көрсетеді.



18 сурет – Орташа жылдық су өтімінің өзгеру динамикасы


Сырдария өз. - Шардара ск. т.б. Көпжылдық орташа жылдық ағын мөлшері $728 \text{ м}^3/\text{с}$ құрайды. 1932-2023 жылдар аралығындағы бақылау деректері бойынша орташа жылдық су өтімінің төмендеуінің баяу үрдісі байқалады. Ең жоғары көрсеткіш 1952 жылы тіркелген – $1066 \text{ м}^3/\text{с}$, ал ең төменгісі – 1975 жылы ($167 \text{ м}^3/\text{с}$), бұл өзеннің су деңгейінің

кезендік ауытқуын көрсетеді (18-сурет). **2023 жылы** ағын мөлшері орташа сулы жылдар санатына жатқызылған, қамтамасыз етілуі – **57,9 %**.

Сырдария өз. - Төменарық т.ж.ст. Көпжылдық орташа ағын мөлшері **682 м³/с** құрайды. 1932-2023 жылдар аралығында орташа жылдық су өтімінің біртіндеп төмендеу үрдісі байқалады. Осы кезең ішінде ең жоғарғы көрсеткіш 1952 жылы тіркелген – 1023 м³/с, ал ең төменгісі – 1975 жылы (122 м³/с), бұл өзеннің су режимінің ерекшеліктеріне сәйкес келеді. **2023 жылы** өзен ағыны орташа жоғары сулы жылдар санатына жатқызылып, қамтамасыз етілуі **37,0 %** болды.

Сырдария өз. - Қазалы қ. Көпжылдық орташа жылдық ағын мөлшері **492 м³/с** құрайды. 1932-2023 жылдар аралығындағы бақылау қатарлары бойынша орташа жылдық су өтімінің біртіндеп төмендеу үрдісі анықталған. Ең жоғары көрсеткіш 1954 жылы тіркелген – 670 м³/с, ал ең төменгісі – 1977 жылы (15,0 м³/с), бұл өзеннің жалпы сулы режимімен сәйкес келеді. 2023 жылы осы гидробекеттегі ағын мөлшері орташа сулы жылдар санатына жатқызылып, қамтамасыз етілуі **43,5 %** болды.


Арал-Сырдария алабындағы Сырдария өзенінің негізгі салаларының сулылығы 1932-2023 жылдар аралығында айқын циклдік сипатқа ие (19-сурет). Ағынның айырымдық-интегралдық қисықтары бойынша үш негізгі фаза анық байқалады: 1930-1950 жылдары аз сулы кезең, 1950-1970 жылдары қар-мұздықтың қарқынды қоректенуіне байланысты суы көп кезең, содан кейін 1970-2000 жылдары табиғи климаттық ауытқулар мен айтарлықтай антропогендік әсерден (су қоймасын салу, қарқынды суару, ағынды реттеу) туындаған ұзаққа созылған судың мөмен кезеңі, ал 2010 жылдан кейін судың ішінара қалпына келу үрдісі байқалады. Тянь-Шаньның мұздық аймақтарына жақын орналасқан жоғарғы гидробекеттер сулы кезеңдерде ағынның ең жоғары көтерілуімен ерекшеленеді, ал төменгі бекеттер су алу мен буланудың әсерінен ағынның айтарлықтай азаюын тіркейді, бұл өзен ағысында айқын контраст қалыптастырады. Жалпы алғанда, Сырдария өзенінің сулылық фазаларының өзгерісі аймақтың басты су артериясының қазіргі режимін айқындайтын табиғи (жауын-шашын мен мұздықтардың еру циклдері) және антропогендік факторлардың өзара әсерін көрсетеді.



19 сурет — Орташа жылдық су өтімінің айырмдық-интегралдық қисықтары

✚ **Ақсу өз. - Сарқырама а.** Көпжылдық орташа жылдық ағын мөлшері $9,98 \text{ м}^3/\text{с}$ құрайды. 1990-2023 жылдар аралығындағы деректер бойынша орташа жылдық ағынның азаю тенденциясы байқалады. Аталған кезең бойынша ағынның ең жоғары көрсеткіші $19,2 \text{ м}^3/\text{с}$ (1969 ж.), ал ең төменгісі $2,57 \text{ м}^3/\text{с}$ (1944 ж.) болып тіркелген, бұл сулылық фазаларына сәйкес келеді. Осы гидробекетте **2023 жылы** өзен ағыны **орташа сулы деңгейде** болған, яғни асып кету ықтималдығы **41,7 %** құрайды.

✚ **Бадам өз. - Қараспан а.** Көпжылдық орташа жылдық ағын мөлшері $5,39 \text{ м}^3/\text{с}$ құрайды. 1990-2023 жылдар аралығындағы деректер бойынша ағын мөлшері қалыпты үрдісте сақталған. Осы кезеңде ағынның ең жоғары көрсеткіші $26,7 \text{ м}^3/\text{с}$ (2010 ж.), ал ең төменгісі $0,30 \text{ м}^3/\text{с}$ (1944 ж.) болып тіркелген, бұл сулылық режиміне сәйкес келеді. 2023 жылы гидробекеттегі ағын мөлшері **орташа жоғары сулы деңгейде** болған, яғни асып кету ықтималдығы **36,5 %** құрайды.



20 сурет – Орташа жылдық су өтімінің өзгеру динамикасы

✚ **Шаян өз. - Ақбет өз.с. 3,3 км төменде.** Орташа көпжылдық ағын мөлшері $2,27 \text{ м}^3/\text{с}$ құрайды. 1990-2023 жылдар аралығында ағын мөлшерінің үрдісі қалыпты деңгейде қалған. Ең жоғары ағын 1969 жылы тіркелген – $4,98 \text{ м}^3/\text{с}$, ең төменгісі 1996 жылы – $0,50 \text{ м}^3/\text{с}$, бұл сулылық гидрологиялық режиміне сәйкес келеді. 2023 жылы өзен ағыны **орташа сулы деңгейде** болған, қамтамасыз етілуі **54,4 %** құрады.

✚ **Бөген өз. - Екпеңді а.** Көпжылдық орташа ағын мөлшері $4,28 \text{ м}^3/\text{с}$ құрайды. 1990-2023 жылдар аралығында орташа жылдық ағынның өзгерісі негізінен қалыпты шектерде болған. Ең жоғары көрсеткіш 1969 жылы тіркелген – $13,3 \text{ м}^3/\text{с}$, ал ең төменгісі 1994 жылы – $0,12 \text{ м}^3/\text{с}$, бұл сулылық фазаларына сәйкес келеді. **2023 жылы** өзен ағыны **орташа жоғары сулы деңгейде** болған, есептік қайталану ықтималдығы **38,6 %** құрады.

✚ **Келес өз. - саға.** Көпжылдық орташа жылдық ағын мөлшері $13,0 \text{ м}^3/\text{с}$ құрайды. 1990-2023 жылдар аралығындағы уақыттық қатар ағынның баяу өсіп отырғанын көрсетеді. Ең жоғары көрсеткіш 2010 жылы тіркелген – $29,3 \text{ м}^3/\text{с}$, ал ең төменгісі 1987 жылы – $1,50 \text{ м}^3/\text{с}$, бұл сулылықтың циклілігін көрсетеді. 2023 жылы өзен **ағыны жоғары сулы деңгейде** болған, қамтамасыз етілу ықтималдығы **11,5 %** құрады.

✚ **Арыс өзені - Арыс т.ж.ст.** Көпжылдық орташа жылдық ағын мөлшері $47,5 \text{ м}^3/\text{с}$ құрайды. 1990-2023 жылдар аралығында ағын мөлшері негізінен қалыпты деңгейде

сақталған. Ең жоғары көрсеткіш 1969 жылы тіркелген – 94,9 м³/с, ал ең төменгісі 1986 жылы – 5,79 м³/с, бұл сулылық фазаларына сәйкес келеді. **2023 жылы** өзен ағыны **орташа жоғары сулылық** деңгейде болған, қамтамасыз етілуі **34,7 %** құрады.

1.1.4. Жайық-Каспий США

Жайық-Каспий США, Қазақстан Республикасының шегінде Атырау, Маңғыстау, Батыс Қазақстан және ішінара Ақтөбе облыстарының аумағында орналасқан.

Жайық өзені-ҚР-дағы Каспий маңы өңірінің негізгі өзені, Оралтау жотасындағы Орал тауларының сілемдерінен бастау алады және Атырау қаласының маңындағы Каспий теңізіне құяды. Жалпы ұзындығы 2534 км, Еуропада ұзындығы бойынша Еділ мен Дунайдан кейін екінші орында. Өзеннің су жинау алабы 232 мың.км² қамтиды, ал Урал-Емба аралық жабық алабымен бірге ол шамамен 400мың км² жуық аумақты қамтиды. Қазақстан аумағындағы өзеннің ұзындығы 1 084 км, мұнда ол Жайық деп аталады. Ол Каспий теңізіне судың келуін анықтайтын екінші маңызды өзен.

Алаптың қазақстандық бөлігінде Жайық өзені және оның салалары Атырау, Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары үшін негізгі су артериясы болып табылады. Өзен Атырау облысының құрғақ өңірлері үшін аса маңызды рөл атқарады, өйткені халық тұтынатын судың 70% - ы өзеннен қамтамасыз етіледі. 21-суретте Жайық-Каспий США физико-географиялық картасы көрсетілген [13].


Алаптың негізгі ағынды бөлігі Ресейде орналасқан. Орта ағысында өзен көптеген сол жағалаудағы салаларды алады, олардың негізгілері - Елек және Ор өзендері. Жайық қосымша қорек алмай және теңізге барар жолда өз суларының бір бөлігін булануға жоғалтып, Каспий маңы ойпаты арқылы ағады. Жайық өзенінің жайылмасы төменгі ағысында теңіз террасасына өтеді.

Жайық-Каспий США-да барлығы 52 гидрологиялық бекет бар [14]. Алаптың қазақстандық бөлігінде Жайық өзенінің өзінде 9 жұмыс істейтін пункт және 1 Көшім каналы бар. Қазақстан Республикасына келіп түсетін Жайық өзенінің ағысы Ресей Федерациясымен шекараға жақын орналасқан Январцево кентіндегі гидрометриялық бекетте тіркеледі. Каспий теңізіне құятын ағын су Атырау қаласының гидрометриялық бекетінде тіркеледі.

Жайық-Каспий алабы өзендерінің негізгі гидрографиялық сипаттамалары 7-кестеде, негізгі су қоймалары туралы мәліметтер 8-кестеде келтірілген.

Ресей аумағындағы Жайық өзені мен оның салаларында маусымдық және көпжылдық ағын реттеуге арналған ірі су қоймалары (Жоғарыорал, Магнитогор, Ириклин және т.б.) салынған. Бұл су қоймалары өнеркәсіптік аймақтарды сумен қамтамасыз етуге арналған.

Қазақстан аумағындағы Жайық өзені алабында негізінен суару мақсатында салынған су қоймалары бар. Ең ірісі - Ақтөбе облысындағы Қарағалы өзенінде орналасқан Қарағалы су қоймасы, оның пайдалы сыйымдылығы 262 млн м³. Екі су қоймасы (Ақтөбе және Шаған су қоймалары) кешенді мақсатта пайдаланылып, сумен жабдықтау және суару үшін қолданылады.



Шартты белгілер

- Метеорологиялық станциялар
- ▲ Гидрологиялық бекеттер
- ~ Озендер
- ☪ Көлдер
- Жайық-Каспий США шекарасы
- Шекара
- Облыс орталықтары
- ҚР Әкімшілік бөліністері
- Жоғары : 654
- Төмен : -160

21 сурет – Жайық-Каспий США физико-географиялық картасы

7 кесте - Жайық-Каспий США негізгі өзендерінің негізгі гидрографиялық сипаттамалары

Ағын су атауы	Қайда құяды	Сағадан қашықтығы, км	Ағын су ұзындығы, км	Су жинау алабы, км ²
Жайық өз.	Каспий теңізі	-	2428	231000
Жайық өз. (Урал) салалары				
Ор өз.	Жайық өз. (с)	1715	332	18600
Елек өз.	Жайық өз. (с)	1085	623	41300
Утва өз.	Жайық өз. (с)	986	290	6940

Ағын су атауы	Қайда құяды	Сағадан қашықтығы, км	Ағын су ұзындығы, км	Су жинау алабы, км²
Солянка өз.	Жайық өз. (с)	924	51	631
Ембулатовка өз.	Жайық өз. (о)	901	82	890
Рубежка өз.	Жайық өз. (о)	885	80	720
Шаған өз.	Жайық өз. (о)	793	264	7530
Барбастау өз.	Жайық өз. (с)	779	111	1360
Деркул өз.	Шаған өз. (о)	18	176	2200
Қобда өз.	Елек өз. (с)	184	225	14700
Қарағалы өз.	Елек өз. (о)	502	114	5130
Басқа өзендер				
Өленті өз.	Тұздықөл көлі	-	229	6280
Бұлдырты өз.	Жалтыркөл көлі	-	195	4660
Қалдығайты өз.	Тюленькөл көлі	-	242	5800
Жақсыбай өз.	Сұлукөл көлі	-	146	2490
Ойыл өз.	Сұлукөл және Қаракөл көлі	-	800	31500
Сағыз өз.	Сағыз ауылынан СШ-қа 7 км жерде жоғалады	-	511	19400
Емба өз.	Каспий теңізі	-	712	40400
Ащыөзек өз.	Аралсор көлінен 9 км С қашықтықта жоғалады	-	258	5950
Чижа 2 өз.	Чижалық жайылым	-	82	1360
Чижа 1 өз.	Чижалық жайылым	-	76	822
Ү. Өзен өз.	Қамыс-Самар көлі	-	650	-
К. Өзен өз.	Қамыс-Самар көлі	-	638	-

8 кесте - Жайық-Каспий США су қоймалары туралы мәліметтер

Атауы		Пайдалануға берілген жыл	Көлем, млн. м³		Реттеу сипаты	Мақсаты
Су қойма	Су қойма орналасқан ағын су		толық	пайдалы		
Сазды	Сазды өз.	1967	6,0	5,2	маусымдық	суару, су тасқынына қарсы
Қарағалы	Қарағалы өз.	1975	280	262	көпжылдық	суару, балық шаруашылығы
Междуреченск	балка Ассай, Тарангула саласы	1985	3,1	3,0	маусымдық	суару
Ақтөбе	Елек өз.	1988	245	220	көпжылдық	кешенді
Сарышаған	Үлкен Өзен өз.	1937	46,85	22,5	маусымдық	суару, а/ш, сумен жабдықтау
Айдархан	Үлкен Өзен өз.	1974	52,3	42,0	маусымдық	суару, а/ш, сумен жабдықтау
Рыбный Сакрыл	Үлкен Өзен өз.	1981	97,0	79,0	маусымдық	суару, а/ш, сумен жабдықтау
Казтал	Кіші Өзен өз.	1977	7,2	5,5	маусымдық	суару, а/ш, сумен жабдықтау
Каптал	Кіші Өзен өз.	1975	3,55	2,87	маусымдық	суару, а/ш, сумен жабдықтау
Мамаев	Кіші Өзен өз.	1985	3,5	3,2	маусымдық	суару, а/ш, сумен жабдықтау


Жайық өзені. Жылдық ағын нормасы 1932-2005 жылдар аралығындағы репрезентативті көпжылдық кезең негізінде анықталған. Осы аралықтағы су мөлшерінің айырымдылық-интеграл қисықтарын талдау нәтижесінде бірнеше көпсулы және азсулы циклдердің алмасып келуі анықталды, бұл ағын нормасын айқындауда маңызды мәнге ие.

Көпжылдық гидрометеорологиялық бақылаулардың деректері бойынша (Январцево кенті, Күшім ауылы және Махамбет кенті тұстамаларында) Жайық өзенінің орташа жылдық су өтімдерінің төмендеу үрдісі байқалады, әсіресе соңғы 15-20 жылда бұл құбылыс айқын көрініс тапқан.

Жайық - Каспий США негізгі өзендерінің гидрологиялық режимі

Ең төменгі су өтімдері, әдетте, азсулы циклдерге сәйкес келетін жылдарға тиесілі, бұл 1932-2023 жылдар аралығындағы айырымдылық қисықты талдау нәтижелерімен (22-сурет) айқын дәлелденеді. Осы кезеңде азсулы және көпсулы жылдардың кезектесіп келуі байқалады. 1932-1945 жылдары - айқын азсулы кезең, ал 1946-1976 жылдары - бірнеше шұңдармен сипатталатын салыстырмалы түрде көпсулы кезең, 1970-ші жылдар соңы, 1960-шы жылдар басы және 1970 жылдар, 1977-1990 жылдары да азсулы болып келеді. 2008-2023 жылдары су мөлшерінің азаю үрдісі байқалып, бұл жаңа азсулы кезеңге өтуді көрсетеді. Сулылығы төмендеуінің негізгі себептері - қолайсыз гидрометеорологиялық жағдайлар, соның ішінде жауын-шашынның азаюы, қысқы кезеңдегі қар қорының кемуі,


орташа жылдық ауа температурасының жоғарылауы және соның салдарынан буланудың артуы. Сонымен қатар, бұл өзендердің ағысына антропогендік ықпалдың да әсерін жоққа шығаруға болмайды.



22 сурет — 1932-2023 жылдар аралығындағы орташа жылдық су өтімінің айырымдылық-интеграл қисығы

Жайық өз. - Январцево к. Көпжылдық ағын нормасы **314 м³/с** құрайды. 1932-2023 жылдар аралығында ағынның төмендеуінің тұрақты үрдісі байқалады (23-сурет). Зерттеліп отырған кезеңде ең төменгі ағын 1967 жылы тіркелген - 96,1 м³/с, бұл тұрақты азсулы цикл кезеңіне сәйкес келеді және ол атмосфералық жауын-шашын тапшылығымен, сондай-ақ қар қорының азаюы мен буланудың артуына байланысты салалардың ағынының төмендеуімен түсіндіріледі. Ең жоғары ағын 1957 жылы байқалған - 793 м³/с, оның ықтимал себебі көктемгі мол қар еруі болған. Көрсетілген тұстамада **2023 жылы** өзеннің ағыны **248 м³/с** құрап, белгіленген нормадан (301 м³/с) 21 %-ға төмен болды және сулылығы бойынша **орташа деңгейге** сәйкес келді, алайда жалпы төмендеу үрдісі жағдайында ол азсулы циклдің бөлігі ретінде сипатталады. Ағынның асып түсу ықтималдығы - **55,2 %**.

Жайық өз. - Күшім а. Көпжылдық кезең бойынша жылдық ағын нормасы **353 м³/с** құрайды. 1932-2023 жылдар аралығындағы деректерге сәйкес, орташа жылдық ағын мәндерінің азаюының айқын үрдісі байқалады (23 сурет). Аталған кезең ішінде ең төменгі ағын 1967 жылы тіркелген - 89,1 м³/с, бұл соңғы жылдардағы тұрақты азсулы кезеңмен байланысты. Ең жоғары су өтімі 1946 жылы байқалған - 802 м³/с, ол қарқынды көктемгі ағынмен сипатталатын қысқа мерзімді көпсулы кезеңге сәйкес келеді. Көрсетілген бекетте **2023 жылы** өзен ағыны 244 м³/с құрап, нормадан **31%-ға** төмен болды. Ағынның асып түсу ықтималдығы - **62,3%, суы орташа төмен деңгейге** жатады.




23 сурет – 1932-2023 жылдар кезеңіндегі судың орташа жылдық су өтімдерінің өзгеру динамикасы

✚ **Жайық өз. - Махамбет к.** Жылдық ағынның көпжылдық нормасы **242 м³/с** құрайды. Жоғары ағысындағы тұстамалардағыдай, бұл бөлікте де ағынның азаю үрдісі байқалады. Зерттеліп отырған кезең ішінде ең төменгі ағын 2006 жылы тіркелген - 90,3 м³/с, бұл азсулы циклдің ең айқын көрініс тапқан жылы болып саналады. Аталған жылы жауын-шашын мөлшері жеткіліксіз болып, көктемгі тасқын әлсіз болған. Ең жоғары ағын 1948 жылы байқалған - 651 м³/с, ол азсулы жылдар қатарындағы көпсулы жылға сәйкес келеді. **2023** жылы өзеннің ағыны **216 м³/с** құрап, нормадан **11%-ға төмен** болды. Ағынның асып түсу ықтималдығы - **66,0 %**, суы **орташа төмен** деңгейге жатады.

Елек және Ойыл өзендері. Елек өзені Жайық өзенінің оң жақ салаларының ішіндегі ең ірісі болып табылады. Орта ағысында өзен Ақтөбе қаласынан оңтүстікке қарай 8 км қашықтықта орналасқан Ақтөбе су қоймасы арқылы реттелген. 1932-2023 жылдар аралығындағы орташа жылдық су өтімі динамикасын талдау нәтижесінде су молшылығының төмендеуге тұрақты үрдісі байқалады.

Ағын нормасы 1932-2005 жылдар аралығындағы репрезентативті көпжылдық кезең негізінде есептелген. 1932-2023 жылдар аралығындағы айырымдылық-интеграл ағын қисығын (24-сурет) талдау нәтижесінде азсулы кезеңнің екінші фазасының қалыптасуы анықталады, бұл соңғы жылдары белгіленген нормамен салыстырғанда су ресурстарының тұрақты тапшылығының бар екенін көрсетеді.


Елек өзенінің ағынының төмендеуінің негізгі себептері климаттық факторлармен байланысты болуы мүмкін – атап айтқанда, су жинау аймағындағы жауын-шашын мөлшерінің азаюы, орташа жылдық температураның көтерілуі және оның нәтижесінде буланудың артуы. Сондай-ақ, антропогендік әсерлер де маңызды рөл атқарады. Соның ішінде өзеннің жоғарғы ағыстары мен Ақтөбе су қоймасы ықпалындағы аймақта суды қарқынды пайдалану, шаруашылық пен тұрғындардың қажеттіліктері үшін су алудың гидрологиялық режимге айтарлықтай әсер етуі ерекше атап өтіледі.



24 сурет – 1932-2023 жылдар аралығындағы орташа жылдық су өтімінің айырымдылық-интеграл қисығы

Жалпы төмендеу үрдісіне қарамастан, 2023 жыл салыстырмалы түрде су молшылығы жоғары болып, орташа жоғары сулылық санатына жатқызылды. Мұндай аномалды жоғары ағын гидрометеорологиялық жағдайлардың жиынтығымен түсіндіріледі: 2022-2023 жылғы қыс кезеңіндегі қар қорының көп болуы орташа көпжылдық мәндерге қарағанда жоғары болды, сондай-ақ көктемгі ауа температурасының жоғары болуы жағдайында қардың тез еруі байқалды. Бұл жағдайлар қарқынды тасқынның қалыптасуына әкеліп, алдыңғы асулы жылдармен салыстырғанда су қорын арттыруға ықпал етті.

Ойыл өзені, Жайық өзенінің саласы болмаса да, зерттелетін алабаның негізгі су ағымдарының тізіміне енеді және жергілікті су ресурстарын есептеулерге қосылады. Ұзақ мерзімді бақылаулар кезеңі (1935-2023 жылдар) бойынша орташа жылдық ағындарды талдау да ағынның төмендеу үрдісін көрсетеді, әсіресе соңғы онжылдықтарда. Негізгі себептер ұқсас – климаттық жағдайлардың өзгеруі, қар қорының деградациясы, буланудың артуы, сондай-ақ алабадағы антропогендік жүктемелер. Ойыл өзенінің айырымдылық-интеграл қисығы ұзаққа созылған асулы кезеңнің болуын растайды.



25 сурет – 1932-2023 жылдар кезеңіндегі судың орташа жылдық өтімдерінің өзгеру динамикасы

Сонымен қатар, **2023 жыл** осы су ағысында барлық құралдық бақылау кезеңіндегі ең жоғары ағын ретінде байқалып, **сулылығы жоғары** санатына жатқызылды. Бұл Елек өзені алабындағыдай климаттық факторлармен байланысты: қар қорының нормадан асуы, қардың тез еруі және көктемгі мол жауын-шашын. Бұл жағдайлар беттік ағынның айтарлықтай толуын қамтамасыз етіп, төмендеу үрдісінің уақытша үзілуіне әкелді.


✚ **Елек өз. - Ақтөбе қ.** Ақтөбе қаласы маңындағы су бекетінің көпжылдық орташа жылдық ағын нормасы **17,2 м³/с** құрайды (1932-2005 жылдар аралығы бойынша). 1932-2023 жылдар аралығындағы бақылаулар деректері бойынша тренд сызығы бойынша орташа жылдық су өтімінің айқын төмендеу үрдісі тіркеледі (сурет 25). Зерттелген кезеңде ең жоғары ағын 1942 жылы 57,0 м³/с, ал ең төменгі ағын 1967 жылы 1,57 м³/с деңгейінде болған. **2023** жылы орташа жылдық ағын **20,7 м³/с** құрап, **орташа жоғары су молшылығы** санатына сәйкес келді, асып түсу ықтималдығы - **28,7 %**.

✚ **Ойыл өз. - Ойыл а.** Ойыл ауылы тұстамасында көпжылдық орташа жылдық ағын нормасы **10,8 м³/с** құрайды. 1935-2023 жылдар аралығындағы бақылаулар деректерін талдау нәтижесі бойынша сулылық нормадан төмендеу үрдісі байқалады (25-сурет). Зерттелген кезеңде ең төменгі жылдық ағын 2021 жылы тіркелген - 0,19 м³/с, ал ең жоғары ағын 2023 жылы 34,6 м³/с болды. **2023** жылы жылдық ағын **суы жоғары** санатына жатқызылады, асып түсу ықтималдығы - **3,84 %**.

1.1.5 Есіл США

Есіл су шаруашылық алабына Қазақстан Республикасының аумағындағы Есіл өзенінің бір бөлігі кіреді (сурет 26). Есіл су шаруашылық алабының жалпы ауданы 237 226 км², оның ішінде Ақмола облысы - 122 100,8 км², Қарағанды облысы - 11 520,9 км², Қостанай облысы - 5 611,3 км², Солтүстік Қазақстан облысы - 97 993 км². Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстарының аумақтары Есіл өзенінің негізгі қоректену аймағы болып табылады, себебі өзен (Иманбұрлық өзенінің төменгі ағысына) дейінгі бөлігінен шыққан соң Батыс Сібір ойпатына еніп, төменгі сағасына дейін ірі салалары болмайды. Қарастырылып отырған аумақтағы гидрографиялық желінің құрылысының ерекшеліктері жер бедерінің қалыптасуымен айқындалады. Шығыс және батыс бөліктердегі аласа таулы жер бедерінің болуы және жердің жалпы батысқа, оңтүстікке және ішінара солтүстікке қарай еңіс келуі су ағысының негізгі бағыттарын орталықтан шеткі аймақтарға қарай айқындайды. Негізгі су артериясы - Есіл өзені болып табылады, ол Көкшетау қыраттарынан солтүстікте және Ұлытау тауының сілемдерінен оңтүстікте бастау алатын бірнеше ірі салалармен қоректенеді. Негізгі салалары: Қалқұтан, Жабай, Терісаққан, Аққанбұрлық және Иманбұрлық өзендері.

Есіл өзені - Ертістің сол жағалық саласы, оның ұзындығы 2450 км, ал су жиналу алабының жалпы ауданы 177 000 км², соның ішінде белсенді алабы 141 000 км² құрайды. Есіл өзені Қарағанды облысында, Қазақтың ұсақ шоқыларының солтүстік шетінде орналасқан Нияз тауларында, 560 метр биіктікте бастау алады. Есілдің оң жағалық салалары - Қалқұтан мен Жабай өзендері Көкшетау тауларынан ағып түседі. Ал басты сол жағалық саласы - Терісаққан өзенінің алабында Ақмола облысының аумағына Ұлытау тауларының сілемдері кіреді [4].



Шартты белгілер

- Метеорологиялық станциялар
- ▲ Гидрологиялық бекеттер
- Озендер
- Көлдер
- Есіл США шекарасы
- Шекара
- Облыс орталықтары
- ==== ҚР Әкімшілік бөліністері
- Жоғары : 591
- Төмен : 49

26 сурет – Есіл США физика-географиялық картасы

Есіл су шаруашылық алабында шамамен 50 су қоймасы орналасқан және пайдаланылуда. Олардың ең ірілері - Есіл өзеніндегі Вячеслав, Сергеев және Петропавл су қоймалары, Сілеті өзеніндегі Сілеті су қоймасы және Шағалинка өзеніндегі Шағалы су қоймасы болып табылады.

9-кестеде Есіл өзені алабы мен оның салаларының гидрографиялық сипаттамалары туралы негізгі мәліметтер келтірілген.

9 кесте - Есіл өзені алабы және оның салаларының негізгі гидрографиялық сипаттамалары

Ағын су атауы	Қайда құяды	Сағадан қашықтығы, км	Су ағынының ұзындығы, км	Су жинау алабы, км ²
Есіл өз.	Ертіс өз. (с.)	1016	2450	177 000
Есіл өзенінің салалары				
Калқутан өз.	Есіл өз. (о.)	1963	223	17 400
Жабай өз.	Есіл өз. (о.)	1871	196	8 800
Терісакқан өз.	Есіл өз. (с.)	1687	334	19 500
Аққанбұрлық өз.	Есіл өз. (о.)	1280	176	6 720
Жаман Қайрақты өз.	Есіл өз. (о.)	1823	106	1 640
Мойылды өз.	Есіл өз. (о.)	2339	66	769
Шортанды өз.	Есіл өз. (о.)	2376	36	339
Мұққыр өз.	Есіл өз. (о.)	1187	14	-
Басқа өзендер				
Баксық өз.	Калқутан өз. (о.)	57	171	4 930
Аршалы өз.	Калқутан өз. (о.)	123	34	-
Жыланды өз.	Жабай өз. (о.)	25	140	3 650
Ащылы өз.	Жабай өз. (с.)	43	58	1 060

2023 жылғы жағдай бойынша Есіл су шаруашылық алабында су деңгейі мен температурасына, су нысанының күйіне, мұз қалыңдығына, су ағымына, мұз құбылыстарына гидрологиялық бақылау жүргізілетін 43 өзен бекеті, сондай-ақ су деңгейі мен температурасына, су нысанының күйіне, мұз қалыңдығына, мұз құбылыстарына және су айдынының су балансын есептеуге гидрологиялық бақылау жүргізілетін 6 көл және 4 су қоймасы бар. Мәліметтер 10-кестеде келтірілген.

10 кесте - Есіл су шаруашылық алабының су қоймалары туралы мәліметтер және олардың негізгі параметрлері

Атауы		Пайдалануға берілген жыл	Көлемі, млн. м ³		Реттеу сипаты
Су қойма	Су қойма орналасқан ағын су		Толық	Пайдалы	
Вячеслав	Есіл өз.	1971	410,9	375,4	Көпжылдық
Сергеев	Есіл өз.	1969	693	635	Көпжылдық
Петропавл	Есіл өз.	1973	19,2	16,1	Маусымдық


Қазақстан Республикасының аумағы шегінде Есіл өзені ағынының өзгеруін бағалауға талдау негізгі өзен алаптары мен олардың учаскелері бойынша су ресурстарының қорлық кестелер тізіміне сәйкес негізгі жармалар үшін жүргізілді.

Есіл өзені. Ағынның өзгеру динамикасын талдау 1990 жылдан бастап климаттың өзгеруінің ағынға әсері байқалатынын көрсетеді.

Есіл СІША өзендерінің гидрологиялық режимі және су фазалары

Есіл су шаруашылық алабы аумағындағы жылдық ағын тербелісін сипаттау үшін ағысы шартты түрде табиғи деп саналатын келесі су ағындарының деректері пайдаланылды: Есіл өзені - Түрген ауылы, Есіл өзені - Астана қаласы, Есіл өзені - Каменный карьер ауылы, Есіл өзені - Долматова ауылы, Есіл өзені - Петропавл қаласы, Жабай өзені - Атбасар қаласы, Қалқұтан өзені - Қалқұтан ауылы.


Есіл өзенінің жылдық ағынының айырымдылық-интеграл қисықтарын талдау (бақылау пункттері бойынша: Есіл өзені - Астана қаласы, Есіл өзені - Каменный карьер ауылы, Есіл өзені - Долматова ауылы, Қалқұтан өзені - Қалқұтан ауылы) **екі негізгі су фазасының** бар екенін анықтауға мүмкіндік берді - **көпсулы және азсулы**, олардың әрқайсысы өз ішінде шағын циклдерден тұрады. Азсулы кезеңдер 1932-1940 жж., одан кейін 1950-1954 жж., 1967-1970 жж., 1975-1982 жж., қайтадан 1994-2001 жж. және 2008-2023 жж. аралығында байқалады, бұл кезеңдер жылдық ағынның тұрақты төмендеуімен сипатталады. Олардың арасында көпсулы фазалар анық байқалады: 1941-1949 жж., 1955-1966 жж., 1971-1974 жж., 1983-1993 жж. және қайтадан 2002-2007 жж., бұл кезеңдерде ағын көлемінің артуы байқалады, ол неғұрлым қолайлы гидрометеорологиялық жағдайлармен байланысты. Бұл фазалар Есіл өзенінің негізгі створлары бойынша жылдық ағынның айырмалық интегралдық қисықтарында (27-сурет) айқын көрініс табады, бұл алапта су режимінің тұрақты циклдік тербелістерінің бар екенін көрсетеді.



27 сурет – 1932-2023 жылдар аралығындағы орташа жылдық су өтімінің айырымдылық-интеграл қисықтары

Есіл өз. - Түрген а., Есіл өз. - Петропавл қ. және Жабай өз. - Атбасар қ. бойынша жылдық ағынның айырмалық интегралдық қисығын талдау (28-сурет) ағынның көпжылдық тербелістерімен сипатталатын су режимінің кезектесіп келетін фазаларының бар екенін көрсетеді. Зерттелген кезеңде екі негізгі су фазасы анықталды: көпсулы және азсулы, олардың әрқайсысы қысқа мерзімді циклдерді қамтиды.


Сулылығы көп фазалар 1941-1943 жылдары, 1946-1949 жылдары, сондай-ақ 1983-1995 жылдары және қайтадан 2014-2021 жылдары байқалған, бұл жылдары жылдық ағынның жоғары мәндері тіркелгенін көрсетеді. Сонымен қатар, азсулы фазалар 1932-1940 жылдары, 1950-1982 жылдары, сондай-ақ 1996-2013 және 2022-2023 жылдарына сәйкес келеді, бұл кезеңдерде су режимінің қалыпты деңгеймен салыстырғанда төмен мәндері байқалған.



28 сурет – 1932-2023 жылдар аралығындағы орташа жылдық су өтімінің айырымдылық-интеграл қисықтары

Ағынның өзгеру динамикасының талдауы су мөлшерінің төмендеуіне тұрақты үрдістің бар екенін көрсетеді. Ағынның ең жоғары мәндері 1950-жылдары байқалған, содан


кейін орташа жылдық су өтімдерінің біртіндеп азаюы басталған. Соңғы онжылдықтарда ағынның тұрақсыздығы күшейіп, азсулы жылдар басым бола бастады.



29 сурет — Орташа жылдық су өтімі ағынының өзгеру динамикасы

🌈 **Есіл өзі. - Түрген а.** 1932-2023 жылдар аралығындағы Есіл өзенінің Түрген тұстамасындағы орташа жылдық су өтімдерін талдау нәтижелері бойынша, көпжылдық нормаға- **3,78 м³/с** қатысты су мөлшерінің біршама артқан орташа айқын үрдісі байқалады. Ең жоғары су өтімі 1948 жылы тіркеліп, **15,99 м³/с** құрады, бұл гидрометеорологиялық жағдайларға байланысты сулылығы жоғары кезеңге сәйкес келеді. Ең төмен орташа жылдық су өтімі 1936 жылы байқалып, **0,18 м³/с** болды; бұл жыл су қоры азайған сулылығы төмен кезеңге жатады. **2023 жылы** өзеннің су мөлшері бұл тұстамада **орташа сулылық** ретінде бағаланды: орташа жылдық су өтімі **3,53 м³/с** болып, белгіленген нормадан **6,61 % төмен**, ал **асып түсу ықтималдығы 45,2 %** деңгейінде болды.

🌈 **Есіл өзі. - Астана қ.** 1932-2023 жылдар аралығындағы Есіл өзенінің Астана қаласы тұстамасындағы орташа жылдық су өтімдерінің графигін талдау нәтижелері бойынша су мөлшерінің төмендеуінің тұрақты үрдісі анықталды, бұл тренд сызығының бағытымен расталады. Көпжылдық орташа жылдық су өтімінің нормасы **6,52 м³/с** құрайды. Зерттеліп отырған кезеңдегі ең төмен орташа жылдық су өтімі 1967 жылы тіркеліп, **0,10 м³/с** болды; бұл жыл Есіл алаптың гидрологиялық режиміндегі **сулылығы төмен фазаға** жатады, ол су мөлшерінің фазаларын талдау нәтижелерімен анықталған. Ең жоғары су өтімі 1948 жылы байқалып, **22,1 м³/с** құрады; бұл **сулылығы жоғары фазаға** тән кезеңге сәйкес келеді және жоғары су ағынымен сипатталады. **2023 жылы** өзеннің су мөлшері көрсетілген тұстамада **сулылығы төмен** деңгейде қалды: орташа жылдық су өтімі **0,26 м³/с** болып, белгіленген нормадан **96 % төмен**, ал **асып түсу ықтималдығы 99,4 %** деңгейінде болды.




30 сурет — Орташа жылдық су өтімі ағынының өзгеру динамикасы

✚ **Есіл өз. - Каменный Карьер а.** 1932-2023 жылдар аралығындағы Есіл өзенінің Каменный карьер ауылы тұстамасындағы орташа жылдық су өтімдері графигін талдау нәтижелері бойынша су мөлшерінің **норма шегінде өзгеру үрдісі** байқалды, бұл тренд сызығының бағытымен расталады. Көпжылдық орташа жылдық су өтімінің нормасы **50,8 м³/с** құрайды. Зерттеліп отырған кезеңдегі ең төмен орташа жылдық су өтімі 1936 жылы тіркеліп, **1,85 м³/с** болды; бұл осы жылдың су фазаларын талдау нәтижелері бойынша белгіленген алаптың гидрологиялық режимінің су аз фазасына жататындығына байланысты. Ең жоғары су өтімі 1948 жылы байқалып, **176 м³/с** құрады; бұл ағынды сулардың жоғарылауымен сипатталатын **көп су фазасының** кезеңіне сәйкес келеді. **2023 жылы** өзеннің су мөлшері бұл тұстамада **орташа сулылық** деңгейінде қалды: орташа жылдық су өтімі **48,4 м³/с** болып, белгіленген нормадан **4,72 % төмен**, ал **асып түсу ықтималдығы 41,3 %** деңгейінде болды.

✚ **Есіл өз. - Петропавл қ.** 1932-2023 жылдар кезеңінде Петропавл қ. тұстамасындағы Есіл өзеніндегі судың жылдық орташа өтімін талдау нәтижелері бойынша **68,6 м³/с** құрайтын көп жылдық нормаға қатысты судың ұлғаюының орташа айқын тенденциясы анықталды. Ең жоғары су өтімі 1948 жылы тіркеліп, **227 м³/с** құрады; бұл гидрометеорологиялық жағдайларға байланысты **сулылығы жоғары фазаға** сәйкес келеді. Ең төменгі орташа жылдық ағын 1968 жылы байқалды және **2,35 м³/с** құрады; бұл жыл ағын көлемінің төмендеуімен сипатталатын **су аз фазалық кезеңге** жатады. **2023 жылы** өзеннің су мөлшері бұл тұстамада **сулылығы ортадан жоғары** деңгейде бағаланды: орташа жылдық су өтімі **70,3 м³/с** болып, белгіленген нормадан **2,48 % жоғары**, ал **асып түсу ықтималдығы 38,1 %** деңгейінде болды.

✚ **Есіл өз. - Долматово а.** 1970-2023 жылдар кезеңіндегі бақылаулардың деректері бойынша осы тұстамада су өтімінің орташа жылдық мәні тұтастай алғанда белгіленген көпжылдық норма шегінде ауытқиды, ол **72,3 м³/с** құрайды. Қаралып отырған кезеңдегі ең жоғарғы жылдық өтім 1983 жылы тіркелді және **148,1 м³/с** құрады, бұл ағын көлемінің ұлғаюымен сипатталатын алап суының **көп сулы фазасына** сәйкес келеді. Ағынның минималды мәні 1999 жылы байқалды - **16,2 м³/с**, бұл осы жылдың **су аз фазасына** жататындығына байланысты. **2023 жылы** өзеннің су мөлшері **орташа сулылық** деңгейінде

бағаланды: орташа жылдық су өтімі **60,8 м³/с** болып, көпжылдық нормадан **0,81 % төмен**, ал **асып түсу ықтималдығы 47,6 %** деңгейінде болды.



31 сурет — Орташа жылдық су өтімі ағынының өзгеру динамикасы

Жабай оз. - Атбасар қ. 1932-2023 жылдар аралығындағы Есіл өзенінің Атбасар қаласы тұстамасындағы орташа жылдық су өтімдерін талдау нәтижелері бойынша көпжылдық нормаға - **8,15 м³/с** қатысты **сулылықтың біршама артқан орташа айқын үрдісі** байқалады. Ең жоғары су өтімі 2017 жылы тіркеліп, **70,5 м³/с** құрады; бұл гидрометеорологиялық жағдайларға байланысты **сулылығы жоғары фазаға** сәйкес келеді. Ең төмен орташа жылдық су өтімі 1999 жылы байқалып, **0,97 м³/с** болды; бұл жыл су ағымының азаюымен сипатталатын **сулылығы төмен фазаға** жатады. **2023 жылы** өзеннің су мөлшері бұл тұстамада **сулылығы жоғары** деңгейде бағаланды: орташа жылдық су өтімі **20,7 м³/с** болып, белгіленген нормадан **153,9 % жоғары**, ал **асып түсу ықтималдығы 3,6 %** деңгейінде болды.

Калкұтан оз. - Калкұтан а. 1932-2023 жылдар аралығындағы Калкұтан өзенінің Калкұтан ауылы тұстамасындағы орташа жылдық су өтімдері графигін талдау нәтижелері бойынша **сулылықтың төмендеуінің тұрақты үрдісі** анықталды, бұл тренд сызығының бағытымен расталады. Көпжылдық орташа жылдық су өтімінің нормасы **7,92 м³/с** құрайды. Зерттеліп отырған кезеңдегі ең төмен орташа жылдық су өтімі 1977 жылы тіркеліп, **0,10 м³/с** болды; бұл жыл Есіл алабының гидрологиялық режиміндегі **сулылығы төмен фазаға** жатады, ол су мөлшерінің фазаларын талдау нәтижелерімен анықталған. Ең жоғары су өтімі 2002 жылы байқалып, **33,3 м³/с** құрады; бұл **сулылығы жоғары фазаға** тән кезеңге сәйкес келеді және су ағынының ұлғаюымен сипатталады. **2023 жылы** өзеннің су мөлшері көрсетілген тұстамада **сулылығы ортадан жоғары** деңгейде қалды: орташа жылдық су өтімі **8,19 м³/с** болып, белгіленген нормадан **3,4 % жоғары**, ал **асып түсу ықтималдығы 36,6 %** деңгейінде болды.

1.1.6 Шу-Талас алабының жалпы, жергілікті су ресурстары мен ағынының жағдайы мен динамикасын талдау

Шу-Талас су шаруашылық алабы құрамына Шу, Талас және Ассы өзендері кіреді. Алап Қазақстан Республикасының Жамбыл облысының түгелін және Оңтүстік Қазақстан

облысының бір бөлігін қамтиды. Шу мен Талас өзендерінің су жиналу алаптарының жер бедері күрделі және алуан түрлі: оңтүстік-шығыс бөлігі - Солтүстік Тянь-Шаньның тау жоталары мен тауаралық ойпаттары, ал солтүстік-батыс бөлігі - Мойынқұм құмдары мен Бетпақдала шөлі орналасқан жазық және ойпатты аумақтар болып табылады.

Аталған аумақтың таулы бөлігі ағын судың қалыптасу аймағы болып табылады және ол аумақтың оңтүстік және оңтүстік-шығыс бөліктерін алып жатыр, бұл жалпы аумақтың шамамен 40 % құрайды. Аумақтың орталық және солтүстік-батыс бөліктері ағын судың шашырау және тепе-теңдік аймағына жататын таубөктеріндегі жазықтар мен шөлдермен қамтылған [15].


Шу өзенінің алабы Ыссык-Көл ойысының батысында орналасқан және Солтүстік Тянь-Шаньдағы ең ірі өзендердің бірі болып табылады. Алаптың жоғарғы бөлігінің рельефі Джумгол, Қарақокты, Байдулы, Қарақуджур жоталарының терең ойылып кеткен беткейлерімен, сондай-ақ Кочкор ойысындағы шеттерін құрайтын Қырғыз жотасының шығыс және Теріскей-Алатооның Батыс ұшымен, Кочкор ойпатының бүйірлерін құрайды. Мұнда ежелгі денудациялық беткейлер кең таралған, олар беткейлік ағынды баяулатады. Кочкор және Ортотокой ойпаттарынан өтіп, Шу өзені Боом шатқалымен Кунгей мен Кемин жоталарының Батыс ұштарына соғылып, өтіп бара жатып, Чон-Кемин өзенінің сағасынан төмен батыс бағытта ашық және кеңейіп жатқан Шу ойпатына тап болады.

Шу өзенінің жалпы ұзындығы (Қарақожур өзенін қоса алғанда) шамамен 1100 км; алаптың ауданы-148 мың шаршы км. Жамбыл облысының аумағы бойынша ол 500 км-ге жуық ағады; ені 40 - тан 100 м - ге дейін, төменгі ағысында-10-50 м дейін жетеді.

Шу және Талас өзендерінің су жиналатын алаптарының жер бедеріндегі өзгерістер өзен ағысының қалыптасуына әсер етеді. Таулы аймақ өзен ағынының қалыптасу аймағы болып табылса, ал жазық жерлерде ағынның өзгеруі және оның әртүрлі буындары арасында қайта бөлінуі, булану және суару өтімдері орын алады. Бірқатар жайылмалар өзеннің біртіндеп оңтүстік-шығысқа шегініп бара жатқанын көрсетеді. С. С. Неуструевтің деректері бойынша, бұрын Шу өзені Сырдарияға құйған, кейін Асқазансор тұзды батпақтарына дейін шегінген, одан соң Текей жайылмаларында жоғала бастаған, ал қазіргі уақытта ол Сырдариядан 300 км шығыста орналасқан Қамқалин көлдері маңында тартылып қалады.

Талас өзенінің алабы оңтүстігінде Талас Алатау жотасымен, ал оңтүстік-батысында Қаратау жотасымен шектеледі. Шу өзенінің алабының солтүстік-шығысында орналасқан ол Қырғыз жотасының жотасымен бөлінеді, ал жазық бөлігінде осы алаптардың суайрық сызығы құмдар арқылы өтеді. Талас Алатауы мен Қырғыз жотасының арасында Талас аңғары орналасқан.

Қарастырылып отырған аумақта барлығы 8 822 өзен қалыптасқан, олардың жалпы ұзындығы 38 486 км-ге тең. Шу және Талас өзендері алаптары өзендерінің жалпы ұзындығы 38 500 км-ді құрайды, өзен торабының орташа жиілігі - 0,45 км/км², еңіс мөлшері кең аралықта (2-200 %) өзгереді. Негізгі өзен - Шу өзені, оның алап аумағы (төменгі ағысында ағынсыз аймақтарды қоса алғанда) 67 500 км². Бұл өзендер мұхитқа құймайтын өзен жүйесіне жатады және Арал теңізі алабына кіреді. Аталған жүйе Шу, Талас, Ассы өзендерінің алаптарын және Қаратау жотасының солтүстік беткейінен ағатын өзендерді біріктіреді.



32 сурет – Шу-Талас США физика-географиялық картасы

Зерттелетін аумақ өзен желісінің алуан түрлілігімен сипатталады: тұрақты ағындар, құрғақ өзендер - сай, аллювиалды жазықтардың құрғақ арналары, сондай-ақ табиғи су арналарының белгілерін иеленген жасанды су нысандары (арналар).

Шу-Талас алаптың өзендері бойынша негізгі гидрографиялық сипаттамалар 11-кестеде, ал су қоймалары жөніндегі мәліметтер 12-кестеде келтірілген.

11 кесте - Шу-Талас США ірі өзендерінің негізгі гидрографиялық сипаттамалары.

Ағын су атауы	Қайда құяды	Сағадан қашықтығы, км	Ағын су ұзындығы, км	Су жинау ауданы, км ²
Шу өз.	-	846	1186/800	67500
Қарақоңыз өз.	Шу өз (о)	12		490
Қурағаты өз.	Шу өз (с)	78	184	7430
Ақсу өз.	Шу өз (с)	17	155	483
Талас өз.	-	458	558	8900
Асса өз.	-	252	317	9210
Куркуреусу өз.	Асса өз. (о)	252		2700
Теріс өз.	Асса өз. (с)	31	70	1070
Мерке өз.	Қурағаты өз. (о)	54		50,5


12 кесте - Шу-Талас США су қоймалары туралы мәліметтер және олардың негізгі параметрлері.

№	Су қойма	Құрылу және сумен толтыру кезеңі	Толық / пайдалы көлемі, млн.м ³	Теңіз деңгейінен биіктігі, м	Режим	Ауданы, км ²	Ұзындығы / ені, км
1	Тасөткел	1974	620	499	-	78	18/8,5
2	Теріс-Ащыбұлақ	1962	245	948	-	-	9,2/1,7

Шу өзені. 34-суретте келтірілген су өтімдерінің динамикасын талдау негізінде, 1936-2023 жылдар аралығындағы бақылау кезеңінде Шу-Талас су шаруашылығы алабының негізгі бекеттеріндегі орташа жылдық су өтімдерінің көпжылдық өлшемде азаю үрдісі байқалатыны туралы қорытынды жасауға болады.


Шу-Талас су шаруашылығы алабы аумағындағы жылдық ағынның ауытқуларын сипаттау үшін шартты түрде табиғи деп есептелетін келесі су ағындары бойынша мәліметтер пайдаланылды: Шу өзені - Қайнар ауылы, Талас өзені - Жасөрген ауылы, Ассы өзені - Маймақ теміржол станциясы.

Шу-Талас өзендерінің жылдық ағындарының айырымдылық-интеграл қисықтарын талдау (бақылау бекеттері бойынша: Шу өз. - Қайнар а, Талас өз. - Жасөрген а, Ассы өз. - Маймақ тж.ст.) су молдылығының екі негізгі фазасының - **көпсулы және азулы кезеңдердің** бар екенін, олардың әрқайсысының өз ішінде ұсақ циклдері бар екенін анықтауға мүмкіндік берді.



33 сурет – 1936-2023 жылдар аралығындағы орташа жылдық су өтімінің айырымдылық-интеграл қисықтары.

Сулылығы аз кезеңдер 1936 жылдан 1948 жылға дейін, кейін 1974 жылдан 2001 жылға дейін, 2007-2009 жылдары және қайтадан 2013-2015, сондай-ақ 2019-2023 жылдары байқалады, бұл кезеңдерге жылдық ағынның тұрақты төмендеуі тән. Олардың арасында көпсулы фазалар анық көрінеді: 1949-1973, 2002-2006, 2010-2012 және қайтадан 2016-2018 жылдары, бұл кезеңдерде ағын көлемінің ұлғаюы байқалып, ол неғұрлым қолайлы гидрометеорологиялық жағдайлармен байланысты. Аталған фазалар Шу-Талас өзендерінің негізгі бекеттері бойынша жылдық ағынның айырымдылық-интеграл қисықтарында (33-сурет) айқын көрініс табады, бұл өзен алабында су молдығының тұрақты циклдік ауытқуларының бар екенін көрсетеді.



34 сурет – Орташа жылдық су өтімі ағынының өзгеру динамикасы

✚ **Шу өз. - Қайнар а.** 1936-2023 жылдар аралығындағы кезеңде Шу өзенінің Қайнар ауылы тұсындағы орташа жылдық су өтімдерінің графигін талдау нәтижесінде су молдылығының төмендеуінің тұрақты үрдісі анықталды, бұл тренд сызығының бағытымен дәлелденеді. Жылдық ағынның көпжылдық нормасы **57,5 м³/с** құрайды. Зерттеліп отырған кезеңдегі орташа жылдық су өтімінің ең төменгі мәні 1977 жылы тіркелген - **28,7 м³/с**, бұл жыл Шу-Талас алабының гидрологиялық режиміндегі **азсулы фазаға** жататынын көрсетеді. Ең жоғары су өтімі 1969 жылы байқалған және ол **100 м³/с** болған, бұл кезең **көпсулы фазаға** сәйкес келеді және ағын көлемінің артуымен сипатталады. **2023 жылы** көрсетілген бекеттегі өзеннің су молдылығы **төмен деңгейде сақталған**: орташа жылдық су өтімі **45,7 м³/с** құрап, белгіленген нормадан **20,5 % төмен** болған, ал асып түсу ықтималдығы **79,9 %** деңгейінде бағаланды.


✚ **Талас өз. - Жасөркен а.** 1936-2023 жылдар аралығындағы кезеңде Талас өзенінің Жасөркен ауылы тұсындағы орташа жылдық су өтімдерінің графигін талдау нәтижесінде су молдылығының төмендеуінің тұрақты үрдісі анықталды, бұл тренд сызығының бағытымен расталады. Жылдық ағынның көпжылдық нормасы **30,8 м³/с** құрайды. Қаралып отырған кезеңдегі орташа жылдық су өтімінің ең төменгі мәні 2015 жылы тіркелген - **11,8 м³/с**, бұл жыл алабының гидрологиялық режиміндегі **азсулы фазаға** жататынын көрсетеді. Ең жоғары су өтімі 2016 жылы байқалған және ол **44,7 м³/с** болған, бұл ағынды сулардың жоғарылауымен сипатталатын **көп су фазасының** кезеңіне сәйкес келеді. **2023 жылы** көрсетілген бекеттегі өзеннің су молдылығы **төмен деңгейде сақталған**: орташа жылдық су өтімі **13,1 м³/с** құрап, белгіленген нормадан **57,5 % төмен** болған, ал асып түсу ықтималдығы **99,9 %** деңгейінде бағаланды.

✚ **Асса өз. - Маймак тж.ст.** 1936-2023 жылдар аралығындағы кезеңде Ассы өзенінің Маймак теміржол станциясы тұсындағы орташа жылдық су өтімдерінің графигін талдау нәтижесінде су молдылығының тұрақты үрдісі анықталды, бұл тренд сызығының бағытымен дәлелденеді. Жылдық ағынның көпжылдық нормасы **11,7 м³/с** құрайды. Зерттеліп отырған кезеңдегі орташа жылдық су өтімінің ең төменгі мәні 1980 жылы тіркелген - **5,48 м³/с**, бұл жыл алабының гидрологиялық режиміндегі **азсулы фазаға** жататынын көрсетеді. Ең жоғары су өтімі 1969 жылы байқалған және ол **24,9 м³/с** болған, бұл кезең **көпсулы фазаға** сәйкес келеді және ағын көлемінің артуымен сипатталады. **2023**

жылы көрсетілген бекеттегі өзеннің су молдылығы орташа төмен деңгейде сақталған: орташа жылдық су өтімі $9,78 \text{ м}^3/\text{с}$ құрап, белгіленген нормадан $16,4 \%$ төмен болған, ал асып түсу ықтималдығы $69,5 \%$ деңгейінде бағаланды.

1.1.7 Нұра-Сарысу су шаруашылық алабы

Нұра-Сарысу США Нұра және Сарысу өзендерінің алаптары кіреді (сурет 35). Алаптың жалпы ауданы $290\,210 \text{ км}^2$, оның ішінде облыстар бойынша: Ақмола – $16\,028,8 \text{ км}^2$, Қарағанды – $26\,461,6 \text{ км}^2$, Қызылорда – $4\,655 \text{ км}^2$, Оңтүстік Қазақстан – 491 км^2 . Алап аумағы тұйық ағынды аймаққа жатады. Оның аумағына Теңіз-Қорғалжын ойпаты және Нұра, Құланөтпес өзендері мен басқа да тұйық көлдерге – Теңіз, Қорғалжын, Керей, Қыпшақ, Көкқакөл және т.б. құятын өзендердің алаптары кіреді. Сондай-ақ бұл аймақ Сырдария өзенінің алабына қарай бағытталған Сарысу өзенін де қамтиды.



35 сурет – Нұра-Сарысу су шаруашылығы алабының физика-географиялық картасы

Нұра өзені Қарағанды облысындағы Қазақтың ұсақ шоқыларының батыс бөлігінен, теңіз деңгейінен $1100\text{--}1200 \text{ м}$ биіктікте бастау алады және Қорғалжын көлдер жүйесі арқылы өтіп, Ақмола облысының аумағында орналасқан тұйық Теңіз көліне (теңіз деңгейінен 340 м) құяды. Өзеннің су жиналу алабының ауданы $60\,800 \text{ км}^2$ (Жарлы өзенінің тұйық алабынсыз – $55\,100 \text{ км}^2$), оның ішінде тұйық аймақтар $6\,500 \text{ км}^2$ немесе жалпы алаптың 12% -ын құрайды. Өзеннің ұзындығы – 978 км , жалпы құлама биіктігі – 756 м ,

орташа еңістігі – 0,77 м/км, өзен торының тығыздығы – 0,16 км/км². Алаптың ең ірі салалары: Шерубайнұра (250 км), Ақбастау (83 км), Матақ (54 км), Ащысу (86 км), Соқыр (102 км), Үлкенқұндызды (115 км), Есен (85 км) және басқа да өзендер. Есіл өзенімен суайырығы айқын білінбейді.

Сарысу өзені Жақсы-Сарысу мен Жаман-Сарысу өзендерінің қосылуынан түзіледі. Ол Телекөл көліне құяды. Өзеннің ұзындығы қосылған жерінен бастап 761 км деп есептеледі, бірақ бұл ұзындық тұрақты емес және суы аз немесе мол жылдарға байланысты өзгеріп отырады. Өзен алабының ауданы 81 600 км². Орташа еңістігі 0,62 ‰, су жиналу алабының орташа биіктігі 490 м. Өзеннің гидрографиялық ұзындығы әлдеқайда үлкен. Егер өзеннің бастауы ретінде Жаман-Сарысу өзенінің оң жақ тармағы - Қайрақты өзенін алсақ, онда өзен жүйесінің жалпы ұзындығы 950 км-ден асады [4].

Нұра-Сарысу СІА су ағымына бақылау жүргізілетін негізгі өзендер - Нұра, Шерубайнұра, Сарысу және Қаракеңгір өзендері болып табылады. Қазақстан Республикасының аумағындағы Нұра және Сарысу өзендерінің ағын өзгерісін бағалау бойынша талдау негізгі өзен алаптары мен олардың бөліктері бойынша су ресурстарының қор деректері кестелерінің тізіміне сәйкес жүргізілді.

13 кесте - Нұра-Сарысу СІА алабындағы ірі өзендердің негізгі гидрографиялық сипаттамалары

Ағын су атауы	Қайда құяды	Сағадан қашықтығы, км	Ағын су ұзындығы, км	Су жинау алабы, км ²
Жаман-Сарысу өз.	Сарысу өз. (с.ж.)	761	155	9200
Жақсы-Сарысу өз.	Сарысу өз. (о.ж.)	761	113	3510
Қаракеңгір өз.	Сарысу өз. (о.ж.)	384	295	18400
Талдыманаға өз.	Сарысу өз. (с.ж.)	706	158	3950
Ақтасты өз.	Сарысу өз. (о.ж.)	735	58	1060
Атасы өз.	Сарысу өз. (с.ж.)	705	177	5920
Сүртісу өз.	Сарысу өз. (о.ж.)	604	104	6300
Сарыкеңгір өз.	Сарысу өз. (с.ж.)	138	143	3880
Жыланды өз.	Қаракеңгір өз. (о.ж.)	88	100	2860
Жезді өз.	Қаракеңгір өз. (о.ж.)	26	91	3850
Қарағанды өз.	Қаракеңгір өз. (о.ж.)	203	54	721
Көктас өз.	Құмға сіңіп жоғалады	-	142	6560

Сарысу өзені алабында жалпы ауданы 231 км² болатын 20 көл мен су қоймасы бар. Көлдер таяз, тұзды және көбінесе жаздың соңына қарай кебеді. Көл қазаншұңқырларының пішіні көбінесе дөңгелек немесе оларды қоректендіретін негізгі өзен арнасының бағытымен созыла орналасқан. Су қоймаларының саны туралы мәліметтер 14-кестеде келтірілген.

14 кесте - Нұра-Сарысу СІА су қоймалары туралы мәліметтер


Су қойма	Су қойма құрылған орын немесе ағын су	Сағадан қашықтығы, км	Пайдалануға берілген жыл	Су айдынының алабы, км ²	Жобалық сыйымдылығы, млн. м ³	
					Толық	Пайдалы
Қаракеңгір	Қаракеңгір өз.	62,0	1952	37,3	319	311
Жезді	Жезді өз.	25,0	1968	17,6	76,0	72,5
Ақтасты	Ақтасты өз.		1981	15,7	77,0	65,3
Чкалов	Қарағанды өз.		1964		6,45	5,5

Нұра-Сарысу СІА өзендердің гидрологиялық режимі және су режимінің фазалары

Нұра-Сарысу су шаруашылығы алабында жылдық ағынның тербелісін сипаттау үшін келесі өзендердің мәліметтері қолданылды, олардың ағысы шартты түрде табиғи деп есептеледі: Нұра өзені - Балықты теміржол станциясы, Нұра өзені - Р. Қошқарбаев ауылы,

Шерубайнұра өзені - Қарамұрын аңғарлығы, Сарысу өзені - № 189 аңғарлығы, Қаракөңгір өзені - Жыланды өзенінің сағасынан 12 км жоғары.


Нұра, Шерубайнұра және Сарысу өзендерінің жылдық ағынының айырымдылық-интеграл қисықтарын талдау (бақылау бекеттері: Балықты теміржол станциясы, Қошқарбаев ауылы, Қарамұрын аңғарлығы және №189 аңғарлығы) **екі негізгі су фазасының – суы мол және суы аз кезеңдердің** бар екенін анықтауға мүмкіндік берді, олардың әрқайсысында кіші циклдер кездеседі (сурет 36). Нұра және Шерубайнұра өзендерінде суы аз кезеңдер 1932-1947 жж., 1950-1953 жж., 1962-1976 жж., 1993-2000 жж., 2004-2013 жж. және қайтадан 2021-2023 жж. аралығында байқалады, бұл кезеңдерге жылдық ағынның тұрақты төмендеуі тән. Сарысу өзенінде суы аз кезеңдер 1932-1940 жж., 1950-1953 жж. байқалды, кейін 1962-2001 жж. және 2004-2015 жж. аралығында көпжылдық суы аз кезең басталады. Олардың арасында суы мол фазалар байқалады: 1947-1950 жж., 1954-1961 жж., 1990-1992 жж., 2001-2003 жж., 2014-2020 жж., ал Сарысу өзенінде 1941-1950 жж., 1954-1961 жж., 2016-2021 жж. аралығында байқалады, бұл кезеңдер қолайлы гидрометеорологиялық жағдайларға байланысты ағын көлемдерінің артуымен сипатталады. Бұл фазалар жылдық ағынның айырымдылық-интеграл қисықтарында айқын көрінеді (сурет 36). Нұра мен Шерубайнұра өзендерінің негізгі бақылау бекеттері бойынша, бұл алапта су режимінің тұрақты циклдік тербелістерінің бар екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.



36 сурет – 1932-2023 жж. аралығындағы судың орташа жылдық ағынының айырымдылық-интеграл қисығы

Жыланды өзенінің сағасынан 12 км жоғары орналасқан Қаракөңгір өзенінің жылдық ағынының айырымдылық-интеграл қисығын талдау (сурет 37) су режимінің ауыспалы фазаларының бар екенін және ағынның көпжылдық тербелістермен сипатталатынын көрсетті. Зерттелген кезеңде екі негізгі су фазасы анықталды: суы көп және суы аз кезеңдер, олардың әрқайсысына қысқа мерзімді кіші циклдер кіреді. Көп сулы фазалар 1940-1943 жж., 1947-1949 жж., 1969-1973 жж., 1975-1989 жж., 2001-2005 жж. және 2014-2018 жж. аралығында байқалды, бұл жылдары жылдық ағын көлемдерінің жоғары болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, суы аз фазалар 1932-1939 жж., 1943-1949 жж., 1950-1968 жж.,


1997-2001 жж., 2006-2013 жж. және қайтадан 2019-2023 жж. аралығында байқалды, бұл кезеңдерде ағын көлемі қалыпты деңгейден төмен болды (сурет 37).



37 сурет — 1932-2023 жж. аралығында Жыланды өз. сағасынан 12 км жоғары орн. Каракентгір өз. орташа жылдық су өтімінің айырымдылық-интеграл қисығы

Нұра және Сарысу өзендері ағынының өзгерісін бағалау негізгі өзен алаптары мен олардың бөліктері бойынша су ресурстарының қор кестелерінің тізіміне сәйкес негізгі бақылау бекеттері бойынша жүргізілді.

Нұра өзені. Ағынның өзгеру динамикасын талдау 1932 жылдан бастап ағынның өсу тенденциясы байқалатынын көрсетеді, бұл климат өзгерістерінің әсерімен байланысты.




38 сурет — Судың орташа жылдық су өтімінің өзгеру динамикасы

Нұра өз. - Балықты т.ж. ст. Көпжылдық кезең үшін жылдық ағын нормасы **7,47 м³/с-қа** тең. 1932-2023 жж. аралығындағы деректерге сәйкес орташа жылдық ағын мәндерінің өсу тенденциясы байқалады. Аталған кезеңде ең жоғары су өтімі мәні 42,2 м³/с (2015 ж.), ең төменгі мәні 0,36 м³/с (1936 ж.) болды. Бұл бақылау бекетінде 2023 жылы өзен ағыны **орташа төмен сулылыққа** сәйкес келді, яғни асып кету ықтималдығы **61,9 %** құрады.

✚ **Нұра өз. - Р. Қошқарбаев а.** Көпжылдық кезең үшін жылдық ағын нормасы 20,6 м³/с-қа тең. 1932-2023 жж. аралығындағы деректерге сәйкес орташа жылдық ағын мәндерінің айқын өсу тенденциясы байқалады. Аталған кезеңде ең жоғары ағын мәні 108,46 м³/с (2017 ж.), ең төменгі мәні 1,44 м³/с (1939 ж.) болды. Бұл бақылау бекетінде 2023 жылы өзен ағыны **орташа төмен сулылыққа** сәйкес келді, яғни асып кету ықтималдығы **78,5 %** құрады.

✚ **Шерубайнұра өз. - Қарамұрын раз.** Көпжылдық кезең үшін жылдық ағын нормасы 5,23 м³/с-қа тең. 1932-2023 жж. аралығындағы деректерге сәйкес ағын норманың шегінде қалыпты деңгейде сақталған. Аталған кезеңде ең жоғары ағын мәні 20,9 м³/с (2017 ж.), ең төменгі мәні 0,40 м³/с (1975 ж.) болды. Бұл бақылау бекетінде 2023 жылы өзен ағыны **орташа төмен сулылық** режиміне сәйкес келді, яғни асып кету ықтималдығы **63,9 %** құрады.



39 сурет — Судың орташа жылдық су өтімінің өзгеру динамикасы


✚ **Сарысу өз. - №189 разьезі.** Көпжылдық кезең үшін жылдық ағын нормасы 2,71 м³/с-қа тең. 1932-2023 жж. аралығындағы деректерге сәйкес орташа жылдық ағын мәндерінің орташа дәрежеде өсу тенденциясы байқалады. Аталған кезеңде ең жоғары су өтімі мәні 29,3 м³/с (2015 ж.), ең төменгі мәні 0,02 м³/с (2012 ж.) болды. Бұл бақылау бекетінде 2023 жылы өзен ағыны **орташа сулылыққа** сәйкес келді, яғни асып кету ықтималдығы **43,18 %** құрады.

✚ **Қаракеңгір өз. - Жыланды өз. сағасынан 12 км жоғары.** Көпжылдық кезең үшін жылдық ағын нормасы 3,85 м³/с-қа тең. 1932-2023 жж. аралығындағы деректерге сәйкес орташа жылдық ағын мәндерінің төмендеу тенденциясы байқалады. Аталған кезеңде ең жоғары су өтімі мәні 19,4 м³/с (1949 ж.), ең төменгі мәні 0,01 м³/с (1999 ж.) болды. Бұл бақылау бекетінде 2023 жылы өзен ағыны **орташа сулылық** санатына сәйкес келді, яғни асып кету ықтималдығы **67,34 %** құрады.

1.1.8 Тобыл-Торғай США

Тобыл-Торғай США Тобыл, Торғай және Ырғыз өзендерінің алаптары кіреді. Оның құрамына Ақмола, Ақтөбе, Қарағанды және Қостанай облыстарын қамтитын Қазақстан Республикасының солтүстік, орталық және батыс бөліктерінің аумақтары кіреді. Алабтың

жалпы ауданы 347 679,5 км² құрайды, оның ішінде: Ақмола облысы – 16 883 км², Ақтөбе облысы – 95 365,3 км², Қарағанды облысы – 60 236,2 км², Қостанай облысы – 190 389,7 км².



40 сурет – Тобыл-Торғай СҰА физико-географиялық картасы

Алап шекаралары келесідей белгіленген: шығыста – Есіл өзені алабынан бөлетін суайрық сызығы; оңтүстікте – Нұра-Сарысу алабын бөліп тұратын Орталық Қазақстанның қыраттары; батыста – Арал-Сырдария алабына қарай созылған Торғай жазығы; солтүстікте – Ресей Федерациясымен мемлекеттік шекара.

Қазақстандағы барлық су шаруашылығы алабтарының ішінде Тобыл-Торғай алабы су ресурстары бойынша ең аз қамтамасыз етілген: олардың жалпы көлемі тек 2,9 км³ құрайды, оның шамамен 15 %-ы жер асты суларын құрайды. Жер үсті ресурстары келесідей үлестірілген: 33 % – көлдерде, 17 % – су қоймаларында және 35 % – өзен арналарында (40-сурет).

Тобыл өзені-Қазақстан мен Ресейдегі өзен, Ертіс өзенінің сол жақ және ең көп сулы саласы және Тобыл-Торғай су шаруашылығы алабының басты су артериясы. Тобыл-Торғай США-да 2023 жылғы «Жер үсті суларының режимі мен ресурстары туралы жыл сайынғы деректері» бойынша барлығы 25 гидрологиялық бекет бар [17]. Тобыл өзені Оңтүстік Оралдың шығыс сілемдерінің шекарасында Бозбие және Көкпектысай өзендерінің қосылуынан бастау алады. Өзеннің ұзындығы 1591 км, алаб ауданы 395 000 км² (Қостанай облысы шегінде - Обаған өзеніне құярга дейін тек өзеннің жоғарғы ағысы 682 км және оның 121 000 км² су жинау алабы қамтылады).

Торғай өзені Қостанай облысының оңтүстік-шығысында Жалдама және Қара-Торғай өзендерінің қосылуынан пайда болады, ал облыс шегінен тыс оң жағынан ең үлкен саласы - Ырғыз өзені қосылады. Өзеннің ұзындығы 662 км, Қара-Торғайдан есептегенде 946 км, су жинау алабының ауданы 134 000 км². Торғай өзені алабына Сарықопа көлі де кіреді.

15-кестеде Тобыл және Торғай өзендері мен олардың салаларының гидрографиялық сипаттамалары туралы негізгі мәліметтер берілген.

15 кесте - Тобыл және Торғай өзендері алабының және оның салаларының негізгі гидрографиялық сипаттамалары

Ағын су атауы	Қайда құяды	Сағадан қашықтығы, км	Ағын су ұзындығы, км	Су жинау алабының ауданы, км ²
Аят өз.	Тобыл өз. (с)	1275	94/117	4500/13300
Тоғызак өз.	Үй өз. (о)	-	131/246	3120/8860
Желқуар өз.	Тобыл өз. (с)	1418	152	5100
Обаған өз.	Тобыл өз. (о)	909	376*	27300
Үй өз.	Тобыл өз. (с)		462	34400
Синташты өз.	Тобыл өз. (с)	1418	52/145	1900/5100
Қамыстыаят өз.	Аршағлы -Аят өз. (с)	-	46	2990
Қарасу өз.	к. Қарасор	-	60	717
Алабуга өз.	Тобыл өз. (о)	882	60	882
Қара-Торғай өз.	Торғай өз. (с)		284	15500
Сарыторғай өз.	Қара-Торғай өз. (с)		123	
Ырғыз өз.	Торғай өз. (о)		593	31600

16 кесте - Тобыл-Торғай су шаруашылығы алабындағы су қоймалары туралы мәліметтер


Су қойма	Су бөгетінің Тобыл өзенінің сағасынан қашықтығы, км	Пайдалануға берілген жыл	Су айдынының ауданы, км ²	Жобалық сыйымдылық, млн. м ³	
				толық	пайдалы
Желқуар		1965	7,7	34,0	30,0
Амангелді	1210	1967	4,16	6,75	6,22
Сергеевск	1227	1959	0,20	3,68	3,66
Қаратомар	1245	1966	94,0	586	562
Қызылжар	1329	1971	2,98	9,73	7,66
Жоғарыға Тобыл	1344	1971	87,4	817	781

Тобыл-Торғай США өзендердің гидрологиялық режимі және сулылық фазалары

Тобыл-Торғай США аумағында жылдық ағынның тербелістерін сипаттау үшін шартты түрде табиғи деп есептелетін төмендегі өзендердің деректері қолданылды: Тобыл өз. - Гришенка а., Тобыл өз. - Қостанай қ., Аят өз.- Варваринка а., Тоғызак өз. - Тоғызак а., Қара-Торғай өз. - Үрпек а., Ырғыз өз. - Шеңбертал а.


Тобыл, Торғай және Тоғызак өзендерінің (Тобыл өз. - Гришенка а., Тобыл өз. - Қостанай қ., Аят өз. - Варваринка а., Тоғызак өз. - Тоғызак а., Ырғыз өз. - Шеңбертал а.) жылдық ағынның айырымдылық-интеграл қисықтарын талдау екі негізгі сулылық фазасының - суы көп және суы аз кезеңдердің - болуын анықтауға мүмкіндік берді, әрқайсысында кіші циклдер байқалады.

Сулылығы аз кезеңдер 1931-1940, 1948-1956, 1958-1969, 1972-1989, 1990-1993, 1996-1999, 2008-2012 және 2018-2023 жылдары байқалады, бұл жылдық ағынның тұрақты төмендеуімен сипатталады. Олардың аралығында суы көп кезеңдер байқалады: 1941-1947, 1956-1958, 1970-1972, 1993-1995, 2000-2007 және 2013-2017 жылдары, бұл кезеңдерде ағын көлемінің ұлғаюы байқалады, ол қолайлы гидрометеорологиялық жағдайлармен байланысты. Аталған фазалар Тобыл-Торғай алабының негізгі бекеттеріндегі жылдық ағынның айырымдылық-интеграл қисықтарында айқын көрінеді (41 сурет), бұл сулылықтың тұрақты циклдік тербелістерінің бар екенін көрсетуге мүмкіндік береді.




41 сурет — 1931-2023 жылдар аралығындағы орташа жылдық су өтімінің айырымдылық-интеграл қисығы

Қара-Торғай өз. - Үрпек а. бекеттеріндегі жылдық ағынның айырмалық-интегралдық қисықтарына негізделе отырып, сулылықтың фазалық тербелістері анықталды, олар аз сулы және көп сулы кезеңдердің ауысуымен сипатталады. Сулылығы аз фазалар 1931-1940, 1943-1947, 1949-1952, 1966-1969 және қайтадан 1998-2014, 2023 жылдары байқалады, бұл кезеңдерде жылдық ағын көлемінің төмендеуі сиппаталады. Олардың аралығында сулылығы көп интервалдар тіркелген — 1940-1942, 1947-1949, 1969-1974, 1991-1993, 1995-1997 және 2015-2022 жылдары, бұл кезеңдерде гидрометеорологиялық жағдайлардың әсерінен сулылықтың артуы байқалады. Аталған сулылық тербелістері айырымдылық-интеграл қисықтарда айқын көрінеді (41 сурет), бұл Тобыл-Торғай алабтарының су ресурстары динамикасында тұрақты циклдердің бар екендігін көрсетеді.



42 сурет – 1931-2023 жылдар аралығындағы орташа жылдық су өтімінің айырымдылық-интеграл қисығы



43 сурет – Орташа жылдық су өтімінің өзгеру динамикасы


Тобыл өз. - Гришенка а. Орташа көпжылдық жылдық ағын мөлшері **7,07 м³/с** құрайды. 1931-2023 жылдар аралығындағы деректер бойынша орташа жылдық ағынның біртіндеп азаю үрдісі байқалады. Жоғарыда көрсетілген кезең бойынша ең жоғарғы су өтімі 27 м³/с (1941 ж.) және ең төменгісі 0,12 м³/с (1991 ж.) болған. Аталған гидрологиялық бекет бойынша 2023 жылы өзен ағынының деңгейі **орташа жоғары сулылыққа** сәйкес келген, яғни артық болу ықтималдығы **30,0 %** құрады.

Тобыл өз.- Қостанай қ. Көпжылдық кезең бойынша өзеннің орташа жылдық ағынының нормасы **11,9 м³/с** құрайды. 1931-2023 жылдар аралығындағы деректерге сәйкес, орташа жылдық ағын мәндерінің біршама төмендеу үрдісі байқалады. Аталған кезеңде ең жоғары су өтімі 64,5 м³/с (1942 ж.), ал ең төменгісі 0,93 м³/с (1979 ж.) болған. 2023 жылы өзен ағынының деңгейі **орташа жоғары сулылыққа** сәйкес келіп, артық болу ықтималдығы **34 %** құрады.

Аят өз. - Варваринка а. Көпжылдық кезең бойынша өзеннің орташа жылдық ағынының нормасы **6,065 м³/с** құрайды. 1931-2023 жылдар аралығындағы деректерге сәйкес, орташа жылдық ағын шамаларының біршама төмендеу үрдісі байқалады. Аталған кезеңде ең жоғары су өтімі 20 м³/с (1941 ж.), ал ең төменгісі 0,81 м³/с (2015 ж.) болған. 2023

жылы өзен ағынының деңгейі **орташа сулылыққа** сәйкес келіп, артық болу ықтималдығы **46 %** құрады.

Тоғызақ өз. - Тоғызақ а. Көпжылдық кезең бойынша өзеннің орташа жылдық ағынының нормасы $2,775 \text{ м}^3/\text{с}$ құрайды. 1931-2023 жылдар аралығындағы деректерге сәйкес, орташа жылдық ағын шамаларының біршама төмендеу үрдісі байқалады. Аталған кезеңде ең жоғары су өтімі $10,7 \text{ м}^3/\text{с}$ (1947 ж.), ал ең төменгісі $0,26 \text{ м}^3/\text{с}$ (1936 ж.) болған. 2023 жылы өзеннің ағыны төмен сулылығына тән болып, артық болу ықтималдығы **80 %** деңгейінде анықталды.



44 сурет – Орташа жылдық су өтімің өзгеру динамикасы

Қара-Торғай өз. - Үрпек а. Көпжылдық кезеңдегі жылдық ағын нормасы **$10,012 \text{ м}^3/\text{с}$** тең. 1931-2023 жж. деректері бойынша орташа жылдық ағын шамаларының әлсіз төмендеу үрдісі байқалады. Аталған кезең ішінде ең жоғарғы ағын өтімі $26,3 \text{ м}^3/\text{с}$ (1948 ж.), ал ең төменгісі - $0,74 \text{ м}^3/\text{с}$ (1968 ж.) болған. 2023 жылы бұл гидрологиялық бекетте өзен ағыны **орташа сулылыққа** сәйкес келді, яғни қамтамасыз етілу ықтималдығы **57,0 %** болды.

Ырғыз өз. - Шеңбертал а. Көпжылдық кезеңдегі жылдық ағын нормасы **$8,45 \text{ м}^3/\text{с}$** тең. 1931-2023 жж. деректері бойынша орташа жылдық ағын шамаларының әлсіз төмендеу үрдісі байқалады. Аталған кезең ішінде ең жоғарғы ағын өтімі $41,5 \text{ м}^3/\text{с}$ (1941 ж.), ал ең төменгісі - $0,1 \text{ м}^3/\text{с}$ (2021 ж.) болған. 2023 жылы бұл гидрологиялық бекетте өзен ағыны **орташа төмен сулылыққа** сәйкес келді, яғни қамтамасыз етілу ықтималдығы **65 %** болды.


1.2 Қазақстан Республикасындағы жалпы, жергілікті су ресурстарының және ағынның жылдық жағдайы мен динамикасын талдау

Қазақстан Республикасы Орталық Азиядағы ең аз су қорымен қамтамасыз етілген мемлекеттерге жатады. Қазақстандағы су тапшылығы мәселесінің өзектілігі қолжетімді су ресурстарының шектеулігіне, олардың аймақ бойынша әркелкі таралуына және уақыт бойынша айтарлықтай өзгергіштігіне байланысты. Егер өзен ағыны туралы айтсақ, оның бағытталған өзгерістері тек климаттық факторлармен ғана емес, сонымен қатар антропогендік өзгерістермен де анықталады.

Осыған байланысты республика аумағындағы жаңартылатын су ресурстарының таралу заңдылықтарын зерттеу, таза судың басты көзі болып табылатындықтан, өте өзекті мәселе болып табылады. Соңғы жылдары жаңартылатын су ресурстарын бағалау мәселесі ерекше әлеуметтік және саяси сипатқа ие болды. Бұл Қазақстан Республикасының ғана емес, көршілес елдердің де халықтың, өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығының су тұтынуымен байланысты антропогендік факторлардың рөлі артқандығына, сондай-ақ жаһандық және аймақтық климаттың өзгеруіне байланысты [17].

Әдістеме. Өзен ағынының жылдық ресурстары Қазақстан аумағында қалыптасатын беткі сулар мен көршілес мемлекеттерден келетін ағындардың қосындысы ретінде анықталады, бұл есеп сегіз су шаруашылығы алаптары (США) аясында жүргізіледі. Есептеулер табиғи ағынды тіркейтін «Қазгидромет» РМК гидрологиялық станцияларының деректері бойынша немесе шаруашылық әсерлері болған жағдайда қалпына келтірілген мәндер бойынша жүргізілді.


Ағын нормасы бұрын сипатталғандай 1932-2007 жылдар аралығында анықталды, 45-суретте алаптар бойынша беткі су ресурстарының көпжылдық сипаттамалары көрсетілген.



45 сурет – Су шаруашылық алаптар мен Қазақстан Республикасы бойынша беткі су ресурстарының көпжылдық сипаттамалары

Жыл сайын жаңартылып отыратын су ресурстарының уақыт бойынша тербелістері циклдік сипатқа ие [4]. Ылғалды және құрғақ жылдардың ұзақ мерзімді кезеңдері әртүрлі ұзақтықтағы суы мол және суы аз жылдардың қатарларының (кезеңдерінің) болуына әсер етеді. Зерттелген уақыт аралығында өзен алаптарындағы су ресурстарының бақыланған мәндері ағын динамикасының климаттық циклдердің бір бағытты өзгерістерімен немесе шаруашылық қызметтің әсерімен бұзылуы мүмкін аралықтарды қамтиды [6].

46-суретте 1932-2023 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасының жалпы су ресурстарының динамикасы көрсетілген.



46 сурет – Қазақстан Республикасының 1936-2023 жж.кезеңі су ресурстарының динамикасы

1932-2023 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында су ресурстарының жалпы көлемінің тұрақты түрде төмендеу тенденциясы байқалады. Көпжылдық орташа өзен ағынының мәндері соңғы жылдардың нақты көрсеткіштерінен айтарлықтай жоғары. Негізгі факторларға климаттық өзгерістер (ауаның температурасын жоғарлауы, мұздықтардың деградациясы, қар қорының қысқаруы), ағынның маусымдық режимінің өзгеруі (жазғы ағынның қысқаруы кезінде қысқы және көктемгі ағын үлесінің артуы), сондай-ақ антропогендік әсердің өсуі жатады. Сондай-ақ шекаралас мемлекеттердегі су тұтынудың артуына байланысты трансшекаралық ағындардың қысқаруы маңызды рөл атқарады. Барлық аталып өткен процестер бірлесе отырып, су ресурстары тапшылығының артуына, салалар арасындағы бәсекелестіктің күшеюіне және су шаруашылығы мен экологиялық қауіпсіздікке байланысты тәуекелдердің ушығуына әкеледі.

1.2.1 Ертіс СІА 2023 жылғы су ресурстарын бағалау

ҚХР-нан алапқа келіп түсетін саласы ретінде Қара Ертіс өзенінің Боран ауылы тұстамасында бақылаудағы ағыны қабылданған. Көпжылдық кезең бойынша жылдық ағын нормасы **301 м³/с** немесе 9,49 км³/жыл құрайды. Зерттелген кезеңде ең төменгі ағын 1982 жылы тіркелген - 134 м³/с немесе 4,23 км³/жыл, ал ең жоғары ағын 1964 жылы - 478 м³/с немесе 15,1 км³/жыл болған. Аталған тұстамада **2023** жылы өзен ағыны **орташа төмен деңгейде** болды, асып түсу ықтималдығы - **70,8 %**, ал 2023 жылы орташа жылдық су өтімі **254 м³/с** құрап, белгіленген нормадан (301 м³/с) 15,6 % төмен болды.


СІА жергілікті ағыны, яғни ҚР аумағындағы су шаруашылық алабында (СІА) қалыптасатын жергілікті су ресурстары, алаптың ең су мол 5 ірі өзенінің тұрақты әрекет ететін суммалары бойынша байланыс теңдеуі арқылы бағаланады. Бұл өзендер негізінен беткі су ресурстарын анықтайды және барлық жергілікті су ресурстарының шамамен 70 %-ын құрайды. Аталған өзендерге: Қалжыр, Күршім, Бұқтырма, Үлбі және Оба жатады, олардың әрқайсысы үшін алдын ала табиғи ағын мәндері есептеледі.

Көпжылдық кезең бойынша жергілікті ағын көлемінің нормасы **852 м³/с** немесе **26,9 км³/жыл** құрайды. 1933-2023 жылдар аралығындағы бақылаулар кезеңінде ағын норманың шегінде байқалды. Аталған кезеңде ең жоғары ағын көлемі - 67,4 км³ (2013 ж.), ең төменгі

көлемі - 8,6 км³ (1951 ж.) болған. **2023** жылы жергілікті ағын **орташа сулылыққа** ие болып, асып түсу ықтималдығы **50,5 %** құрады.

17 кесте - Ертіс США 2023 жылғы су ресурстары, км³/жыл

США	Су ресурстарының көпжылдық сипаттамалары			2023 жылғы жылдық су ресурстары	
	орташа	Асып түсу ықтималдығы кезінде		мәні	Асып түсу ықтималдығы, %
		5%	95%		
Ертіс	36,4	59,9	19,2	33,2	50,5
Жергілікті ресурстар	26,9	46,0	13,4	25,2	50,0
Шектес мемлекеттерден келетін ағыс	9,5	13,9	5,80	8,01	70,8



47 сурет — Ертіс США 1933-2023 жж. кезеңі үшін өзен ағындысының жыл сайынғы ресурстары динамикасы

🌈 **Ертіс США жиынтық су ресурстары.** Көпжылдық кезең бойынша жалпы су ресурстары көлемінің нормасы **36,4 км³/жылды** құрайды. 1933-2023 жылдар аралығындағы кезеңде ағын көлемі норманың шегінде болғаны байқалады. Аталған кезеңде ең жоғары су ресурстары көлемі 78,9 км³ (2013 ж.), ал ең төменгісі - 14,7 км³ (1951 ж.) болған. 2023 жылы жалпы су ресурстары **орташа сулылыққа** ие болып, оның асып түсу ықтималдығы **50,5 %** құрады.

🌈 2023 жылға арналған Ертіс США гидрологиялық сипаттамаларын талдау бұл жылды **орташа сулы жыл** ретінде сипаттауға мүмкіндік береді. Ертіс өзені арқылы келетін трансшекаралық ағынның көлемі Боран ауылы тұстамасында көпжылдық орташа нормадан төмен болды, бұл өзен ағысының табиғи жылдық ауытқуына байланысты. Қазақстан Республикасының аумағында қалыптасқан жергілікті ағын негізінен ірі өзендер - **Қалжыр, Күршім, Бұқтырма, Үлбі және Оба** өзендері есебінен қалыптасып, олардың жиынтық мәндері нормативтік шектерде болды.

🌈 2023 жылы алаптың жалпы су ресурстарының көлемі көпжылдық кезеңге тән өзгергіштік шегінде болды және өңірдің әдеттегі климаттық жағдайларына сәйкес келді. Жалпы алғанда, есептік жылы гидрологиялық жағдай тұрақты сипатта болып, аномальды жоғары немесе төмен су деңгейлері байқалған жоқ.

1.2.2 Балқаш-Алакөл США 2023 жылғы су ресурстарын бағалау

Алапқа келіп түсетін ағынды ретінде Іле өзенінің Добын бекетінде бақылау нүктесіндегі ағыны алынды. Көпжылдық кезең үшін жылдық ағын нормасы **12,4 км³-қа** тең. 1930-2023 жж. аралығындағы деректерге сәйкес орташа жылдық ағын мәндерінің орташа дәрежеде төмендеу тенденциясы байқалады. Аталған кезеңде ең жоғары су өтімі мәні 642 м³/с (2016 ж.), ең төменгі мәні 287 м³/с (2014 ж.) болып, бұл су режимінің фазаларына сәйкес келеді. **2023 жылы** өзен ағыны **орташа төмен сулылық** санатына жатты, қамтамасыз ету деңгейі **73,4 %** болды.


США-тың жергілікті ағыны, яғни жергілікті су ресурстары бес ірі саланың - Шарын, Шілік, Қаратал, Лепсі және Тентек өзендерінің жалпы ағынымен байланыс теңдеуі бойынша бағаланады, олардың табиғи ағын мәндері алдын ала есептеледі.

Көпжылдық кезең үшін жергілікті ағын көлемінің нормасы **16,2 км³/жыл-ға** тең. 1930-2023 жж. аралығында оның көлемінің төмендеу тенденциясы байқалады. Ең жоғары көлем 2010 жылы тіркелген – 44,7 км³, ең төменгісі 1933 жылы – 8,45 км³ болды. 2023 жылы жергілікті ағын **орташа төмен сулылық** санатына жатты, есептік асып кету ықтималдығы **72,1 %** құрады.

18 кесте - Балқаш-Алакөл США 2023 жылғы су ресурстары, км³/жыл

США	Су ресурстарының көпжылдық сипаттамалары			2023 жылғы жылдық су ресурстары	
	орташа	Асып түсу ықтималдығы кезінде		мәні	асып түсу ықтималдығы, %
		5%	95%		
Балқаш-Алакөл	28,0	41,5	18,3	23,6	73,0
Жергілікті ресурстар	16,2	26,0	9,25	12,6	72,1
Шектес мемлекеттерден келетін ағыс	11,8	15,5	9,09	10,9	73,4

Балқаш-Алакөл США жиынтық су ресурстары. Көпжылдық кезеңдегі жалпы ағын көлемінің нормасы **28,0 км³/жылға** тең. 1930-2023 жылдар аралығындағы деректерге сәйкес, ағын шамасы норманың шегінде сақталған үрдіс байқалады. Аталған кезең ішінде ең жоғары ағын көлемі 63,5 км³ (2010 ж.), ең төменгісі – 20,2 км³ (2014 ж.) болған. **2023 жылы** жалпы ағын **орташа төмен сулылыққа** жатқызылды, яғни асып түсу ықтималдығы **73,0 %** құрады.



48 сурет — Балқаш-Алакөл США 1930-2023 жж. кезеңі үшін өзен ағындысының жыл сайынғы ресурстары динамикасы

Көпжылдық гидрологиялық деректерді талдау Балқаш-Алакөл алабының су ресурстары көп сулы, аз сулы және өтпелі фазалардың алмасуымен айқын циклділікке ие екенін көрсетті. 1930 және 1940-жылдардың басында өзендердің сулылығы көпжылдық орташа деңгейге жақын болған. 1940-жылдардың соңынан 1970-жылдардың ортасына дейін көп сулы цикл қалыптасып, өзінің ең жоғары шегіне 1960-жылдардың соңы мен 1970-жылдардың басында жеткен. Бұл кезең қолайлы климаттық жағдайлармен, мұздықтардан келетін қоректенудің жоғары деңгейімен және антропогендік әсердің салыстырмалы түрде төмен болуымен байланысты. 1970-жылдардың соңынан 1990-жылдардың басына дейін су ағымының ең төмен мәндерімен сипатталатын ұзаққа созылған аз сулы фаза байқалды. Бұл кезең шаруашылық мақсаттағы суды пайдалану көлемінің өсуімен (ирригация, Қапшағай СЭС-інің реттелуі) және мұздықтардың жергілікті азаюымен байланысты. 1990-жылдардың басынан бастап сулылықтың жаңа өсу кезеңі басталып, ол 2000-жылдары күшейіп, 2010 жылы алап өзендерінің көпшілігінде ең жоғары деңгейіне жетті (ең жоғары су өтімдері: Іле - 750 м³/с, Тентек - 74,8 м³/с, Лепсі - 32,3 м³/с, Шарын - 66,2 м³/с). 2015 жылдан бастап су ағымының біртіндеп азаюы және су ресурстарының көпжылдық орташа деңгейге жақын тұрақтануы байқалады. Бұл құбылыс мұздықтардың деградациясымен, атмосфералық циркуляцияның өзгеруімен және жоғарғы ағыстағы су алудың, соның ішінде Қытай аумағындағы, ұлғаюымен байланысты болуы мүмкін. Алаптың негізгі су көзі - Балқаш көлінің 70 %-дан астамын қамтамасыз ететін Іле өзені, көп сулы циклдердің болуына қарамастан, жалпы алғанда су ағынының біртіндеп төмендеу үрдісін көрсетеді. Ұқсас динамика басқа салаларда да байқалады: Тентек өзені 1990-2010 жылдары айқын өсіммен ерекшеленсе, Шілік өзені аз сулы жылдары ең осал, Қаратал өзені бойынша салыстырмалы түрде тұрақты ағынға ие, ал Лепсі мен Шарын өзендері орташа тербелістерді көрсетеді.

2023 жылы Балқаш-Алакөл алабының су ресурстарының жағдайы, негізінен, көпшілік өзендер **бойынша төмен және орташа төмен сулылық** кезеңмен сипатталды. Ал Лепсі мен Қаратал өзендері, керісінше, көпжылдық нормаға салыстырғанда **жоғары және орташа жоғары сулылық** деңгей аралығында болды.

1.2.3 Арал-Сырдария США 2023 жылғы су ресурстарын бағалау


Алапқа келіп түсетін ағынды ретінде Келес өзені сағасынан жоғары учаскедегі Сырдария өзенінің бақылған ағындысы қабылданған. Көпжылдық кезеңдегі жылдық ағынның нормасы 22,6 км³ құрайды. 1932-2023 жылдар аралығындағы деректерге сәйкес ағынның орташа жылдық мәндерінің азаюының орташа айқын тенденциясы байқалады. Жоғарыда көрсетілген кезең бойынша ағынның максималды мәні 1600 м³/с (1969), минималды мәні 132 м³/с (1975), бұл сулылық фазаларына сәйкес келеді. 2023 жылы өзен ағыны орташа су санатына жатқызылды, қамтамасыз етілуі 49,5 % құрады.

США-ның жергілікті ағыны, яғни жергілікті су ресурстары үш ірі саланың - Бөген, Шаян және Арыс өзендерінің жиынтық ағынының байланыс теңдеуі бойынша бағаланады, олардың әрқайсысы үшін алдын ала табиғи ағын мәндері есептеледі.

Орташа көпжылдық жергілікті ағын көлемі **2,14 км³/жыл** құрайды. 1932-2023 жылдар аралығындағы оның өзгерісі қалыпты шектерде болды. Ең үлкен көлем 1969 жылы тіркелген - **7,13 км³**, ең кіші көлем 1937 жылы - 1,24 км³. **2023 жылы** жергілікті ағын орташа сулылық фазасымен сипатталды, қамтамасыз етілу ықтималдығы **43,8 %** болды.

19 кесте - 2023 жылға арналған Арал-Сырдария США су ресурстары, км³/жыл

США	Су ресурстарының көпжылдық сипаттамалары			2023 жылғы жылдық су ресурстары	
	орташа	Асып түсу ықтималдылығы кезінде		мәні	Асып түсу ықтималдылығы, %
Арал-Сырдария	17,5	5%	95%	16,8	49,3
Жергілікті ресурстар	2,14	3,85	1,23	2,09	43,8
Шектес мемлекеттерден келетін ағыс	15,3	25,9	7,17	14,7	49,5



49 сурет — Арал-Сырдария США 1932-2023 жж. кезеңі үшін өзен ағындысының жыл сайынғы ресурстары динамикасы

🚦 **Арал-Сырдария США бойынша жиынтық ресурстары.** Көпжылдық кезеңдегі жалпы ағын көлемінің нормасы **17,5 км³**-ке тең. 1932-2023 жылдар аралығындағы мәліметтерге сәйкес, ағын көлемінің азаюының орташа айқын тенденциясы байқалады. Аталған кезеңде ең үлкен көлем 57,6 км³ (1969 ж.), ең кіші көлем 6,20 км³ (1974 ж.) болып тіркелген. **2023 жылы** жалпы ағын **орташа сулы** болды, яғни асып кету ықтималдығы **49,3 %** құрайды.

Сырдария алабында мұздықтар мен қармен қоректенетін жоғарғы салалар 1932 және 2023 жылдар аралығында климаттың өзгеруіне ең жоғары сезімталдық көрсетті. Мысалы, Қар қоры мен мұздық деградациясының ауытқулары Ақсу және Шаян өзендеріне әсер етті: көпжылдық су жылдарында олардың ағыны күрт өсті (мысалы, Ақсудағы максимум - 19,2 м³/с, 1969 ж.), ал су аз жылдарда айтарлықтай төмендеу байқалды. Сол уақытта Келес және Арыс өзендері, ағын қалыптасуының күрделі режиміне ие болғандықтан, антропогендік әсерге ерекше сезімтал болып шықты: қарқынды суару, су алу және ағынды реттеу айтарлықтай ауытқуларға және кейде экстремалды минимумдарға әкелді (Арыс - 5,79 м³/с, 1986 ж.; Келес - 1,50 м³/с, 1987 ж.). Сырдария өзенінде ең айтарлықтай өзгерістер Төменарық және Қазалы бекеттерінде тіркелді, мұнда шаруашылық су пайдалану мен табиғи өтімдердің қосындысы жоғарғы тұстамаларымен салыстырғанда ағын мәндерінің әлдеқайда төмен болуына әкелді.

2023 жыл негізгі Сырдария өзенінде және оның көптеген салалық өзендерінде **орташа сулылықтың** жалпы жағдайымен сипатталды. Жоғарғы гидробекеттерде ағын шамалары нормасына жақын тіркелді (мысалы, Келес сағасынан жоғары - қамтамасыз етілуі 49,5 %; Шардара су жинау қоймасы - 57,9 %). Салалық өзендер арасында Арыс, Бөген

және Бадам өзендері салыстырмалы түрде жоғары сулылықты көрсетті (қамтамасыз етілуі 34-39 %), ал Шаян және Ақсу орташа сулылыққа жатты (41-54 %). Ерекше Келес өзені, онда 2023 жылы ағын жоғары сулылықта болды (қамтамасыз етілуі 11,5 %), бұл жергілікті қорлардың қалпына келуін көрсетеді.

2023 жылы Арал-Сырдария алабының су ресурстары жалпы орташа сулылықпен сипатталды. Сырдарияның Келес өзенінің сағасынан жоғары ағыны 22,6 км³ құрады, бұл 49,5% қамтамасыз етуге сәйкес келеді, яғни нормаға жақын. Алаптың жергілікті ағыны жылына 2,14 км³ деп бағаланды, сонымен қатар орташа сулылық шегінде болды (қамтамасыз ету 43,8 %). 2023 жылы алаптағы су ресурстарының жиынтық көлемінде орташа мәндер басым және айқын тапшылығы жоқ тұрақты гидрологиялық фон қалыптастыратын экстремалды ауытқулар болған жоқ.

1.2.4 Жайық-Каспий США 2023 жылғы су ресурстарын бағалау

Су шаруашылық алабы аумағындағы трансшекаралық келіп түкен ағынды ретінде Январцево кенті мекеніндегі бақылау бекетінде өлшенген Жайық өзенінің ағындысы қабылданды. Ресей Федерациясынан келетін ағынның көпжылдық орташа көлемі **10,5 км³/жыл** құрайды. 1932-2023 жылдар аралығындағы Ресей аумағынан келетін жылдық ағын көлемдерінің графигін талдау орташа жылдық өтімдердің тұрақты төмендеу үрдісін көрсетеді. Ең төмен мән 1967 жылы тіркеліп, 3,00 км³ құраған, ал ең жоғары көлем 1946 жылы байқалып, 26,8 км³ болған. **2023 жылы** өзен ағынының жылдық көлемі **8,20 км³** құрап, орташа сулылыққа сәйкес келді, оның асу ықтималдығы - **55,8 %**. Бұл көрсеткіш көпжылдық нормадан 22 %-ға төмен (10,5 км³ немесе 333 м³/с) және Ресей Федерациясы аумағынан келетін судың тапшылығының сақталып отырғанын айғақтайды.

Қазақстан Республикасы аумағындағы су шаруашылық алабы шегінде қалыптасатын **жергілікті су ресурстары** алаптың ең суы мол бес өзенінің жиынтық ағындары негізінде есептеледі. Бұл өзендер жергілікті жер үсті су ресурстарының негізгі бөлігін қамтамасыз етеді. Оларға келесі өзендер жатады: Елек, Үлкен Қобда, Ор, Ойыл және Ембі. Аталған су ағындары алаптың барлық жергілікті су ресурстарының шамамен 47 %-ын қалыптастырады. Жергілікті ағынның алдын ала бағалануы әр өзен бойынша табиғи су өтімдерін есептеу негізінде жүргізіледі.


Есептік кезеңдегі жергілікті ағын көлемінің көпжылдық орташа мәні **173 м³/с** немесе **5,47 км³/жыл** құрайды. 1932-2023 жылдар аралығында ағынның тұрақты төмендеу үрдісі байқалады. Ең төменгі көлем 1967 жылы тіркеліп, 4,12 км³ болған, ал ең жоғары көлем 1993 жылы байқалып, 22,5 км³-ке жеткен. **2023 жылы** жергілікті ағынның көлемі **10,2 км³** құрап, **жоғары сулы** жыл ретінде жіктеледі, оның асу ықтималдығы **12,5 %**.

20 кесте - Жайық-Каспий США 2023 жылғы су ресурстары, км³/жыл

США	Су ресурстарының көпжылдық сипаттамалары			2023 жылғы жылдық су ресурстары	
	орташа	Асып түсу ықтималдығы кезінде		көрсеткіш	Асып түсу ықтималдылығы, %
		5%	95%		
Жайық-Каспий	16,0	37,8	3,83	18,42	29,9
Жергілікті ресурстар	5,47	14,2	1,52	10,25	12,5
Шектес мемлекеттерден келетін ағыс	10,5	23,6	2,31	8,17	55,8

Жайық - Каспий США жиынтық ресурстары. Көпжылдық кезең бойынша Жайық - Каспий США жалпы су ресурстарының орташа көлемі **16,0 км³/жыл** құрайды. 1932-2023

жылдар аралығындағы динамиканы талдау нәтижесі бойынша жалпы ағын көлемінің белгіленген нормамен салыстырғанда тұрақты төмендеу үрдісі байқалады. Аталған кезеңде ең жоғары су ресурстары 1993 жылы тіркеліп, $41,1 \text{ км}^3$, ал ең төменгі көлем 1967 жылы – $7,10 \text{ км}^3$ болған.



50 сурет – Жайық-Каспий США 1932-2023 жж. кезеңі үшін өзен ағындысының жыл сайынғы ресурстары динамикасы

2023 жылы жалпы су ресурстарының көлемі **$18,42 \text{ км}^3$** құрап, **орташа жоғары сулы** санатына жатқызылды, асып түсу ықтималдығы **29,9 %**. Орташа көпжылдық мәннен 15 % артық болғанына қарамастан, бұл жылды ерекше көпсулы жыл деп қарастыруға болмайды, себебі тіркелген су мөлшерінің артуы негізінен ағымдағы жылдың қолайлы гидрометеорологиялық жағдайларына, атап айтқанда қар қорының мол болуына және қарқынды көктемгі ағынға байланысты болды.


1.2.5 Есіл США 2023 жылғы су ресурстарын бағалау

✚ **США жергілікті ағыны**, яғни жергілікті су ресурстары, үш ірі саланың - Есіл, Жабай және Қалқұтан өзендерінің жиынтық ағынымен байланыс теңдеуі арқылы бағаланады, мұнда алдын ала олардың табиғи ағынының мәндері есептеледі.

✚ Көпжылдық кезеңдегі жергілікті ағын көлемінің нормасы **$2,52 \text{ км}^3/\text{жылға}$** тең. 1932-2023 жылдар аралығындағы деректерге сәйкес, ол норма шегінде сақталады. Аталған кезең бойынша ағын көлемінің ең үлкен мәні $19,07 \text{ км}^3/\text{жыл}$ (2017 ж.), ең кіші мәні $0,04 \text{ км}^3/\text{жыл}$ (1967 ж.) болып анықталған. **2023 жылы** жергілікті ағын **орташа жоғары су молдығы** деңгейінде болды, яғни асып түсу ықтималдығы **27,9 %** құрады.

21 кесте - 2023 жылға арналған Есіл США су ресурстары, $\text{км}^3/\text{жыл}$

США	Су ресурстарының көпжылдық сипаттамалары			2023 жылғы жылдық су ресурстары	
	орташа	Асып түсу ықтималдығы кезінде		мәні	Асып түсу ықтималдығы, %
		5%	95%		
Есіл	2,52	7,84	102	3,23	27,9
Жергілікті ресурстар	2,52	7,84	102	3,23	27,9



51 сурет –Есіл США 1932-2023 жж. кезеңі үшін өзен ағындысының жыл сайынғы ресурстары динамикасы

✚ **Есіл США ресурстары.** Көпжылдық кезеңдегі жалпы су ресурстарының көлемінің нормасы **2,52 км³/жылға** тең. 1932-2023 жылдар аралығындағы зерттелген кезеңде ағын көлемінің норма шегіндегі үрдісі байқалады. Аталған кезең бойынша ағын көлемінің ең үлкен мәні 19,07 км³/жыл (2017 ж.), ең кіші мәні 0,04 км³/жыл (1967 ж.) болып анықталған. **2023 жылы** жалпы су ресурстары **орташа жоғары су молдығы** деңгейінде болды, яғни асып түсу ықтималдығы **27,9 %** құрады.

2023 жылы Есіл су шаруашылығы алабының гидрологиялық сипаттамаларын талдау нәтижесінде жыл орташа жоғары су молдылығы категориясына жататыны анықталды. Жыл бойында су ағынының деңгейі мен су қоймаларының толуы көпжылдық орташа мәндерге қарағанда жоғары болды. Көктем-жаз тасқын кезеңі тұрақты су өтімінің артуымен сипатталып, су объектілерінің жеткілікті толықтырылуын қамтамасыз етті. Жер асты сулардың деңгейі де оң динамика көрсетті, бұл алаптың су балансын сақтауға ықпал етті.

Аталған гидрологиялық жағдай алаптағы қолайлы климаттық шарттарды және жауын-шашынның теңгерімді таралуын көрсетеді, бұл су ресурстарының жағдайына және олардың су шаруашылығы қажеттіліктеріне қолжетімділігіне оң әсерін тигізді.

2023 жылы алаптың жалпы су ресурстарының көлемі көпжылдық кезеңге тән өзгергіштік шегінде болып, аймақтың типтік климаттық шарттарына сәйкес келді. Жалпы алғанда, есептік жылы гидрологиялық жағдай тұрақты болып, аномалды жоғары немесе төмен су деңгейлерінің көріністері байқалмады.

1.2.6 Шу-Талас США 2023 жылғы су ресурстарын бағалау


✚ Қазақстан территориясында қарқынды шаруашылық қызметтің болуы және бақылау деректерінің жеткіліксіздігіне байланысты алаптың саласы мен жергілікті ағыны Кочкорка ауылы (Қырғыз Республикасы) тұсындағы Шу өзенінің ағынымен байланыс теңдеулері арқылы бағаланады. 2023 жылы зерттеліп отырған алаптағы өзендерде су молдылығы төмен деңгейде болды: Талас өзені Жасөркен ауылы тұсында - 99,9 %, Шу өзені Қайнар ауылы тұсында - 79,9 %.

✚ **США жергілікті ағыны және шектес мемлекеттен келетін ағын.** Шу-Талас алабының сала ағыны көлемі және жергілікті ағын орташа су молдылығы деңгейінде болды.

Жергілікті ағын **1,17 км³/жыл** құрады, нормасы **1,24 км³/жыл**. Сала ағыны көлемі **3,41 км³/жыл** құрады, нормасы **3,47 км³/жыл**. Алаптың жалпы су ресурстарының көлемі **4,59 км³/жыл** болып, нормасы **4,70 км³/жыл**ды құрады (кесте 22).

22 кесте - 2023 жылға арналған Шу-Талас США су ресурстары, км³/жыл

США	Су ресурстарының көпжылдық сипаттамалары		2023 жылғы жылдық су ресурстары		
	орташа	Асып түсу ықтималдығы кезінде		мәні	Асып түсу ықтималдығы, %
		5%	95%		
Шу-Талас	4.71	7,70	2,82	4,59	45,5
Жергілікті ресурстар	1.24	2,82	0,28	1,18	43,9
Шектес мемлекеттерден келетін ағыс	3.47	4,88	2,54	3,41	46,7



52 сурет – Шу-Талас США 1936-2023 жж. кезеңі үшін өзен ағындысының жыл сайынғы ресурстары динамикасы

Шу-Талас США жиынтық ресурстары. Көпжылдық кезеңдегі жалпы ағын көлемінің нормасы **4,71 км³/жыл** тең. 1936-2023 жылдар аралығындағы деректерге сәйкес, ағын көлемінің орташа деңгейде өсу үрдісі байқалады. Аталған кезең бойынша ағын көлемінің ең үлкен мәні 10,4 км³/жыл (2010 ж.), ең кіші мәні 2,34 км³/жыл (1985 ж.) болып анықталған. **2023 жылы** жалпы ағын сулылығы **орташа** деңгейінде болды, яғни асып түсу ықтималдығы **45,5 %** құрады.


2023 жылы алаптың жалпы су ресурстарының көлемі көпжылдық кезеңге тән өзгергіштік шегінде болып, аймақтың типтік климаттық жағдайларына сәйкес келді. Жалпы алғанда, есептік жылы гидрологиялық жағдай тұрақты болып, аномалды жоғары немесе төмен су деңгейлері байқалмады.

1.2.7 Нұра-Сарысу США 2023 жылғы су ресурстарын бағалау

Су шаруашылық алаптың жергілікті ағыны, яғни жергілікті су ресурстары, екі ірі саланың - Нұра және Сарысу өзендерінің жалпы ағыны мен Кеңгір су қоймасына келетін ағынның байланыс теңдеуі бойынша бағаланады, олардың табиғи ағын мәндері алдын ала есептеледі.

23 кесте - Нұра-Сарысу США 2023 жылғы су ресурстары, км³/жыл

США	Су ресурстарының көпжылдық сипаттамалары			2023 жылғы жылдық су ресурстары	
	орташа	Асып түсу ықтималдығы кезінде			
		5%	95%	мәні	Асып түсі ықтималдығы, %
Нұра-Сарысу	1,16	2,58	0,26	0,67	61,2
Жергілікті ресурстар	1,16	2,58	0,26	0,67	61,2



53 сурет —Нұра-Сарысу США 1932-2023 жж. кезеңі үшін өзен ағындысының жыл сайынғы ресурстары динамикасы

Нұра-Сарысу США ресурстары. Көпжылдық кезеңде (1932-2023 жж.) жергілікті су ресурстарының көлемінің нормасы шамамен **1,7 км³/жыл-ға** құрайды. Аталған кезеңде жергілікті ағын көлемінің сәл өсу тенденциясы байқалады. Ең жоғары мән 2015 жылы тіркелген – 6,8 км³, ең төменгісі 1939 жылы, 0,01 км³-тан аз болды. 2023 жылы жалпы су ресурстары **төмен сулылықпен** сипатталды, асып түсу ықтималдығы - 61,2 %. Есептік жылы ағынның қалыптасуы шектеулі ылғалдану жағдайында өтті, бұл жауын-шашынның жеткіліксіздігімен және, мүмкін, жылы кезеңде буланудың артуымен байланысты.

Жалпы алғанда, **2023 жылы** алаптағы гидрологиялық жағдай су ресурстарының тапшылығымен сипатталды, жоғары қарқындылықтағы тасқындардың белгілері байқалған жоқ. Көптеген өзендердегі жергілікті ағыны нормадан төмен деңгейде қалыптасты, бұл климаттың жылдар арасындағы өзгергіштігі мен жергілікті гидрометеорологиялық жағдайлардың әсерін көрсетеді.

2023 жылы алаптың су ресурстарының жалпы көлемі көпжылдық кезеңге тән өзгергіштік шегінде болып, өңірге тән климаттық жағдайларды көрсетті. Есептік жылы гидрологиялық жағдай тұрақты сипатта сақталып, төтенше тасқындар немесе қалыптан тыс төмен су деңгейлері байқалған жоқ. Бұл өз кезегінде айтарлықтай гидрометеорологиялық ауытқулардың болмағанын көрсетеді.

1.2.8 Тобыл-Торғай США 2023 жылғы су ресурстарын бағалау

Тобыл-Торғай США жергілікті ағыс көлемі Тобыл, Аят, Қараторғай және Ырғыз өзендерінің жиынтық табиғи ағынымен байланысты есептеледі.


Қазақстан Республикасының аумағындағы келіп түсетін ағындысы Тобыл және Тоғызак өзендерінің жиынтық ағысымен жалпы саланың ағысы арасындағы байланыс теңдеуі арқылы есептеледі. 2023 жылы Тобыл-Торғай алабындағы өзендердің көпшілігінің

су ресурстары салыстырмалы түрде орташа-төмен және төмен сулылық қатарында болды, тек Ақсуат ауылындағы Обаған өзенінде жоғары сулылық (6,30 %) байқалды. Гришенка ауылындағы Тобыл өзенінде және Варваринка ауылындағы Аят өзенінде орташа сулылық тіркелген, ал Шеңбертал ауылындағы Ырғыз өзенінде төмен сулылық (99,0 %) байқалды.

✚ **США жергілікті ағыны.** Тобыл-Торғай алабының жергілікті ресурстары 2023 жылы сулылық бойынша орташа-төмен болды ($0,81 \text{ км}^3$, норма - $1,78 \text{ км}^3$), алапқа қосылатын ағыс орташа сулылыққа жатты ($0,19 \text{ км}^3$, норма - $0,34 \text{ км}^3$). Алаптың жалпы су ресурстары $1,00 \text{ км}^3$ құрап, норма бойынша $2,11 \text{ км}^3$ болғандықтан, бұл орташа-төмен сулылыққа сәйкес келеді.

24 кесте - 2023 жылғы Тобыл-Торғай США су ресурстары, $\text{км}^3/\text{жыл}$

США	Су ресурстарының көпжылдық сипаттамалары			2023 жылғы жылдық су ресурстары	
	орташа	Асып түсу ықтималдылығы кезінде		мәні	Асып түсу ықтималдылығы, %
		5%	95%		
Тобыл-Торғай	2,11	5,91	0,23	1,49	51,6
Жергілікті ресурстар	1,78	4,80	0,17	1,25	53,5
Шектес мемлекеттерден келетін ағыс	0,34	1,11	0,06	0,24	43,9



54 сурет — Тобыл-Торғай США 1931-2023 жж. кезеңі үшін өзен ағындысының жыл сайынғы ресурстары динамикасы

✚ **Тобыл-Торғай США жиынтық ресурстары.** Көпжылдық кезеңдегі жалпы ағын көлемінің нормасы $2,11 \text{ км}^3/\text{ж}$ тең. 1931-2023 жылдар аралығындағы мәліметтерге сәйкес, ағын көлемінің азаюының орташа айқын тенденциясы байқалады. Жоғарыда көрсетілген кезең бойынша көлемнің максималды мәнін $6,77 \text{ км}^3$ (1941 ж.), ең төменгі мәнін $0,1 \text{ км}^3$ (2009 ж.) деп көрсетуге болады. **2023 жылы** жалпы ағын **орташа сулылықта** болды, яғни асып кету ықтималдығы **43,9 %** құрайды.

1931-2023 жылдар аралығындағы Тобыл-Торғай США-дағы өзен ағынының динамикасын талдау судың нақты анықталған көпжылдық тербелмелі циклдерінің болуын көрсетеді. 1931-2023 жылдар аралығындағы Тобыл-Торғай ЖАБ өзен ағысының динамикасын талдау су фазасының айқын көпжылдық ауытқулар циклдарының бар екенін көрсетті. Бұл уақыт аралығында көпжылдық су мол кезеңдері мен аз су кезеңдері 5-7 жылдық ауыспалы кезеңдерімен байқалды. Бұл ауытқулар негізінен табиғи (климаттық) жағдайлармен қатар, антропогендік әсердің артуымен де анықталды.


Тобыл-Торғай су шаруашылығы алабы шегінде ең ұзақ көп сулылық кезеңдері келесі жылдар аралығында тіркелді: 1940-1943 жж., 1951-1957 жж., 1979-1984 жж., 1988-1993 жж. және 2001-2009 жж., бұл кезеңдерде барлық бақылау гидробекеттерінде сулылықтың үйлесімді өсуі байқалды.

Ұзақ және айқын сулылығы аз кезеңдері 1933-1940 жж., 1943-1945 жж., 1948-1951 жж., 1958-1968 жж., 1972-1978 жж., 1985-1987 жж., 1994-2000 жж. және 2010-2018 жж. аралығында байқалды, ең төменгі интегралдық көрсеткіштер 2010-жылдардың ортасында тіркелді. 2019 жылдан бастап гидрологиялық жағдай тұрақтана бастады, мөндер көпжылдық орташа шамаларға жақын ауытқулар көрсетсе де, ұзаққа созылатын көп сулылық режиміне өтуге тұрақты белгілер анықталған жоқ.

Алаптың барлық өзендеріндегі ағынның келісілген жыл аралық өзгергіштігі аймақтық климаттық жағдайлардың жетекші рөлін және су режимін қалыптастырудағы атмосфералық ылғалдың сипатын көрсетеді.

1.2.9 Қазақстан Республикасының өзен ағыны ресурстарын бағалау

2023 жылғы өзен ағыны ресурстарының 1932-2007 жылдардағы көпжылдық орташа мөндерімен салыстыруы 55-суретте көрсетілген.



55 сурет — Орташа көпжылдық нормаға қатысты 2023 жылдағы өзен ағындысы ресурстары

2023 жылы көптеген алаптарда су ресурстарының мөлшері нормадан төмен болды, тек Жайық-Каспий су шаруашылығы алабында ғана көктемгі тасудың жоғары қарқындылығының әсерінен су ресурстарының деңгейі нормадан асып түсті.

Өзен ағынының төмендеу себептерін су шаруашылығы алаптары бойынша жеке қарастырғанда, төмендегідей айтуға болады:

✚ Ертіс США – **сулылығы орташа**. Негізгі фактор - Қытай аумағында қарқынды су алу мен ағынды реттеу нәтижесінде трансшекаралық ағынның азаюы.

✚ Балқаш-Алакөл США – **сулылығы қалыпты төмен**. Іле өзенінің ағынының азаюы, жоғарғы ағысында суды тұтынудың өсуі және климаттық ылғал тапшылығының айқын байқалуы.

✚ Арал-Сырдария США – **сулылығы орташа**. Ағынның қатты реттелуі, суармалы егіс үшін көп мөлшерде су алынуы және арна-канал жүйесіндегі өтімдер, сонымен қатар температураның жалпы жылынуы нәтижесінде ағынның төмендеу үрдісі қалыптасты.

✚ Жайық-Каспий США – **сулылығы қалыпты жоғары**. 2023 жылы |Ойыл өзенінде аномальды жоғары су тасқыны байқалып, жергілікті ағынның ұлғаюына себеп болды.

✚ Есіл США – **сулылығы қалыпты жоғары**. Қар режимі қары аз қыстар мен жылы көктемге тәуелді, бұл буланудың артуы жағдайында көктемгі су тасқынының азаюына әкеледі.

✚ Шу-Талас США – **сулылығы орташа**. Алаптың су балансы трансшекаралық ағынды реттеу режиміне айтарлықтай тәуелді және климаттың өзгеруіне жоғары сезімталдықпен сипатталады.

✚ Нұра-Сарысу США – **сулылығы қалыпты төмен**. Бұл ішкі алап сыртқы ағынмен қоректенбейді, беткі және жер асты суларының жетіспеушілігімен ерекшеленетін су балансы ең күрделі алаптардың бірі болып табылады.

✚ Тобыл-Торғай США – **сулылығы орташа**. Қазақстан Республикасындағы су ресурстары ең шектеулі алаптардың бірі, ағын Ресей Федерациясынан келетін трансшекаралық реттеу мен су алудың ықпалында.

2 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖЫЛ ІШІНДЕГІ НЕГІЗГІ ӨЗЕНДЕРІНІҢ КӨКТЕМГІ СУ ТАСУ СИПАТТАМАЛАРЫНЫҢ ТАЛДАУЫ ЖӘНЕ ЕСЕБІ

Көктемгі су тасу - өзеннің су режимінің жыл ішіндегі суы ең көп кезеңі болып табылатын фазасы. Бұл кезең су деңгейінің жоғары және ұзақ көтерілуімен, әдетте судың арнадан шығып жайылмаға таралуымен сипатталады. Өзеннің негізгі қоректену көзіне байланысты пайда болады: жазық өзендерде - қар ерігенде, таулы өзендерде - қар мен мұздықтардың еруі кезінде, ал муссондық және тропикалық аймақтарда - жазғы жаңбырлардың жаууына байланысты. Бір климаттық аймаққа жататын өзендерде көктемгі су тасу жыл сайын бір мезгілде қайталанады, тек оның қарқындылығы мен ұзақтығы әртүрлі болады [18].

Жайық өзенінің негізгі бақылау тұстамаларында көктемгі су тасу ағын көлемінің тұрақты түрде азаю тенденциясы сақталып отыр, бұл әсіресе өзеннің жоғарғы және орта ағысында айқын байқалады. Бұл алаптағы жалпы климаттық өзгерістерге сәйкес келеді, соның ішінде қысқы қар қорының азаюы және көктемгі кезеңдегі ауа температурасының жоғарылауы.

2023 жылы су тасу басталу мерзімдерінде әр бағыттағы өзгерістер байқалды: жоғарғы және төменгі ағыстарда су тасу әдеттегіден ерте басталды, ал орта ағыста - қалыпты мерзімге жақын болды. Сол уақытта 2023 жылы су тасу аяқталу күндері негізінен орташа мерзімнен ерте немесе қалыпты ауқымда болды, бұл кейбір бақылау тұстамаларда су тасу белсенді фазасының қысқаруына әкелді.

Төменгі ағыстағы (Махамбет кенті маңындағы бақылау тұстамасында) су тасу ұзақтығының артуы, ағын көлемінің орташа деңгейде болуына қарамастан, көктемгі

температура режимін, су шаруашылық реттеуін, сондай-ақ су қоймалары мен сағалардан қоректену динамикасын қосымша талдауды қажет етеді.

Көктемгі ағынның табиғи өзгергіштігі мен жылдар арасындағы ауытқулар оның уақытылы алдын ала болжау және Жайық өзенінің алаптағы су ресурстарын басқару қажеттілігін растайды, әсіресе климаттық әсерлердің күшеюі мен су пайдалану көлемінің ұлғаю жағдайында.



60 сурет — Елек пен Ойыл өзендері үшін 2023 жылдағы көктемгі су тасу ағындысы көлемінің өзгеріс динамикасы

Ақтөбе облысының өзендеріндегі көктемгі су тасу, әдетте, орта есеппен 1-9 сәуір аралығында басталып, көпшілігінде бір мезгілде байқалады. Ерте су тасу басталу мерзімдері 10-23 наурыз аралығына, ал кеш басталу мерзімдері – 31 наурыздан 1 мамырға дейінгі кезеңге сәйкес келеді. Су тасу аяқталу уақыты қар еруінің қарқындылығына, су жиналатын алаптың көлеміне және жылдың су молшылығына байланысты болады. Өзендердегі көктемгі су тасу орташа ұзақтығы шамамен 84-130 тәулікті құрайды.

Елек өз. - Ақтөбе қ. Көктемгі су тасу көпжылдық орташа ағын көлемі **376 млн.м³**, бұл **35 мм** су қабатына сәйкес келеді. Зерттелген кезең бойынша су тасуының орташа басталу күні - 1 сәуір, ал орташа аяқталу күні - 14 мамыр. Су тасқынының орташа ұзақтығы - 41 тәулік. 1939-1975, 1979-1999 және 2003-2023 жылдар аралығындағы деректер бойынша тренд сызығы су көлемінің азаю үрдісін анық көрсетеді. Аталған кезеңде су тасу көлемінің ең жоғары мәні 1942 жылы тіркеліп, 1670 млн.м³ құрады. Бұл қар жамылғысының мол болуы мен алаптың жоғарғы бөлігінің ылғалдануы нәтижесінде қалыптасқан, суы мол жылдарға тән жағдай. Ең төменгі мән 1967 жылы байқалып, 28,6 млн.м³ болды, бұл аз қар жиналуы, құрғақ күз және топырақтың жеткіліксіз ылғалдануы салдарынан орын алған. **2023 жылғы көктемде су тасу көлемі 330 млн.м³** құрап, нормаға қарағанда **12 %-ға** аз болды. Су тасу 16 наурызда басталып (орташа мерзімнен 15 тәулік ерте), 6 сәуірде аяқталды (орташа мерзімнен ертерек). Су тасу ұзақтығы бар болғаны 22 тәулік болып, орташа мәннен айтарлықтай төмен болды.

Ойыл өз. - Ойыл а. Көктемгі су тасу көпжылдық орташа ағын көлемі **163 млн.м³**, бұл **9,8 мм** су қабатына сәйкес келеді. Зерттелген кезең бойынша су тасуының орташа басталу күні - 3 сәуір, ал орташа аяқталу күні - 15 мамыр. Су тасу орташа ұзақтығы - 42 тәулік. 1991-2023 жылдар аралығындағы бақылау деректері бойынша, 2023 жылдың


суы мол болуына байланысты су тасу көлемінің ұлғаю үрдісі байқалады. Аталған кезеңде ең жоғарғы су тасу көлемі 2023 жылы тіркеліп, **821 млн.м³** құрады. Бұл көрсеткіш қыс соңында және наурыз айында жауын-шашынның мол түсуі, Ойыл өзенінің алабында қар қорының көп болуы және күзден бері топырақтың жақсы ылғалдануымен түсіндіріледі [21], [24]. Ең төменгі мән 2021 жылы тіркеліп, бар болғаны 1,37 млн.м³ болды. Бұл кезең өте аз қар жамылғысымен, топырақтың жеткіліксіз ылғалдануымен және еріген судың ағынын шектеумен сипатталды. **2023 жылы** су тасу 15 наурызда басталып (орташа мерзімнен 18 тәулік ерте), 20 сәуірде аяқталды (орташа мерзімнен ертерек). Су тасу ұзақтығы - 37 тәулік.

2.5 Есіл СІА негізгі өзендерінің көктемгі су тасу ағынының сипаттамаларын талдау

Көктемгі су тасу. Есіл су шаруашылық алабы Б. Д. Зайковтың жіктемесі бойынша Қазақстандық түрге, ал М. И. Львовичтің жіктемесі бойынша тек қана қармен қоректенетін аймаққа жатады. Қарастырылып отырған аумақтағы өзендердің жылдық ағыны толығымен көктемгі тасу кезінде қалыптасады. Көктемгі ағынның үлесі жылдық мөлшердің 95-98 %-ын құрайды. Қар мен ылғал аз жылдары еріген қар суларының басым бөлігі жер бедеріндегі ойыстарды толтыруға жұмсалады да, жер үсті ағыны дерлік болмайды [25].

Жалпы алғанда, Есіл су шаруашылық алабы бойынша көктемгі тасуының басталу күні көпжылдық деректер бойынша - **6 сәуір**, аяқталу күні - **17 сәуір**, ал тасқынның ұзақтығы - 42 тәулік.

Есіл өзеніндегі тасу негізінен орта есеппен сәуір айының басында басталады. Тасудың ерте басталу мерзімі - 11 наурыз, ал кеш басталу мерзімі - 21 сәуірге сәйкес келеді. Тасқынның аяқталу уақыты қардың еру қарқындылығына, су жинау алаптарының көлеміне және жылдың су мөлшеріне байланысты болады.



61 сурет — 2023 жылдағы көктемгі су тасу ағындысы көлемінің өзгеріс динамикасы

✚ **Есіл өз. - Түрген а.** Көпжылдық орташа мәліметтер бойынша көктемгі тасқын ағынының көлемі **114 млн м³** немесе **35 мм** құрайды. Орта есеппен көктемгі тасқынның басталу кезеңі - 3 сәуір, ал аяқталуы - 8 мамыр. Көктемгі тасқынның орташа ұзақтығы - 36 тәулік.

1981-2023 жылдар аралығындағы Есіл өзеніндегі Тұрген ауылында көктемгі тасқынның динамикасын талдау нәтижесінде ағын көлемінің ұлғаю үрдісі байқалады. Қарастырылған кезең ішінде көктемгі тасқынның ең төменгі ағыны 1999 жылы байқалып, 5,51 млн м³ болған, ал ең жоғарғысы 2015 жылы - 343 млн м³ құраған.

2023 жылы көктемгі ағын 35,6 млн м³ болған, бұл көпжылдық орташа деңгейден айтарлықтай төмен. Бұл маусымның су аздығын айқын көрсетеді және оның себебі - қалыптан тыс жылы әрі құрғақ көктем, сондай-ақ қысқарған тасқын кезеңі, нәтижесінде көктемгі ағын көлемінің күрт төмендеуіне әкелді [21].

2023 жылы көктемгі су тасуының басталуы 28 наурызда басталып, ал аяқталуы 22 сәуірде болды, 26 күнге созылды, бұл орташа мәннен 10 тәулікке аз.

✚ Есіл өз. - Каменный карьер а. Осы гидрологиялық бекетте көктемгі тасқынның ағыны гидротехникалық құрылыстардың әсерінен режимнің айтарлықтай бұрмалануына байланысты келтірілмейді. Есіл өзенінің салалары болып табылатын өзендердегі тасқын, негізінен, орта есеппен 6-10 сәуір аралығында басталады. Тасқынның ерте басталу мерзімі 17-20 наурызға, ал кеш басталу мерзімі 23-26 сәуірге сәйкес келеді. Тасқынның аяқталу уақыты қардың еру қарқындылығына, су жинау алаптарының көлеміне және жылдың су мөлшеріне байланысты болады.

✚ Жабай өз. - Атбасар қ. Көпжылдық орташа мәліметтер бойынша көктемгі тасқын ағынының көлемі **253 млн м³ немесе 30 мм** құрайды. Орта есеппен көктемгі тасқынның басталу уақыты - 6 сәуір, ал аяқталуы - 18 мамыр. Көктемгі тасқынның орташа ұзақтығы - 43 тәулік.

1937-2023 жылдар аралығындағы деректер бойынша тасқын кезеңіндегі ағын көлемінің ұлғаю үрдісі байқалады. Қарастырылған кезең ішінде тасқынның ең жоғары көлемі - 2110 млн м³ (2017 ж.), ал ең төменгісі - 25,6 млн м³ (1937 ж.) болған. 2023 жылы тасқын көлемі 563 млн м³ құрап, көпжылдық орташа мәннен 2 еседен астам жоғары болды. Бұл 2022 жылдың күзіне арналған маусымдық жауын-шашын мөлшерінің географиялық таралу картасының деректерімен сәйкес келеді, оған сәйкес солтүстік өңірлерде жауын-шашын мөлшері норманың 121-190 % деңгейінде артық болған [21].

2023 жылғы көктемгі су тасқыны 30 наурызда басталып, 29 сәуірде аяқталды, 31 күнге созылды, бұл орташа көрсеткіштен 12 күнге аз.

✚ Қалқұтан өз.- Қалқұтан а. Көпжылдық орташа мәліметтер бойынша көктемгі тасу ағынының көлемі **220 млн м³ немесе 13 мм** құрайды. Орта есеппен көктемгі тасудың басталу уақыты - 9 сәуір, ал аяқталуы - 26 мамыр. Көктемгі тасуының орташа ұзақтығы - 48 тәулік.

1937-2023 жылдар аралығындағы деректер бойынша тасу кезеңіндегі ағын көлемінің шамалы ұлғаю үрдісі байқалады. Қарастырылған кезең ішінде тасқынның ең жоғары көлемі - 1010 млн м³ (2002 ж.), ал ең төменгісі - 1,65 млн м³ (1977 ж.) болған. **2023 жылы тасқын көлемі 237,4 млн м³ құрап, көпжылдық орташа мәннен сәл жоғары болды.**

2023 жылы көктемгі тасқын 3 сәуірде басталып, 29 сәуірде аяқталды, оның ұзақтығы 27 тәулікке созылды, бұл орташа мәннен 21 тәулікке қысқа. Жалпы алғанда, алап бойынша тасқынның орташа ұзақтығы 36-дан 48 тәулікке дейінгі аралықта болады.

Есіл алабындағы көктемгі тасуының гидрологиялық режимі көпжылдық кезең ішінде ағын көлемінің ұлғаюының тұрақты үрдісін көрсетеді. Табиғи режимі сақталған барлық бақылау бекеттерінде көктемгі тасуының ұлғаюы байқалады.

Осылайша, бүкіл көпжылдық кезең бойынша келесі негізгі ерекшеліктерді бөліп көрсетуге болады: көктемгі ағын көлемінің артуы, жылдар бойынша жоғары өзгергіштік және соңғы жылдары тасу ұзақтығының жалпы қысқаруы.

2023 жылдың жалпы ерекшелігі - алап өзендерінің барлығында су тасуы ұзақтығының күрт қысқаруы болды. Бұған ерте келген көктем, қардың тез еруі және топырақтың ылғал сыйымдылығының төмендігі себеп болуы мүмкін, бұл еріген қар суларының қысқа уақыт ішінде жылдам ағып кетуіне ықпал етті. Сонымен қатар, ағын көлемдері өте төменнен бастап орташа мәннен әлдеқайда жоғары деңгейге дейін едәуір өзгеріп отырды. Аумақ бойынша ағын көлемдеріндегі айырмашылық алап аумағындағы ауа райы мен гидрологиялық жағдайлардың біртекті еместігін көрсетеді.

2.6 Шу-Талас США негізгі өзендерінің көктемгі су тасу ағынының сипаттамаларын талдау

Көктемгі су тасу. Биік таулы аймақтардың өзендері мұздық-қармен қоректенетін типке жатады, су өтімінің артуы біртіндеп жүріп, ең жоғарғы деңгей өткеннен кейін су мөлшері біркелкі төмендейді. Осы жіктеуге қарастырылып отырған аумақтың көптеген өзендері, яғни Шу мен Талас өзендерінің ірі салаларының барлығы жатады. Су тасуының қалыптасуы көктем мезгілінде басталады: негізгі кезең – сәуір-маусым айлары, бұл қардың еруімен байланысты; жаз мезгілінде – мұздық тасқыны байқалады (шілде-қыркүйек) [12].

Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы жазық өзендерде байқалатындай, тасқын толқындары әдетте қысқа мерзімді (бір айға дейін) болады, бірақ қардың қарқынды еруі кезінде су деңгейі тәулігіне 2,5-5 м-ге дейін күрт көтеріледі.

Таулы өңірлерде су тасу 3-6 айға дейін созылуы мүмкін, бұл әртүрлі биіктік белдеулерінде қар мен мұздықтардың біртіндеп еруімен байланысты. Су өтімінің апатты ең жоғарғы мәндері қар еру кезеңінде нөсерлі жаңбырдың түсуінен қалыптасады. Мұздықтардың маңызы айтарлықтай болғанымен, олардың аумағы азаюда: 1963-2003 жылдар аралығында мұздықтардың көлемі 15 %-ға қысқарғаны байқалған.

Жалпы алғанда, Шу-Талас су шаруашылық алабы бойынша көктемгі су тасудың басталу күні көпжылдық деректер бойынша - **28 ақпан**, аяқталу күні - **13 сәуір**, ал тасқынның ұзақтығы - 44 тәулік.

Талас өзеніндегі Солнечный елді мекенінде, Талас өзеніндегі Жасөрген ауылында, Шу өзеніндегі Қайнар ауылында, Теріс өзеніндегі Нұрлыкент ауылында және Құрағаты өзеніндегі Аспара теміржол станциясында орналасқан гидрологиялық бекеттер бойынша көктемгі су тасуының сипаттамаларын бағалау жүргізілмейді. Бұл табиғи гидрологиялық режимнің едәуір өзгеруімен түсіндіріледі, ол не гидротехникалық құрылыстар арқылы ағынның реттелуінен, не өзен арнасының құрылымындағы айтарлықтай деформациялардан туындайды. Мұндай жағдайда су қоймалары мен басқа да реттеуші нысандардың әсері маусымдық ағын тербелістерін тегістейді және гидрографты бұрмалайды, бұл көктемгі су тасуының тән белгілерін анықтауға мүмкіндік бермейді. Сонымен қатар, гидротехникалық құрылыстардың әсерінен көктемгі су деңгейінің көтерілу көлемі, ұзақтығы және уақытша параметрлерінің өзгеруі, сондай-ақ арналық жағдайлардың бұзылуы су тасуды объективті бақылануына және талдануына кедергі келтіреді.

Осылайша, аталған бекеттер бойынша көктемгі су тасуының параметрлерін шынайы түрде айқындау мен талдау үшін қажетті жағдайлар жоқ, бұл осы маусымдық құбылысты дұрыс гидрологиялық бағалауды жүргізу мүмкін емес.

Шу-Талас алабындағы көктемгі су тасуы күрделі, көп құрамды құрылыммен сипатталады: бір жағынан - төменгі ағыстардағы қысқа мерзімді, бірақ күрт өтетін тасқындар, екінші жағынан - таулы аймақтардағы ұзаққа созылатын және біртіндеп өтетін су тасуы. Ұзақ мерзімді үрдістер кейбір аландарда көктемгі ағын көлемінің артуын көрсетеді, бұл мұздықтардың жалпы қысқаруына қарамастан байқалып отыр.


2023 жыл су тасу ұзақтығы бойынша аномалды жыл болды – кейбір жағдайларда көктемгі су тасу шамамен 80 күнге созылып, орташа мәндерден айтарлықтай асып түсті.

2.7 Нұра-Сарысу США негізгі өзендерінің көктемгі су тасу суларының ағын сипаттамаларын талдау

Көктемгі су тасу кезеңінде алап аумағы ылғалдың айқын жетіспеушілігімен сипатталады. Алап өзендерінің ерекшелігі – жылдық ағын көлемінің негізгі бөлігі (90%-ға дейін және одан да көп) қысқа көктемгі су тасу кезеңінде өтеді. Жылдың қалған уақытында өзендердің су өтімі едәуір азаяды, ал көптеген өзендерде бұл кезеңде ағын мүлде болмайды [26].

Жалпы алғанда, Нұра-Сарысу су шаруашылық алабы бойынша көктемгі су тасудың көпжылдық орташа басталу күні – **31 наурыз**, аяқталу күні – **18 мамыр**, ал тасқынның ұзақтығы шамамен 48 тәулікке тең.

Нұра өзеніндегі су тасу әдетте 30 наурыз – 6 сәуір аралығында басталады. Ерте басталу мерзімдері 11-14 наурыз аралығына, ал кеш басталу мерзімдері 14 - 26 сәуірге сәйкес келеді. Су тасудың аяқталу уақыты қардың еру интенсивтілігіне, су жиналатын алаптың мөлшеріне және сол жылғы су молдылығына байланысты. Нұра өзеніндегі көктемгі су тасудың орташа ұзақтығы шамамен 45 - 54 тәулікті құрайды.



62 сурет - 2023 жылдағы көктемгі су тасу ағындысы көлемінің өзгеріс динамикасы

Нұра өз. - Балықты т/ж ст. 1938-2023 жылдар аралығындағы көктемгі су тасудың көпжылдық орташа көлемі 203 млн м³ немесе 13,4 мм құрайды. Көпжылдық кезең бойынша су тасудың орташа басталу күні – 30 наурыз, ал аяқталу күні – 12 мамыр. Көктемгі су тасудың орташа ұзақтығы – 44 тәулік. 1935-1974 және 2011-2023 жылдар аралығындағы көктемгі су тасу динамикасын талдау нәтижесінде ағын көлемінің арту үрдісі байқалады. Осы кезең ішінде ең жоғары ағын 1130 млн м³ (2015 ж.) болған, ал ең төменгісі 5,39 млн м³

(1936 ж.). 2023 жылы көктемгі су тасу 28 наурызда басталып, 28 сәуірде аяқталды (орташа мерзімнен 14 күн ерте), ұзақтығы 32 тәулік болды (орташа мәннен 12 тәулікке қысқа).

1975-1990 жж. – деректер келтірілмеген, себебі шаруашылық қызметінің әсерінен ағын бұрмаланған; 1991-2010 жж. – деректер келтірілмеген, себебі өзен ағыны реттелген.

✚ **Нұра өз. – Қошқарбаев а.** 1916-1919, 1928, 1933-1943, 1945-1975, 1981-1985, 2011-2015, 2018-2023 жылдар аралығындағы көктемгі су тасу суының көпжылдық орташа көлемі **404 млн м³** немесе **8,8 мм** құрайды. Орташа алғанда көктемгі су тасудың басталу мерзімі – 6 сәуір, ал аяқталуы – 31 мамыр. Көктемгі су тасудың орташа ұзақтығы – 54 тәулік. Аталған кезеңдегі мәліметтер бойынша тасқын ағыны нормадан ауытқымаған, сонымен қатар ең жоғары ағын 1440 млн м³ (1948 ж.), ал ең төменгі ағын 18 млн м³ (1936 ж.) болған. **2023 жылға** қатысты деректер келтірілмеген, себебі өзен ағыны реттелген.

1976-1980, 1986-1990 жж. – деректер шаруашылық қызметінің әсерінен бұрмаланғандықтан берілмеген; 1991-2010 және 2022-2023 жж. – деректер өзен ағынының реттелуіне байланысты берілмеген.

✚ **Шерубайұра өз. – Қарамұрын раз.** 1938-2023 жылдар аралығындағы көктемгі су тасу суының көпжылдық орташа көлемі **143 млн м³** немесе **16 мм** құрайды. Орта есеппен көктемгі су тасудың басталу мерзімі – 29 наурыз, ал аяқталуы – 22 мамыр. Көктемгі су тасудың орташа ұзақтығы 55 тәулік. 1947-1950 жылдар және 1957-2023 жылдар аралығындағы мәліметтер бойынша су тасудың ағын көлемі нормадан ауытқымаған. Осы кезең ішінде ең жоғары ағын 592 млн м³ (2017 ж.), ал ең төменгісі 4,35 млн м³ (1975 ж.) болған. Аталған гидрологиялық бекет бойынша **2023 жылғы** көктемгі су тасу суының көлемі **79 млн м³** құрады. **2023 жылы** көктемгі су тасу **27 наурызда** басталып (орташа мерзімнен 2 күн ерте), **10 маусымда** аяқталды (орташа мерзімнен 18 тәулік кеш), алы оның ұзақтығы 76 тәулік болды, бұл орташа мәннен 21 тәулікке ұзақ.

✚ **Сарысу өз. – №189 раз.** 1938–2023 жылдар аралығындағы көктемгі су тасу суының көпжылдық орташа көлемі **70 млн м³** немесе **2,6 мм** құрайды. Орта есеппен көктемгі су тасу 31 наурызда басталып, 9 мамырда аяқталады. Көктемгі су тасудың орташа ұзақтығы – 39 тәулік. 1963-2023 жылдар аралығындағы деректер бойынша ағын көлемінің айқын арту үрдісі байқалады. Осы кезең ішінде ең жоғары ағын 861 млн м³ (2015 ж.), ал ең төменгісі 0,54 млн м³ (2012 ж.) болған. Аталған гидрологиялық бекет бойынша **2023 жылғы** көктемгі су тасу суының көлемі **62 млн м³** болды. 2023 жылы көктемгі су тасу 15 наурызда басталып (орташа мерзімнен 16 күн ерте), 31 мамырда аяқталды (орташа мерзімнен 22 тәулік кеш), ал ұзақтығы 78 тәулік болды, бұл орташа мәннен 39 тәулікке артық. Су тасудың аяқталу уақыты қардың еру қарқындылығына, су жиналу алабының мөлшеріне және жыл ішіндегі с сулылыққа байланысты.


[21] деректеріне сәйкес, елдің кейбір өңірлерінде көктем аса құрғақ болды, жауын-шашын мөлшері нормадан едәуір төмен түсті. Ауаның жоғары температура аясында қар жамылғысының жылдам еруі өзендерге еріген судың түсу уақытын және көлемін азайтты.

2.8 Тобыл-Торғай США негізгі өзендерінің көктемгі су тасуы ағынының сипаттамаларын талдау

Көктемгі су тасуы негізінен қардың еруіне байланысты болып, Тобыл өзені алабындағы өзендердің су режимінің негізгі фазасын құрайды және олардың жылдық ағынының 75-100 % қамтамасыз етеді. Негізгі салаларды жоғары бөліктерден еріген қар суларымен қамтамасыз етіледі, сұйық жауын-шашын мен жер асты қоректенудің үлесі аз,

ал кіші өзендерде жер асты қоректену мүлде болмайды. Осы кезеңде су деңгейінің елеулі көтерілуі байқалады, ал су тасуы толқынының биіктігі жылдың су молдығына және су жинау алабының көлеміне байланысты өзгереді. Жалпы алғанда, Тобыл-Торғай су шаруашылық алабындағы көпжылдық кезеңде көктемгі су тасуының басталу күні - **3 сәуір**, аяқталу күні - **9 мамыр**, ал тасудың ұзақтығы - 37 тәулік.

Тобыл өзеніндегі су тасуы негізінен орта есеппен 3-6 сәуірде басталады. Су тасуының ерте басталуы 11-24 наурызға, кеш басталуы 20 сәуірден 15 мамырға дейінгі мерзімге сәйкес келеді. Су тасуының аяқталу уақыты қардың еру қарқынына, су жинау алабының көлеміне және жылдың су молдығына байланысты өзгереді. Тобыл өзеніндегі көктемгі су тасуының орташа ұзақтығы шамамен 30-40 тәулік.



63 сурет — 2023 жылдағы көктемгі су тасу ағындысы көлемінің өзгеріс динамикасы

Тобыл өз. - Гришенка а. 1938-2023 жылдар аралығындағы көктемгі су тасуының көпжылдық орташа ағыны **215 млн.м³ (16 мм)** құрайды. Су тасуының орташа басталу күні - 3 сәуір, аяқталу күні - 8 мамыр, орташа ұзақтығы - 36 тәулік. Көпжылдық деректерді талдау көрсеткендей, су тасуы ағынының қысқару тенденциясы тұрақты түрде байқалады. Ең төменгі көлем 2023 жылы - 0,79 млн.м³, ең жоғарысы 1941 жылы - 1140 млн.м³ болды. **2023 жылы** су тасуы **28 сәуірде** басталып (орташа басталу күнінен 25 күн кеш), **30 сәуірде** аяқталып (орташа аяқталу күнінен 9 күн ерте) тек 3 тәулікке созылды.

Аят өз.- Варваринка а. 1952-2023 жылдар аралығындағы көктемгі су тасуы ағынының көпжылдық орташа көлемі **123 млн.м³ (14 мм)** құрайды. Су тасуының орташа басталу күні - 3 сәуір, аяқталу күні - 10 мамыр, ұзақтығы - 37 тәулік. Су тасуы көлемінің айтарлықтай төмендеу тенденциясы байқалады. Ең төменгі ағын 2015 жылы - 6,4 млн.м³, ең жоғарысы 1957 жылы - 550 млн.м³ болған. **2023 жылы** су тасуы **30 наурызда** басталып (орташа басталу күнінен 4 күн ерте), **30 сәуірде** аяқталып (орташа аяқталу күнінен 10 күн ерте), ұзақтығы 32 тәулікке созылды.

Қара-Торғай өз.- Үрпек а. 1942-2023 жылдар аралығындағы көктемгі су тасуы ағынының көпжылдық орташа көлемі **270 млн.м³ (18 мм)** құрайды. Су тасуының орташа басталу күні - 3 сәуір, аяқталу күні - 8 мамыр, ұзақтығы - 35 тәулік. Талдау ағын көлемінің жалпы төмендеу тенденциясын көрсетеді. Ең төменгі ағын 1968 жылы - 4,47 млн.м³, ең жоғарысы 1948 жылы - 760 млн.м³ болған. **2023 жылы** су тасуы **23 наурызда**

басталып (орташа басталу күнінен 11 күн ерте), **10 мамырда** аяқталып (орташа аяқталу күнінен 2 күн кеш), ұзақтығы 49 тәулікке созылды.

 **Ырғыз өз. - Шеңбертал а.** 1961-2023 жылдар аралығындағы көктемгі су тасуы ағынының көпжылдық орташа көлемі **258 млн.м³ (10 мм)** құрайды. Су тасуының орташа басталу күні - 1 сәуір, аяқталу күні - 14 мамыр, ұзақтығы - 44 тәулік. Басқа өзендерден айырмашылығы, мұнда ағын көлемінің өсу тенденциясы байқалады. Ең төменгі ағын 2020 жылы - 2,27 млн.м³, ең жоғарысы 2022 жылы - 2700 млн.м³ болған. **2023 жылы** су тасуы **14 наурызда** басталып (орташа басталу күнінен 17 күн ерте), **10 мамырда** аяқталып (орташа аяқталу күнінен 4 күн ерте), ұзақтығы аномалды қысқа болып, 16 тәулікке созылды.

 **Тоғызак өз. - Тоғызак а.** 1936-2023 жылдар аралығындағы көктемгі су тасуы ағынының көпжылдық орташа көлемі **417 млн.м³ (28 мм)** құрайды. Су тасуының орташа басталу күні - 3 сәуір, аяқталу күні - 8 мамыр, ұзақтығы - 35 тәулік. Көпжылдық динамикада су тасуы көлемінің өсу тенденциясы байқалады. Ең төменгі ағын 1936 жылы - 3,58 млн.м³, ең жоғарысы 1947 жылы - 215 млн.м³ болған. **2023 жылы** су тасуы **28 наурызда** басталып (орташа басталу күнінен 7 күн ерте), **30 сәуірде** аяқталып (орташа аяқталу күнінен 8 күн ерте), ұзақтығы 34 тәулікке созылды.

2023 жылы әртүрлі өзендер мен аймақтарды қамтитын гидрологиялық бекеттерде су тасуымен байланысты келесі жалпы заңдылықтар байқалды: су тасуының басталуы көп жағдайда орташа есептік мерзімдерден айтарлықтай ерте болды. Ерекше жағдай - Тобыл өзені, онда су тасуы орташа мерзімнен кейін басталды. Су тасуының аяқталуы әртүрлі өзендерде кешігіп немесе ерте орын алғанымен, жиі көпжылдық нормамен салыстырғанда тасудың қысқартылған кезеңі немесе кемінде шыңнан кейінгі ағынының азайған интенсивтілігі байқалды. **2023 жылы** [21]. Қазақстанда ауа температурасының айтарлықтай аномалиялары тіркелді, әсіресе көктем және жаз айларында. Солтүстік аймақтар да бұл аномалияларды бастан өткерді. Жоғары температура қардың еруін жылдамдатады, қар жамылғысының тұрақтылығын төмендетеді, бұл су тасуының ерте басталуына әкеледі.

3 ҚАУІПТІ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰБЫЛЫСТАРҒА ШОЛУ ЖӘНЕ ТАЛДАУ

Қауіпті гидрологиялық құбылыстар - бұл әртүрлі табиғи факторлардың немесе олардың өзара әсерінің нәтижесінде пайда болатын гидрологиялық үдерістер салдарынан қалыптасатын, адамдарға, шаруашылық нысандарына және қоршаған табиғи ортаға залалды әсер ететін оқиғалар [27].

Қауіпті гидрологиялық құбылыстарға мыналар жатады:

1) Су тасқыны, нөсерлі жаңбырдан болған тасқын, мұз кептелісі, мұздық жиналуы, жел әсерінен судың жағалауға жиналуы кезіндегі **жоғары су деңгейлері** - бұл деңгейлерде өзен жайылмалары мен олардың аумағында орналасқан елді мекендер, ірі өнеркәсіптік нысандар, жолдар, электр жеткізу желілері, су құбырлары, ауыл шаруашылығы дақылдарының егістіктері су астында қалуы мүмкін;

2) **Судың төмен деңгейлері** - сабалық кезеңдерінде (қысқы және жазғы-күзгі уақытта) байқалатын, өзен тек жерасты суларымен қоректенетін, су азайған және ұзақ уақыт төмен деңгейде тұратын жағдайлар;

3) Кеме жүретін өзендердің, су қоймалары мен көлдердің **ерте қатып қалуы немесе кеш еруі**, бұл құбылыс 10 жылда бір реттен жиі қайталанбайды; сондай-ақ навигация кезеңінде кеме және мұзжарғыш жүре алмайтын мұздың пайда болуы; өзен гидротехникалық құрылыстарына қысым түсіріп, оларды бүлдіру қаупін төндіретін қарқынды мұз жүруі; су алу құрылыстарын бітеп тастайтын су асты мұзы;

4) **Қызылсу мұзы** - өзендерде судың көтерілуіне және суық сумен жақын маңдағы аумақтардың су астында қалуына әкелетін қабатты мұз жиналмалары, сондай-ақ мұздың статикалық және динамикалық қысымы арқылы түрлі құрылыстарды бүлдіретін құбылыс;

5) **Селдер** - таулы аймақтарда күшті жаңбырдан, бөгелген және мореналық көлдердің жарылуынан туындайтын су-балшық-тас ағындары, олар елді мекендерге, спорттық және шипажайлық кешендерге, тау-кен өнеркәсібі нысандарына, теміржол және автожолдарға, суару жүйелеріне және басқа шаруашылық объектілеріне қауіп төндіреді;

6) **Қар үйінділері мен көшкіндер** - елді мекендерге, теміржол және автокөлік жолдарына, электр жеткізу желілеріне және басқа да шаруашылық нысандарына қауіп төндіретін табиғи құбылыстар;

7) **Жер көшкіндері мен жағалаулардың бұзылуы** жаңа салынған су қоймаларында айқын байқалатын құбылыс, ол жағалауда орналасқан түрлі құрылыстарға, соның ішінде тұрғын үйлерге де қауіп төндіреді [27].

Қауіпті су деңгейлері – бұл өзендердегі судың сыни деңгейлері, яғни осы деңгейлерде елді мекендердің су астында қалуы байқалады. Судың сыни деңгейлері көпжылдық бақылау деректері негізінде анықталады, ол тарихи ең жоғары су деңгейлерін және су басу жағдайларын ескереді [28].

2023 жылғы қауіпті гидрологиялық құбылыстар

Қазақстандағы қауіпті гидрологиялық құбылыстар негізінен көктемгі қардың қарқынды еруімен байланысты болатын тасқын кезеңімен сипатталады. 2023 жылғы тасқын кезеңі өткен жылдармен салыстырғанда негізінен тұрақты өтті, батыс және солтүстік-батыс өңірлерден басқа, бұл аймақтар ылғалдың мол түсуімен және көктемгі су тасуының ерте басталуымен ерекшеленді. Ауа температурасының 0 °C-тен тұрақты өтуі ертерек болғандықтан, көктемгі су тасу басталуы наурыз айының бірінші онкүндігінің соңы - екінші

онкүндігінің басына сәйкес келді, ал басқа жазық өзендері бар өңірлерде әдеттегідей сәуір айының басында басталды.

Ауа температурасының 12 °С-қа дейін жылынуы және қардың қарқынды еруі нәтижесінде Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарының өзендерінде су деңгейінің көтерілуі, сондай-ақ су басу және арнасынан асып төгілу жағдайлары байқалды. Топырақтың қатты тоңдануына байланысты еріген қар сулары жерге сіңбей, беткі ағынды қалыптастырды.

Сонымен қатар, су тасу кезеңінде кейбір гидрологиялық бекеттерде (бұдан әрі - ГБ) қауіпті деңгей белгілерінен асып түсу жағдайлары тіркелді:

✚ Батыс Қазақстан облысында: Деркул өз. - Тасқала ауылы (11 наурызда су деңгейі 557 см, қауіпті белгі - 520 см), Чижа-2 өз. - Чижа-2 ауылы (11 наурызда су деңгейі - 799 см, қауіпті белгі - 780 см), Өленті өз. - Жымпиты ауылы (13 наурызда су деңгейі - 545 см, қауіпті белгі - 490-520 см) және Утва өз. - Кентүбек ауылы (14 наурызда су деңгейі - 800 см, қауіпті белгі - 700 см);

✚ Ақтөбе облысында: Үлкен Қобда өз. - Қобда ауылы (14 наурызда су деңгейі - 739 см, қауіпті белгі - 660 см), Темір өз. - Ленинский ауылы (14 наурызда су деңгейі - 700 см, қауіпті белгі - 623 см), Ойыл өз. - Ойыл кенті (17 наурызда су деңгейі - 1045 см, қауіпті белгі - 995 см);

✚ Қостанай облысында: Тюнтюгур өз. - Кошевое ауылы (5 сәуірде су деңгейі - 956 см, қауіпті белгі - 913 см);

✚ Ақмола облысында: Қалқұтан өз. - Қалқұтан ауылы (13 сәуірде су деңгейі - 599 см, қауіпті белгі - 570 см);

✚ Солтүстік Қазақстан облысында: Есіл өз. - Покровка ауылы (13 сәуірде су деңгейі - 1068 см, қауіпті белгі - 950 см).

Селдер

«Қазгидромет» РМК мен «Қазселденқорғау» ММ деректері бойынша, 2023 жылы Қазақстан аумағында 7 рет сел құбылысы тіркелді. Оның 1 жағдайы – Маңғыстау облысында, ал 6 жағдай – Алматы облысында байқалды.

2023 жылғы 17-18 шілдеде Маңғыстау облысының Түпқараған ауданына қарасты Таушық ауылында және Қарақия ауданында нөсер жаңбырдың әсерінен жауын-шашындық генезиске жататын сел жүрді. 10 минутқа созылған қатты жауын нәтижесінде таудан аққан су қуатты лайлы ағынға айналып, кейбір жаяу жүргіншілер өткелдерін шайып кетті. Оқиға орнында зардап шеккендер болмады.

Алматы облысында 2023 жылғы 21 шілдеде қатты жауын нәтижесінде Алматы қаласына жақын таулы аймақтарда сел тасқындары орын алды: бір мезетте Кіші Алматы өзені алабында және Үлкен Алматы өзенінің оң жақ саласы саналатын Құмбел өзенінің жоғарғы ағысында сел жүрді.

2023 жылғы 21 шілдеде қарқынды жауын-шашынның түсуі нәтижесінде Құмбел сел ойысында лай көшкіні (сел) қалыптасып, лайлылық деңгейі 4-5 баллды құрады. Сел толқын тәрізді сипатта болды: су өтімі 1,5 м³/с-тен 5 м³/с-ке дейін өзгеріп отырды, ал ең жоғары өтімі 10 м³/с болды. Үлкен Алматы өзені алабындағы Аюсай гидробекеті маңында лайлылық 3 баллды көрсетті. Сел ағыны нәтижесінде Аюсай бөгетінің сел қоймасының бірінші деңгейі (ағаш тамырлары, бұтақтар мен тастар) толды.

Кіші Алматы өзені алабында да қатты жауын-шашын салдарынан 2-3 сағат ішінде 56 мм көлемінде жаңбыр жауып, өзеннің оң жақ жотасында үш жырада сел қалыптасты.

Сел шөгінділері шамамен 1000 метрге созылған трактор жолын зақымдады, ал 300 метрлік бөлікте сел шөгінділерінің биіктігі 2 метрге жетті. «Тұйықсу а/б» гидробекеті маңында лайтас ағыны альпинистік лагерьге апаратын көпір өткелінің бөлігінде ішінара шөгінділер қалдырды.

Алматы облысында селдердің түзілуі салдарынан бірден үш аудан қауіпті жағдайда болды:

✚ Талғар ауданында Талғар өзені алабында қатты жауын-шашынның әсерінен судың деңгейі сын көтергіш межеге дейін көтеріліп, су өтімі шамамен 20 м³/с және лайлылығы 4 балл болатын нөсерлі сел қалыптасты. Нәтижесінде бөгеттің жарылуы болды, 330 адам эвакуацияланды, оның ішінде бөгеттен жоғары орналасқан Спутник жазғы лагерінен 250 бала;

✚ Еңбекшіқазақ ауданында Есік өзені алабында мол жауын-шашын салдарынан су өтімі 50 м³/с-ке дейін жеткен және лайлылығы 4 балл болған сел ағыны қалыптасты, нәтижесінде топырақ жолдың жабыны шайылып кеткен;

✚ Жамбыл ауданында Қараарша ауылында тасқын сулары жол арқылы асып өтіп, газ құбырын зақымдады, ал Шиен ауылында 138 үйді су басты. Лайлы су арнасынан асып, егістік алқаптарды, жертөлелер мен аулаларды су астында қалдырды.

✚ «Қазселденқорғау» ММ деректері бойынша, 2023 жылғы 13 тамыз түнінде локалды нөсер жаңбырдың түсуі салдарынан Кожай өзенінің сағасының төменгі жағынан 1 км қашықтықта селдік ағын пайда болды. Сел массасының бір бөлігі автожол аумағына (Қаскелең қаласы - Известковый зауыты) шөгіп, шөгінді көлемі шамамен 15 м³ болды. Селдік ағын жаңбыр суларының ағыны нәтижесінде қалыптасты [29].

3.1 Судың максималды деңгейіне шолу және талдау

Судың максималды деңгейі - белгілі бір уақыт кезеңінде гидрологиялық бекет тұстамасында тіркелетін ең жоғары су деңгейлері. Олар су ағынының негізгі сипаттамалары болып табылады, себебі су режимінің экстремалды көріністерін (көктемгі су тасу, тасқындар) көрсетеді. Су максималды деңгейін зерттеудің маңызы мынада: халық қауіпсіздігі - ең жоғарғы деңгейлер мүмкін болатын су басу аумақтарының шекарасын анықтайды; гидротехникалық құрылыстарды жобалау - бөгеттер, көпірлер, су алаңдары экстремалды деңгейлерді есепке ала отырып жобалануы қажет; су шаруашылығы жоспарлауында - су ағымын реттеу кезінде (су қоймалары, суару жүйелері); тасқындар мен көктемгі су тасуларды болжауда - әсіресе алды таулы және таулы өзендер үшін маңызды. Сондай-ақ, климат өзгерістерінің жағдайында максималды деңгейлердің амплитудасы артуы және кезеңдердің ығысуы байқалады (көктемгі су тасу ерте басталады, тасқын шындығы жоғарылайды); антропогендік әсер күшейеді (өзен арналарын реттеу, су алу - суару үшін), бұл өзендердің табиғи режимін өзгертеді; экстремалды құбылыстардың көбеюі тіркеледі - әсіресе тауларда жиі нөсерлі тасқындар орын алады. Су максималды деңгейі тек гидрологиялық режимді ғана емес, сондай-ақ аймақтың климаттық сезімталдығын көрсететін индикатор болып табылады [2], [21], [30].

3.1.1 Ертіс США негізгі өзендерінде тіркелген судың максималды деңгейіне шолу және талдау

Ертіс США өзендердегі судың максималды деңгейі негізінен қардың қарқынды еруі мен еріген судың ағысының дамуына байланысты көктемгі су тасу кезеңінде, сондай-ақ

жылы мезгілдегі нөсерлі тасқындар нәтижесінде қалыптасады. Гидрологиялық бақылаулар деректері бойынша тіркелген максималды деңгейлер жылдар бойына гидрометеорологиялық жағдайларға, қар қабатының жағдайына, оның еру жылдамдығына және жауын-шашын мөлшеріне байланысты өзгеріп отырады. Осы бюллетеннің Б-Қосымшасындағы 1-суретте Ертіс США негізгі өзендердегі судың максималды деңгейі көрсетілген.

✚ **Қара Ертіс өзені Боран ауылы маңында** 2002-2023 жылдар аралығындағы бақылау кезеңінде қауіпті белгі **550 см** болып белгіленген. 2016 жылы су деңгейі оны 5 см-ге асып кеткен, ал **2023 жылы** тіркелген су деңгейі **511 см** болып, белгіленген шектен төмен болды.

✚ **Ертіс өзені Семиярка ауылы маңында** 1960-2023 жылдар аралығындағы қауіпті белгі **550 см** құрады. Ең үлкен асып көтерілу 1980 жылы тіркеліп, сындарлы көрсеткіштен 153 см жоғары болды, ал **2023 жылы** су деңгейі тек **278 см** болды.

✚ **Ертіс өзені Прииртышское ауылы маңындағы** аумақта 2003-2023 жылдар аралығында қауіпті белгі белгіленбеген, себебі бақылау кезеңінде су басуға әкеп соғатын асып кетулер тіркелмеген. Максималды деңгейдің орташа көрсеткіші 678 см құрайды, ал **2023 жылы** тіркелген деңгей **623 см** болып, орташа көпжылдық мәннен сәл төмен болды.

✚ **Қалжыр өзені Қалжыр ауылы маңында** (2013-2023 жылдар аралығы) максималды деңгейдің орташа мәні **446 см** құрайды, ал **2023 жылы** тіркелген деңгей **439 см** болып, орташа мән шегінде қалды.

✚ **Күршім өзені Вознесенка ауылы маңында** 1935-2023 жылдар аралығында қауіпті белгі **310 см** болып белгіленген. Ең үлкен асып көтерілу 2013 жылы тіркеліп, сындарлы көрсеткіштен 43 см жоғары болған, ал **2023 жылы** су деңгейі **305 см** болды.

✚ **Бұқтырма өзені Лесная Пристань ауылы маңында** (1991-2023 жылдар аралығы) қауіпті белгі **530 см** болып белгіленген. 2018 жылы ол 220 см-ге асып кеткен, ал **2023 жылы** тіркелген деңгей 521 см болып, сындарлы көрсеткіштен төмен болды.

✚ **Үлбі өзені перевалочная ауылы маңында** 1941-2023 жылдар аралығында қауіпті деңгей **380 см** болып белгіленген. Ең үлкен асып көтерілу 1958 жылы тіркеліп, 58 см жоғары болған, ал **2023 жылы** су деңгейі **311 см** болды.

✚ **Оба өзені Шемонаиха ауылы маңында** 1954-2023 жылдар аралығында қауіпті белгі **430 см** деп анықталған. Ең үлкен асып көтерілу 2001 жылы тіркеліп, 74 см жоғары болған, ал **2023 жылы** су деңгейі **336 см** болды.

Жалпы алғанда, Ертіс США өзендердегі судың максималды деңгейіне талдау көрсеткендей, **2023 жылы** ешбір гидрологиялық бекетте қауіпті белгіден асып кетпеген. Тіркелген мәндер орташа көпжылдық өзгергіштік аясында қалып, сындарлы шектерден төмен болды. Көптеген су көздерінде су деңгейлері орташа көпжылдық көрсеткіштерге сәйкес келді немесе сәл төмен болды, бұл қарастырылып отырған кезеңде салыстырмалы түрде тыныш гидрологиялық жағдайдың болғанын көрсетеді.

3.1.2 Балқаш-Алакөл США негізгі өзендеріндегі ең жоғарғы су деңгейлеріне шолу және талдау

Балқаш-Алакөл США ең жоғарғы су деңгейлері негізінен келесі кезеңдерде байқалады: көктемгі кезеңде (сәуір-мамыр) – Жоңғар Алатауы, Тянь-Шань және Іле Алатауының төменгі аймақтарында қардың қарқынды еруіне байланысты; жазғы кезеңде (маусым-шілде) – мұздық және қар-мұздық сулармен қоректенетін өзендерде (Жабағылы,

Балдыберек, Қаттабұғын өзендері), мұнда мұздықтардың еруі мен таулы жерлердегі жауын-шашын маңызды рөл атқарады; аласа таулы және далалық өзендерде (Шаян, Ақбет, Боралдай, Сайрам өзендері) – негізгі максимум көбіне сәуір-мамыр айларына сәйкес келеді, бұл көктемгі су тасумен байланысты [31], [32].

Бұл бюллетеньнің Қосымша Б суретінде 2023 жылға дейінгі кезеңде алаптың негізгі өзендеріндегі ең жоғарғы су деңгейлерінің динамикасын көрсететін графиктер берілген.

✚ **Іле өз. - Қапшағай ГЭС-інен 164 км жоғары**, 1964-2023 жылдар аралығында қауіпті деңгей **500 см** құрайды, в 2016 және 2020 жылдары су деңгейі тиісінше 57 және 35 см-ден асып кеткен. **2023 жылы** тіркелген су деңгейі **480 см**, бұл белгіленген шектен төмен.

✚ **Іле өз. - Қапшағай а.**, 1970-2023 жылдар аралығында қауіпті деңгей **501 см**, ең жоғары асу 1977 жылы - сындарлы деңгейден 177 см жоғары тіркелген, ал **2023 жылы** су деңгейі тек **398 см** болған.

✚ **Шарын өз. - Сарытоғай а.**, 1932-2023 жылдар аралығында қауіпті деңгей 250 см құрайды. Орташа жылдық су ағынының баяу өсуіне қарамастан, көпжылдық кезеңдегі ең үлкен деңгей өзгерістерінің динамикасы біртіндеп төмендеуді көрсетеді. **2023 жылы** ең үлкен деңгей **158 см** болып, белгіленген шектен төмен болды.

✚ **Шілік өз. - Малыбай а.** қауіпті деңгей **186 см** от белгіленген, ең үлкен асып кету 1981 жылы 208 см деңгейімен тіркелген. **2023 жылы** ең үлкен деңгей **181 см** болды.

✚ **Лепсі өз. - Лепсі а.** аумағында 1932-2023 гг. жылдар аралығында қауіпті деңгей 420 см құрады, ең үлкен асып кету 1994 жылы 475 см деңгейімен тіркелген. Көпжылдық ең үлкен деңгей деректері бойынша тенденция қалыпты шеңберде сақталады. **2023 жылы** ең үлкен деңгей **369 см** жетті.

✚ **Тентек өз. - Төңкеріс а.** аумағында қауіпті деңгей **481 см**, ал осы деңгейден ең үлкен асып кетулер 1952 және 1959 жылдары 481 см деңгейімен тіркелген. **2023 жылы** ең үлкен деңгей **237 см** болды.

✚ Көпжылдық кезеңде, яғни 1940-2023 жылдар аралығында **Қараой өз. - Текелі қ.** аумағында қауіпті деңгей **410 см** құрайды. Қауіпті деңгейдің ең үлкен асып кетуі 1947 жылы 193 см деңгейімен байқалған. **2023 жылғы** деректер бойынша, осы бекетте ең үлкен деңгей **413 см** жетіп, сындарлы мәннен жоғары болды.

✚ **Шыжын өз. - Текелі қ.** аумағында 1981-2023 жылдар аралығында қауіпті деңгей **410 см** құрайды. Қауіпті деңгейден ең үлкен асып кетулер 1993 жылға дейін байқалған, олардың ең үлкені 1993 жылы 480 см деңгейімен тіркелген. **2023 жылы** ең үлкен деңгей **316 см** жетті.

✚ **Текелі өз. - Текелі қ.** аумағында 1981-2023 гг. жылдар аралығында қауіпті деңгей **240 см** деп белгіленген. Бұл бекетте қауіпті деңгейден асып кетулер тек бірнеше жылда (1988, 1993-1994) байқалған, орташа есеппен 68 см-ге артқан. **2023 жылы** ең үлкен деңгей **195 см** болды.

✚ **Көксу өз. - Көксу а.** 1956-2023 жылдар аралығында қауіпті деңгей **400 см** құрады, ал ең үлкен асып кету 1969 жылы 490 см деңгейімен тіркелген. **2023 жылы** ең үлкен деңгей **378 см** жетті.

✚ **Көктал өз. - Аралтөбе а.** көпжылдық бақылаулар кезеңінде, яғни 1952-2023 жылдар аралығында қауіпті деңгей **440 см** құрады. Ең үлкен деңгей өзгерісінің тенденциясы сәл төмендеу динамикасын көрсетеді. Қауіпті деңгейден ең үлкен асып кету 383 см болып, 1952 жылы тіркелген. **2023 жылы** ең үлкен су деңгейі **282 см** жетті.

Көпжылдық кезеңде, яғни 1974-2023 жылдар аралығында **Быжы өз. - Қарымсақ а.** аумағында қауіпті деңгей **236 см** құрайды. Ең үлкен деңгей өзгерісінің тенденциясы сәл төмендеу динамикасын көрсетеді. Бақылаулар кезеңінде қауіпті деңгейден асып кету тек бір рет, 1993 жылы тіркелген, ол 238 см болған. **2023 жылы** ең үлкен деңгей **127 см** жетті.

Балқаш-Алакөл алабының гидробекеттеріндегі су деңгейінің көпжылдық (1932-2023 жж.) талдауы нәтижесінде жалпы көрсеткіштер белгіленген қауіпті деңгей шегінде ауытқып тұрғанымен, кейбір учаскелерде елеулі асып кетулер тіркелгені анықталды. Ең айқын экстремалды деңгейлер Іле өзенінде (Қапшағай учаскесі, 1977 ж. – 177 см асып кеткен, Капшағай ГЭС-инен жоғары – 2016 және 2020 жж.), сондай-ақ Қараой өзенінде, Текелі қаласы усесінде (1947 ж. – 193 см асып кеткен) байқалған, бұл жоғары гидрологиялық тәуекелді көрсетеді. 1990 жылдарға дейін жиі асып кетулер Шыжын өзеніне (Текелі қаласы) тән, онда 1993 жылы ең үлкен деңгей қауіпті деңгей 410 см-ге қарағанда 480 см жеткен, ал соңғы онжылдықтарда сындарлы мәндердің төмендеуі байқалады. Шарын және Көктал өзендерінде тенденция сәл төмендеуді көрсетіп, қауіпті деңгейге жету мүмкіндігін азайтады. Текелі, Быжы және Лепсі өзендерінде асып кетулер сирек және уақытша сипатта болды. **2023 жылы** қауіпті деңгейден елеулі асып кету тек Қараой өзенінде (Текелі қаласы, 410 см шегінде 413 см) тіркелген, ал қалған бекеттерде су деңгейі қауіпті мәннен төмен. Іле және Қараой өзендерінің гидробекеттерінде қауіпті деңгейдің жиі және елеулі асып кетулері байқалса, қалған өзендердің көпшілігі үшін тұрақтылық немесе сындарлы мәндердің төмендеуі тенденциясы тән.

3.1.3 Арал-Сырдария алабының негізгі өзендерінде тіркелген судың максималды деңгейлеріне шолу және талдау

Ағынның максималды деңгейлері гидрологиялық экстремалдықтың негізгі көрсеткіші болып табылады және тікелей су тасқыны қаупін, гидротехникалық инфрақұрылымның тұрақтылығын және су тасуы кезінде қажетті жедел әрекет қорын анықтайды; Арал-Сырдария алабында олардың талдауы әсіресе маңызды, себебі мұнда таулы қармен қоректену, ағынды антропогендік қайта бөлу және ірі реттеу құрылымдарының болуы үйлесіп жатыр. Максимумдар тенденциясын анықтайтын негізгі факторлар - жоғарғы ағын бөліктеріндегі қар қоры мен оның кеңістіктік таралуы, көктемгі еру қарқыны және көктемгі жауын-шашын сипаты (бұл су тасуының басталу күнін және амплитудасын анықтайды және өзендерді қар жамылғысының өзгеруімен қоректенуіне әсерін зерттеген аймақтық зерттеулерде сипатталған) [33].

Климаттық өзгергіштік пен жылыну маусымдық сипаттарды өзгертіп, максимумдардың ішкі маусымдық өзгергіштігін арттыруы мүмкін (қардың ерте еруі, жалпы қар қоры қысқарған жағдайда қысқа әрі «қалың» су тасқыны шыңдары), бұл Казгидрометтің жыл сайынғы бюллетеньдерінде тіркелген температура мен жауын-шашын аномалияларымен расталады [21].

Б қосымшасының 3-суретінде 2023 жылға дейінгі бекеттің барлық кезеңінде алабтың негізгі өзендеріндегі судың максималды деңгейлер динамикасының графиктері келтірілген.

Шаян өз. - Акбет өз. сағасынан 3,3 км төменде орналасқан ГБ-те 1969-2023 жылдар аралығында қауіпті деңгей **260 см** болып белгіленген, бірақ осы деңгейден асып кету байқалған жоқ; ал **2023 жылы** тіркелген ағынның максималды деңгейі **173 см** құрап, белгіленген шектен төмен болды.

✚ **Көкбулақ өз. - Пістелі а.** ГБ-те 1964-2023 жылдар аралығында қауіпті деңгей **502 см** болып белгіленген, асып кету тіркелмеген, ал **2023 жылы** су деңгейі тек **265 см** құрады.

✚ **Болдыбрек өз. - мемлекеттік қорықтың кордонында** орналасқан ГБ-те 1959-2023 жылдар аралығында қауіпті деңгей **600 см** болып белгіленген, көпжылдық максималды деңгейлердің өзгеру тенденциясында орташа азаю динамикасы байқалады. **2023 жылы** ағынның максималды деңгейі **182 см** болып, белгіленген шектен төмен болды.

✚ **Қаттабұғын өз. - Жарықбас а.** ГБ бойынша 1932-2023 жылдар аралығындағы көпжылдық кезеңде қауіпті деңгей **536 см** деп анықталған, асып кету тіркелмеген. **2023 жылы** ағынның максималды деңгейі **329 см** болды.

✚ **Жабағлысу өз. - Жабағлы а.** ГБ учаскесінде 1965-2023 жылдар аралығында қауіпті деңгей **350 см** болып белгіленген, асып кету тіркелмеген. Көпжылдық максималды деңгей деректеріне сәйкес, өзгеру тенденциясы қалыпты шектерде сақталған. **2023 жылы** ағынның максималды деңгейі **265 см** болды.

✚ **Боралдай өз. - Васильевка а.** ГБ бойынша 1956-2023 жылдар аралығында қауіпті деңгей **600 см** болып белгіленген, бірақ осы деңгейден асып кету тіркелмеген. **2023 жылы** ағынның максималды деңгейі **237 см** болды.

✚ **Сайрам өз. - Тасарық а.** ГБ бойынша 1936-2023 жылдар аралығындағы көпжылдық кезеңде қауіпті деңгей **380 см** құрайды. Қауіпті деңгейден асып кету тек бір рет, 1958 жылы тіркеліп, 386 см болған. **2023 жылы** осы бекеттегі ағынның максималды деңгейі тек **164 см** болып, сындарлы мәннен төмен болды.

Көптеген өзендерде белгіленген қауіпті деңгейден асып кету деректері дерлік байқалмаған, бұл қазіргі жағдайда су тасқыны қауіптілігінің салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетеді. Ерекше жағдай - Сайрам өзені (Тасарық ауылы), 1958 жылы сындарлы деңгейден 6 см асып кеткен, алайда бұл оқиға біржолғы сипатта болып, кейінгі бақылаулармен расталмаған. Шаян, Көкбулақ, Қаттабұғын, Жабағлысу және Боралдай өзендерінде барлық бақылау кезеңінде максималды деңгейлер шекті мәндерге елеулі түрде жетпеген, ал өзгеру тенденциялары қалыпты шектерде сақталған. Ең қызықтысы - Болдыбрек өзені, онда көпжылдық кезеңде максималды деңгейлердің тұрақты түрде орташа төмендеуі тіркелген, бұл гидрологиялық режимнің ұзақмерзімді өзгерістерін климаттық және жергілікті факторлардың әсерімен түсіндіреді. Осылайша, гидробекеттер арасында ерекшеленетіні - Сайрам өзені (қауіпті деңгейдің біржолғы асып кетуі) және Болдыбрек өзені (экстремалды мәндердің тұрақты төмендеуі), ал қалған бекеттерде деңгейлердің сындарлы шектерден шығу қаупі жоқ тұрақты жағдайлар байқалады.

3.1.4 Жайық-Каспий США негізгі өзендерінде тіркелген судың максималды деңгейіне шолу және талдау

Өзендердегі судың максималды деңгейлері гидрологиялық режимнің маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады, ол су тасқыны мен тасулардың қарқындылығын және жағалау аймақтарына ықтимал қауіп деңгейін көрсетеді.

Ертіс өзенінің салалары (Қалжыр, Күлшім, Үлбі, Оба) үшін шектеуші емес кезең сәуір-шілде аралығын қамтиды, бұл кезде жылдық ағынның маңызды бөлігі (шамамен 67,5 %) қалыптасады, бұл 2-суретте көрсетілген, егжей-тегжейлі ақпарат қосымша В, кесте 2-де берілген. Ағынның ең жоғарғы шекті мәндері мамырда байқалады, бұл көктемгі су тасу және қардың қарқынды еруімен байланысты, ол өзендерді барынша толтыруды және су қорын қамтамасыз етеді. Шектеуші кезең тамыздан наурызға дейін созылады және ағын көлемінің төмендеуімен сипатталады. Бұл кезең ішінде екі маусым бөлінеді: шектеуші емес маусым (тамыз-қараша) - нөсерлі жауын-шашын және жер асты суларының қоректенуі есебінен салыстырмалы тұрақты ағыс сақталады, бұл су режимінің тұрақтылығын қамтамасыз етеді; шектеуші маусым (желтоқсан-наурыз) - ағын көлемі айтарлықтай аз, бұл қысқы сабалық кезеңмен түсіндіріледі.

Ертіс өзенінің салалары (Қалжыр, Күршім, Үлбі, Оба өзендері) бойынша көктемгі су тасу (сәуір-маусым) айқын көрініс табады және ағын күзге қарай біртіндеп төмендейді.

4.2 Балқаш – Алакөл США жылішілік ағынды үлестірімі



Балқаш – Алакөл США. Жетісу Алатауы баурайында ағындары қалыптасатын көптеген өзендерге тән ұзаққа созылатын көктем-жаздағы су тасу кезеңі сипатқа ие. Алайда өзендердің жылішілік ағынды үлестірімі тек су жиналу алаптардың биіктік жағдайы мен ауданына ғана емес, сонымен бірге алап орналасқан жотаның басым бағытталуына және әртүрлі гидрогеологиялық жағдайларға да тәуелді болады.




Өзен ағындысы үлестірімінің есептік схемасы құрастырылғанда келесі шектеуші кезеңдер мен маусымдар қабылданды: Іле өзені - Добын айлағы, Іле өзені - Қапшағай шатқалы, Іле өзені - Үшжарма ауылы және Тентек өзені - Тонкеріс ауылы гидрологиялық бекеттері үшін шектеуші емес кезең наурыздан қыркүйекке дейін (III-IX), ал Лепсі өзені (Лепсі ауылы), Шілік өзені (Малыбай ауылы), Шарын өзені (Сарытоғай шатқалы) және Іле өзені - Қапшағай ГЭС-тен 164 км жоғары учаскесі үшін - наурыздан қазанға дейін (III-X).




Бірінші топ өзендер үшін шектеуші кезең қазаннан ақпанға дейін (X-II), екінші топ үшін – қарашадан желтоқсанға дейін (XI-II); оның ішінде бірінші топ үшін шектеуші емес маусым қазан–қараша (X-XI), екінші топ үшін – қараша–желтоқсан (XI-XII); бірінші топ үшін шектеулі маусым желтоқсан–ақпан (XII-II), ал екінші топ үшін – қаңтар–ақпан (I-II).

Белгілі бір қамтамасыз ету деңгейіне сәйкес жылдық ағындыны анықтау үшін алдын ала таңдалған кезеңдер мен маусымдар бойынша қамтамасыздық қисықтары тұрғызылып, статистикалық сипаттамалар анықталды (2 сурет, В қосымшасы).

Балқаш - Алакөл США гидрологиялық **бекеттері бойынша** бақыланған ағындының қамтамасыздық қисықтарының талдауы, ірі және кіші өзендер арасындағы ағындының жыларалық өзгергіштігінде елеулі айырмашылықтарын көрсетті. Іле өзені сияқты ірі өзендер, климаттық және антропогендік өзгерістерге жоғары сезімталдық көрсетеді, бұл олардың қамтамасыздық қисықтарының тік және асимметриялық болуында айқын көрінеді. Ал Лепсі мен Шарын сияқты кіші өзендер тұрақтырақ ағынға ие болып, қамтамасыздық қисықтары біршама тегіс. Іле өзенінің айқын асимметриясы бар қамтамасыздық қисығында, қамтамасыздықтың 1 %-дан 50 %-ға дейін күрт құлдыраулары байқалады, бұл жоғары су өтімдері кезінде жылдар арасындағы өзгергіштік жоғары екенін көрсетеді. Тентек, Шарын, Шілік өзендерінің қисықтары логарифмдікке жақын болып, әсіресе қыста тұрақтылық пен біркелкілікті көрсетеді. Бүкіл жүйе жоғары маусымдық контрастылықпен сипатталады: көктем–жаз – максимум, қыс – минимум.









68 Сурет – Балқаш - Алакөл США көпжылдық кезең үшін негізгі ГБ жылішілік ағынды үлестірімі


Жылішілік ағынды үлестірімі 2021 жылға дейін орындалды; әрі қарай әр жылдың маусымдық ағынды мәндерінің қосындысы орындалған қатарға қатысты талданатын болады. Жыларалық ағынды өзгерісі динамикасына байланысты жылішілік ағынды үлестірімі әр 5-7 жылда қайта жаңартылып отырады.

26 кесте - Сулылығы орташа кезең үшін пайыздық шамада (қамтамасыздығы 50 %) негізгі гидрологиялық бекеттердің жылшылық ағынды үлестірімі (%)



Жалпы жылдық ағынның шамамен 74 %-ы көктем-жаз көктемгі су тасу кезеңінде (наурыз–қыркүйек), ал қалған 26 %-ы жылдың қалған бөлігінде қалыптасады. 68-сурет пен 26-кестеге сәйкес, көктем-жаз кезеңіндегі ең жоғарғы ағын мәндері Шілік өзені – Малыбай ауылы гидрологиялық бекетінде тіркелген, бұл судың режимінің тұрақтылығын көрсетеді; сондай-ақ Тентек өзені – Төңкеріс ауылы гидрологиялық бекетінде де ағын климаттық тербелістерге азырақ ұшырайды. Ең төменгі ағын мәндері Іле өзені – Үшжарма ауылы бекетінде тіркелді.





69 Сурет – 2023-2024 жылдардағы Балқаш-Алакөл США негізгі гидробекеттері бойынша жыл ішілік ағынды үлестірімі

2023 жыл жалпы алғанда сулылығы аз (маловодный) жыл ретінде сипатталады және көктем-жаз су тасу кезеңінің тұрақты көрінісімен, мамыр-маусым айларында анық су-қамтамасыз ету фазасымен және күз-қыс кезеңінде айтарлықтай төмендеумен ерекшеленді.

Іле өз. – Добын айлағы гидрологиялық бекеті үшін **2023 жыл** сулылығы аз (75 %) жыл болды; шектеуші емес кезең мен шектеуші маусым да сулылығы аз болды, тек шектеуші емес маусым қамтамасыздығы бойынша сулылығы орташа су деңгейіне сәйкес келді. Жылдық ағынның шамамен 60 %-ы шектеусіз кезеңге тиесілі.

Тентек өз. – Тонкеріс а. бекеті үшін, **2023 жыл** негізгі шектеуші емес кезең сулылығының аз болуына байланысты жалпы сулылығы аз болып шықты. Ал шектеуші кезең мен шектеуші маусым сулылығы мол кезеңге сәйкес келді. Жалпы жылдық ағын 405 м³/с құрап, оның 77 %-ы көктем-жаз су тасу кезеңінде өтті.

Іле өз. – Қапшағай шатқалы үшін **2023 жыл** да сулылығы аз жыл болды. Шектеуші кезең көпжылдық нормадан төмен болған, ал шектеуші емес кезең сулылығы орташа су деңгейінде қалыптасты. Көктем-күз кезеңінде жылдық ағынның 70,4 %-ы қалыптасты.

Шілік өз. – Малыбай а. бекеті үшін **2023 жыл** сулылығы аз жыл болды. Шектеуші емес кезең мен шектеусіз маусым сулылығы аз сипатта болып, шектеуші маусым сулылығы орташа деңгейде болды. Шектеусіз кезең **2023 жылғы** жылдық ағынның 95,5 %-ын құрады.

Шарын өз. – Сарытоғай шатқалы бекеті үшін **2023 жыл** сулылығы аз жыл болды. Шектеуші маусым сулылығы мол болғанымен, шектеуші емес кезеңнің сулылығы аз болуы жалпы жылдық сулылығын аз деңгейге түсірді. Жылдық ағынның 69,3 %-ын құрайтын көп бөлігі көктем-күзгі кезеңде өтті.

Іле – Қапшағай ГЭС-тен 164 км жоғары бекеті **2023 жылы** да сулылығы аз жыл болды. Бұл негізінен шектеуші емес кезеңдегі сулылығы аз режимнің басымдығына байланысты. Шектеуші емес маусым сулылығы орташа су деңгейіне сәйкес келді. Жалпы жылдық ағын 3149 м³/с құрап, оның 66,4 %-ы көктем-жаз су тасу кезеңінде қалыптасты.

4.3 Арал – Сырдария США жылішілік ағынды үлестірімі

Арал – Сырдария США. Өзендердің негізгі қоректену көзі – еріген қар суы. Сондықтан жылішілік ағынды үлестірімі, әсіресе көктемгі су тасу кезеңінде, ең алдымен таулардағы қар мен мұздың жиналуы мен еру үдерістерімен, сондай-ақ топыраққа сіңу (инфильтрация), булану және өсімдіктердің транспирациясына жұмсалатын ылғал сияқты қатар жүретін үдерістермен айқындалады [23]. Ағынды қалыптастырудың таулы аймағында антропогендік қызметтің әсері жоқ немесе елеулі емес. Алайда бұл фактор ағындының сейілу аймағында (таулы аңғардан төмен орналасқан тау алды және жазықтық зоналарда) айтарлықтай маңызды, себебі суармалауға су алу және қайтымды сулардың келуі өзендердің жылішілік ағынды үлестірімін түбегейлі өзгерте алады. Қарастырылып отырған аумақ өзендерінің жылішілік ағынды үлестірімінің сипаттамалары күнтізбелік жылмен емес, су шаруашылық жылымен – наурыздан келесі жылдың ақпанына дейінгі аралықпен анықталды. Қаратау және Боралдайтау жоталарының оңтүстік-батыс беткейлерінің өзендері үшін су шаруашылық жылы ақпаннан келесі жылдың қаңтарына дейін қабылданған.

Жылішілік ағынды үлестірімінің сипаттамаларын есептеу 11 бекет бойынша орындалды. Ағындының жылішілік үлестірімі жинақтау әдісі бойынша есептелді [1] [2].




Белгілі қамтамасыздықтағы жылдық ағындыны анықтау үшін алдын ала таңдалған кезеңдер мен маусымдар бойынша қамтамасыздық қисықтары тұрғызылды және тиісті статистикалық сипаттамалар есептелді (В қосымшасы, 3 сурет).




Арал-Сырдария алабы өзендерінің қамтамасыздық қисықтары су мөлшерінің айқын кеңістіктік-уақыттық әркелкілігін және өзгергіштігінің жоғары деңгейін көрсетеді. Бұл құбылыс климаттық ауытқулармен қатар, антропогендік әсердің едәуір ықпалымен түсіндіріледі. Алаптың негізгі су артериясы – Сырдария өзені – қамтамасыздық қисығының асимметриялы пішінін көрсетеді: төмен қамтамасыздық мәндерінде (1-10 %) су өтімдерінің күрт төмендеуі байқалады, бұл сулылығы жоғары жылдарда ағындының жыларалық қатты өзгергіштігін көрсетеді. Мұндай қисық пішіні өзеннің климаттық аномалияларға (қыстағы қардың мөлшері, температуралық ауытқулар, мұздықтардың еру қарқындылығы) және жоғарғы ағыс бөлігіндегі су қоймаларының (Тоқтағұл, Шардара және т.б.) реттеуші әсеріне жоғары сезімталдығын білдіреді.




Сырдарияның орта және төменгі ағысында қамтамасыздық қисығы әлдеқайда жайпақталады, бұл жылдар бойынша ағынды ауытқуларының каскадтық су қоймалары және суармалауға судың қайта пайдаланылуы есебінен тегістелуін көрсетеді. Мұндай антропогендік қайта үлестіру экстремалды өтімдердің амплитудасының төмендеуіне, сондай-ақ табиғи маусымдық режимнің өзгеруіне алып келеді: көктем-жазғы шыңдары ішінара әлсірейді және уақыт бойынша жылжиды, ал қысқы өтімдер өндірістік су тастау есебінен артады.



Сырдарияның салалары (Келес, Ақбұлақ, Арыс және т.б.) қамтамасыздық қисықтарының өзгергіштігі бойынша салыстырмалы түрде тұрақтырақ, әсіресе таулы аймақтарда. Таулы өзендерде сулылығы орташа қамтамасыздықтар (30-70 %) диапазонында қисықтардың жайпақ болуы олардың қоректенуінің тұрақтылығын – қар-мұздық ағындысы мен жоғарғы ағыс бөлігіндегі жауын-шашын есебінен қалыптасатынын көрсетеді. Ал тау алды және жазықтық бөліктерде (мысалы, Арыс өзені) қамтамасыздық қисықтары асимметриялы болып келеді және төмен қамтамасыздықтарда күрт

төмендейтіндігімен ерекшеленеді, бұл суармалы егіншілік, қуаң климат және жаз-күз айларындағы ылғал тапшылығының елеулі әсерін айғақтайды (В қосымша, 3 сурет).









70 сурет – Арал-Сырдария США көпжылдық кезең үшін негізгі ГБ ағындысының жылшiлiк үлестiрiмi

27 кесте - Сулылығы орташа кезең үшін пайыздық шамада (қамтамасыздығы 50 %) негізгі гидрологиялық бекеттердің жылшiлiк ағынды үлестiрiмi (%)


	% (КӨКТЕМ - ЖАЗ)	% (ЖАЗ - ҚҰЗ)	% (ҚЫС)
■ Сырдария өз. – Келес өз. сағасынан жоғары	40,27	20,28	39,45
■ Сырдария өз. – Шардара су қоймасы төменгі бьефі	55,53	22,92	21,55
■ Сырдария өз. – Көктөбе а.	47,32	26,55	26,13
■ Сырдария өз. – Төменарық т.ж.ст.	51,29	26,14	22,57
■ Сырдария өз. – Қазалы қ.	39,25	25,46	35,29
■ Келес өз. – сағасы	43,24	29,85	26,92
■ Арыс өз. – Арыс т.ж.ст.	63,62	11,41	24,97
■ Ақсу өз. – Сарқырама а.	66,97	24,98	8,04
■ Бадам өз. – Қараспан а.	50,49	19,08	30,43
■ Бөген өз. – Екпінді а.	93,00	0,38	6,62
■ Шаян өз. – Ақбет ө. сағасынан 3,3 км төмен	81,38	4,17	14,45


Сулылығы орташа жылдың жылішілік ағынды үлестірімі графигі бойынша жылдық ағындының негізгі бөлігі көктем-жаз мезгілінде (наурыз–шілде) қалыптасатыны байқалады – бұл кезең Тянь-Шаньдағы қар мен мұздықтардың белсенді еру уақыты болып табылады. Осы кезеңге жылдық ағынды көлемінің 70-80 %-ға дейінгі мөлшері сәйкес келеді. Күз бен қыс мезгілдерінде су мөлшері күрт төмендейді, әсіресе суармаланатын аудандарда. Алайда Сырдарияның төменгі ағысының жекелеген учаскелерінде қысқы су өтімдері су қоймаларынан жүзеге асырылатын реттеуші су тастауларға байланысты салыстырмалы түрде тұрақты болып келеді, бұл өзеннің табиғи маусымдық режимін өзгертеді.

Осылайша, Сырдария өзені және оның салалары үшін жоғары жыларалық және маусымдық өзгергіштік тән, әрі бұл өзгергіштіктің айқындылық дәрежесі ағыс бойынша төмен бағытта климаттық факторлардың және ағындының антропогендік трансформациясының жиынтық әсеріне байланысты арта түседі.

Жылішілік ағынды үлестірімі 2021 жылға дейін орындалды; әрі қарай әр жылдың маусымдық ағынды мәндерінің қосындысы орындалған қатарға қатысты талданатын болады. Жыларалық ағынды өзгерісі динамикасына байланысты жылішілік ағынды үлестірімі әр 5-7 жылда қайта жаңартылып отырады.

Сырдария өз. – Шардара су қоймасының төменгі бьефі. 2023 жылғы ағындының үлестірімі айқын білінбейтін көктемгі су тасу шыңымен және созылыңқы жаз-күз кезеңіндегі көктемгі су тасу сипатындағы ағындымен ерекшеленетін біршама тегістелген түрде болды. Бұл Шардара су қоймасының реттелетін режимін көрсетеді, мұнда су тастаулары энергетикалық және ирригациялық басқару тәртібіне бағынады. Жылдың су мөлшері нормадан төмен, әсіресе маусым–шілде айларында, бұл жоғарғы гидротораптардан су жіберудің шектелуі және мемлекетаралық арнадағы ағынның тапшылығына байланысты.





71 сурет – Арал-Сырдария США 2023-2024 жж. үшін негізгі ГБ жылышлық ағынды үлестірімі

✚ **Сырдария өз. – Көктөбе а.** Бұл учаскеде ағындының жылышлық ағынды үлестірімі салыстырмалы түрде бірқалыпты, ал ең жоғары өтімдер мамыр–шілде айларында байқалады (жылдық көлемнің шамамен 55-60 %-ы). Алайда көпжылдық деректермен салыстырғанда көктемгі максимум онша айқын емес, ал су сабасына түскен кезеңі созылыңқы, бұл су мөлшерінің төмендеуін және реттеу әсерінен арна су өтімдерінің тұрақтанғанын көрсетеді. **2023 жыл** сулылығы аз жыл ретінде сипатталады, көктемгі ағынды шектеулі, ал жазғы өтімдер тапшылықта болды.

✚ **Сырдария өзені – Төменарық теміржол станциясы.** Жылышлық ағынды үлестірімі көктем-жаз айларында қалыпты максимумды және су сабасына түскен кезеңнің қысқаруын көрсетеді, алайда ауытқу амплитудасы жоғарғы ағыспен салыстырғанда аз. Бұл су қоймаларының реттелуі және суармалауға су алу нәтижесінде гидрографтың антропогендік трансформациясын көрсетеді. **2023 жыл** қамтамасыздығы бойынша сулылығы аз жыл болды, көктемгі өтімдер нормаға қарағанда 20-25 % кем.

✚ **Сырдария өз. – Қазалы қ.** Сырдарияның төменгі ағысында, Қазалы маңында, **2023 жылғы** ағынды да сулылығы аз жылдар қатарына жатады. Көктемгі максимум созылыңқы, бірақ оның көлемі төмендеген, ал күзгі-қысқы су өтімдер минималды деңгейде қалды. Гидрограф өзен ағынының саласы бойынша су алудың көп мәрте жүргізілуі және арнадағы айтарлықтай фильтрациялық өтімдердің әсерінен әлсірей түскенін көрсетеді. Жылдық ағынды көлемінің негізгі бөлігі (шамамен 65 %) сәуір-тамыз айларында қалыптасты, бұл көктемгі су тасу фазасына сәйкес келеді.

✚ **Келес өз. – сағасы.** Ағынды үлестірімі айқын білінетін көктем-жаз максимумын (сәуір–шілде) көрсетеді, бұл кезең жылдық көлемнің 70 %-ға дейінін құрайды. **2023 жылы** көктемгі су тасу сулылығы аз болды, бұл тау алды аймақтарындағы әлсіз қар қоры мен наурыз-сәуір айларындағы жауын-шашынның аздығына байланысты. Су сабасына түсу кезеңі айқын, бұл өзеннің қарлық қоректенуге тәуелділігін және жер асты суларының рөлінің әлсіздігін дәлелдейді.

✚ **Арыс өз. – Арыс т.ж. ст.** **2023 жылғы** гидрограф көктем-жаз максимумының айқын көрінетінін және жылдық ағынды көлемінің шамамен 60 %-ын қамтамасыз ететінін көрсетеді. Алайда жалпы көлем көпжылдық орташа мәннен төмен, бұл **2023 жылдың**

сулылығы аз екенін білдіреді. Өзенде суармалауға су алу түріндегі антропогендік әсер байқалады, ол жаз-күз су өтімдерінің төмендеуін күшейтті.

✚ **Ақсу өз. – Сарқырама а.** Бұл бекетке ағындының маусымдық асимметриясы тән: көктем-жаз кезеңінде (сәуір-шілде) жылдық ағындының шамамен 75 %-ы қалыптасты. Сонымен қатар жалпы ағынды төмен болды, бұл жоғарғы бөліктегі қар тапшылығын және жинақталу кезеңіндегі жауын - шашынның аздығын көрсетеді. **2023 жыл** Ақсу өзені үшін сулылығы аз болып бағаланады, белсенді көктемгі су тасу ұзақтығы қысқарған.

✚ **Бадам өз. – Қараспан а.** Жылшылық ағынды үлестірімі айқын көктемгі максимумды және жылдың қалған бөлігінде төмен су өтімдерді көрсетеді, бұл қармен қоректенетін шағын өзендерге тән ерекшелік. **2023 жылы** жылдық ағынды нормаға қарағанда едәуір төмен болды, шамамен орташа көпжылдық мәннің 70 %-ын құрады. Бұл қысқы кезеңде қар қорының жеткіліксіздігі және әлсіз жаңбырлы су тасқындардың әсерінен орын алған.

✚ **Бөгін өз. – Екпенды а.** Ағындының үлестірімі маусымдық сипаттамасын сақтайды: максимум сәуір-мамыр айларында байқалады, алайда көктемгі су тасу үлесі азайған, бұл жылдың сулылығы аз болғанын көрсетеді. **2023 жылғы** жылдық ағынды негізінен көктемгі қар еруі есебінен қалыптасты (жылдық көлемнің шамамен 65 %-ы), ал жаз – күз су тасқындары әлсіз болды.

✚ **Шаян өз.– Акбет өз. сағасынан 3,3 км төмен.** **2023 жылғы** жылшылық ағынды үлестірімі бойынша жыл сулылығы аз болды, ағындының шамамен 70 %-ы көктем - жаз кезеңінде қалыптасқан, ал жаз - күз айларында су өтімдері күрт төмендеген. Бұл жаңбырлы су тасулардың шектеулі рөлін және қармен қоректенудің басымдылығын көрсететін континенттік режимнің тұрақты типін сипаттайды.

Жалпы алғанда, **2023 жыл** алаптағы барлық негізгі гидробекеттер бойынша сулылығы аз жыл ретінде сипатталады. Өзендердің басым көпшілігі үшін келесі ерекшеліктер тән: көктем-жаз су тасуының (сәуір-маусым) басымдығы, ол жылдық ағындының 60-75 %-ын құрайды; күзгі - қысқы су өтімдер үлесінің төмендеуі, бұл жер асты суларының әлсіз қоректенуін көрсетеді; Сырдария, Арыс, Бөген және Бадам өзендерінде су шаруашылық реттеу әсерінен гидрографтың антропогендік трансформациясы; айтарлықтай жаңбырлы су тасудың болмауы және жазғы жауын - шашынның әлсіз әсері; көктемгі максимумның әлсіреуі және сулылығы аз фазаның ұзара түсуі.

Осылайша, **2023 жылы** алаптың гидрологиялық режимі ылғал тапшылығы және қар қорының аз болуы жағдайында қалыптасты, бұл көпжылдық нормамен салыстырғанда тұрақты сулылығы аз және су ресурстары әлеуетінің төмендеуіне алып келді.

4.4 Жайық-Каспий США жыл ішілік ағынды үлестірімі

Жайық - Каспий США. Жайық-Каспий өңірінің өзендері қоректену сипаты бойынша көктемгі су тасу байқалатын өзендер тобына жатады. Көктемгі кезеңде бір-екі ай ішінде жылдық ағынның 80-90 % өтеді, ал жылдың қалған уақытында кейбір шағын өзендерде ағын мүлде болмайды. Яғни, жылдық тұрғыдан алғанда, өзендердің көпшілігінің су режимі жоғары көктемгі су тасумен және сирек жауын-шашыннан болатын су тасқындары байқалатын төменгі жазғы сабалықпен сипатталады. Ең жоғары жылдық су өтімдері әдетте сәуір айының екінші жартысында, кейде ғана мамырдың басында байқалады.

Зерттелетін аумақ өзендерінің жыл ішілік ағынды үлестірілуін есептеу үшін В.Г. Андреяновтың жиынтық әдісі қолданылды [2], бұл әдіс бақылау материалдарын статистикалық өңдеу нәтижелеріне сүйене отырып, ағынның күнтізбелік жыл ішіндегі таралуын есептеуге мүмкіндік береді.




Есептеу нәтижелері бойынша жыл ішілік ағынның таралуы «бұзылған» ағын кезеңінде айтарлықтай өзгерістерге ұшырамағаны анықталды. Өзендер ағынының есептік таралу сұлбасын құрастыру кезінде төмендегі шектеуші кезеңдер мен маусымдар қабылданды: Жайық өз.-Январцево кен., Жайық өз. - Күшім а., Жайық өз. - Махамбет а. және Елек өз. - Ақтөбе қ. бойынша шектеуші емес кезең - сәуір-мамыр (IV-V); шектеуші кезең - маусым-наурыз (VI-III). Оның ішінде шектеуші емес маусым - маусым-қараша (VI-XI), шектеуші маусым-желтоқсан-наурыз (XII-III). Бұл мәліметтер 72-суретте толығырақ көрсетілген.



Ойыл өзені үшін маусымдардың шекаралары біраз өзгеше анықталды: көктемгі (наурыз-мамыр), жазғы-күзгі (маусым-қараша), қысқы (желтоқсан-ақпан), бұл 73-суретте анық көрсетілген.

Қарастырылып отырған аумақтың өзен ағыны негізінен суару мен сумен жабдықтауға пайдаланылатындықтан, соңғы екі маусым бір шектеуші кезеңге біріктірілді, ал сулылығы аз болып келетін қысқы маусым шектеуші маусым ретінде қабылданды. Шектеуші емес кезең ретінде көктемгі ағын алынған.

Берілген қамтамасыздық етілу деңгейіндегі жылдық ағынды анықтау үшін белгілі кезеңдер мен маусымдар бойынша қамтамасыздық қисықтары (В қосымшасы, 4-сурет) тұрғызылды, сондай-ақ олардың көпжылдық негізгі статистикалық сипаттамалары анықталды (В қосымшасы, 4-кесте).

Жайық-Каспий су шаруашылық алабының негізгі гидробекеттері бойынша бақыланған ағынның қамтамасыздық қисықтарын талдау Жайық ірі өзені мен оның салалары – Елек және Ойыл өзендері арасындағы жылдар бойынша ағынның өзгергіштігінде айырмашылықтардың бар екенін көрсетті. Жайық өзенінің өзінде сулылық салыстырмалы түрде тұрақты сақталғанымен, сулылық көп және сулылық аз жылдар арасындағы амплитуда айтарлықтай жоғары. Көктемде орташа су өтімдері жылдық ағынның 50 %-дан астамын құрайды, ал қыс мезгілінде – 10 %-дан төмен. Елек өзені ағынның жоғары өзгергіштігімен сипатталады (C_v шамамен 0,8-ге дейін): сулылық аз жылдары көктемгі деңгеймен салыстырғанда өтімдер 2-3 еседен де көп төмендейді. Ойыл – шағын өзен, жылдық ағын көлемінің 70-80 %-ына дейін жететін көктемгі ағынның айқын басымдығымен ерекшеленеді, ал қысқы кезеңде су іс жүзінде болмайды (В қосымшасы, 4-сурет).






72 сурет – Негізгі өзендердің жыл ішілік ағынның үлестірілуі

28 кесте - Орташа сулылық кезеңіндегі негізгі өзендер ағынының жыл ішілік үлестірілуі (қамтамасыздық 50 %) пайызбен (%)

	КӨКТЕМ	ЖАЗ-КҮЗ	ҚЫС
■ Жайық өз. - Январцево кен.	58,5	28,3	13,2
■ Жайық өз. - Күшім а.	51,3	36,2	12,6
■ Жайық өз. - Махамбет кен.	44,4	44,4	11,2
■ Елек өз. - Ақтөбе қ.	54,2	31,2	14,7
■ Ойыл өз. - Ойыл а.	78,3	18,0	3,67

28 кестеде талдау көрсеткендей, Жайық өзенінде қамтамасыздық 50 % болғанда көктемде жылдық ағынның 45-59 % қалыптасады, жаз-күзде шамамен 30-40 %, ал қыста 11-13 % болады. Елек өзенінде жағдай ұқсас, ал Ойыл өзенінде көктем жылдық ағынның 78 %-ын қамтамасыз етеді, қалған маусымдар тек 4-18 % береді.



73 сурет – 2023-2024 жылдар бойынша Жайық-Каспий США-ның негізгі гидробекеттері бойынша жыл ішілік ағынның үлестірілуі

2023 жылы зерттелетін алаптың су ресурстарын бағалауға қатысқан Жайық-Каспий су шаруашылық алабының негізгі өзендерінің жыл ішілік ағынның үлестірілуін талдау (В қосымшасының 4-кестесі) Жайық өзені мен Елек өзенінің бүкіл ұзындығы бойынша шектеуші емес кезең сәуір-мамыр айларына (су тасу) сәйкес келетінін көрсетті (73 сурет). Бұл кезеңде жылдық ағынның негізгі бөлігі қалыптасады, ол көктемгі қардың еруімен байланысты. Су көлемдері көпжылдық орташа мәндерден айтарлықтай жоғары болып, шаруашылық және экологиялық қажеттіліктердің су қамтамасыз етілуін қамтамасыз етеді.

Шектеуші кезең маусым-наурыз. Маусымда су тасудан кейін ағынның төмендеуі басталады, сабалыққа өту байқалады, ал наурызда көктемгі су тасудан бұрын су тапшылығы тіркеледі. Шектеуші емес маусым - маусым-қараша. Жазғы-күзгі кезеңде жауын-шашын мен жер асты суларының қосындысы арқасында су қамтамасыз етілуі салыстырмалы түрде тұрақты сақталады.

Шектеуші маусым: желтоқсан-наурыз. Қыс-көктем кезеңінде қардың еруі басталғанға дейін ағын минималды болып, бұл шаруашылық - ауыз суға және экологиялық қажеттіліктерге су тапшылығы қаупін тудырады.

Қорытынды, Жайық өзенінің жыл ішілік ағын үлестірілуі сәуір-мамыр айларындағы дәстүрлі су тасумен және тұрақты жазғы сабалықпен сипатталады. Шектеуші кезеңге желтоқсан-наурыз айлары жатады, бұл кезде ағын көлемі минималды болады. Елек өзенінде су мөлшері көктемгі қар еруі мен маусымдық жауын-шашынға айқын тәуелділігін көрсетеді. Су пайдалану үшін ең сыни кезеңдер - қысқы айлар мен көктемнің басы.

Ойыл өзенінде шектеуші емес кезең - наурыз-мамыр. Бұл кезең су тасу мен қардың жылдам еруімен байланысты жоғары ағынмен сипатталады. Шектеуші кезең - маусым-ақпан, 73-суретте көрсетілген, толық ақпарат В қосымшасының 4-кестесінде берілген. Осы кезеңде өзен ұзақ уақыт бойы сулылық аз режимге ие болады, әсіресе жазғы-күзгі айларда. Жайық пен Елек өзендерінен айырмашылығы, Ойылда жоғары өтімдердің аз кезеңіне ие, ал жыл бойы су тапшылығы көп кездеседі.

Қорытынды, Ойыл өзенінің ағыны өте өзгергіш, қысқа көктемгі су тасу және ұзақ сулылық аз кезеңімен сипатталады. Бұл тұрақты су пайдалану мүмкіндігін шектейді және шаруашылық қызметті жоспарлау кезінде ерекше ескеруді талап етеді.

4.5 Есіл США жылшлілік үлестірімі

Есіл США. Қарастырылып отырған алаптағы өзендердің жыл ішіндегі ағынның таралуына әсер ететін негізгі шаруашылық факторлары: арнаны реттеу - көпжылдық және маусымдық реттеудегі су қоймалары (Вячеслав (Астана), Сергеев, Петропавлск), көптеген тоғандар, әртүрлі су алу құрылыстары, ағынды сулардың төгінділері, сондай-ақ су жинау алаптарының жыртылуы. Жоғарыда аталған шаруашылық қызмет түрлерінің ішінде су қоймалары ағынға ең басым әсер етеді.

Есіл өзені алабында XX ғасырдың 60-шы жылдарының ортасынан бүгінгі күнге дейін жалпы көлемі 1583,52 млн м³, пайдалы көлемі 1446,36 млн м³ болатын 45 су қоймасы салынған.

Есіл өзенінің жоғары ағысында жалпы көлемі 9,2 млн м³ және пайдалы көлемі 8,2 млн м³ болатын маусымдық реттеудегі Есіл су қоймасы салынған. Жоғарғы Есілдің негізгі реттегіші - жалпы көлемі 411 млн м³ және пайдалы көлемі 375 млн м³ болатын көпжылдық реттеудегі Астана су қоймасы. Төменгі Есілдің негізгі реттегіштері - толық көлемі 693 млн м³ және пайдалы көлемі 635 млн м³ болатын Сергеев су қоймасы. Су қоймаларының іске қосылуына байланысты Есіл өзенінің жылдық ағын таралуы Астана қаласы тұсында және Петропавл қаласының тұйықтау бекетінде күрт өзгерді. Әр түрлі гидрологиялық бекеттердегі жыл ішіндегі ағынның таралуының өзгеруі әрқалай көрінеді.

Өзендердің ағындарын бөлуге арналған есептік сұлбаны құрастыру кезінде келесі шектеуші кезеңдер мен маусымдар қабылданды: шектеуші емес (нелимитирующий) кезең - Есіл өзені бойынша Каменный карьер ауылы, Есіл - Долматово ауылы, Есіл - Түрген ауылы, Есіл - Петропавл қаласы, Калкутан өзені - Калкутан ауылы және Жабай өзені - Атбасар қаласы гидробекеттері үшін сәуір-мамыр айлары (IV-V); шектеуші (лимитирующий) кезең - маусым-наурыз (VI-III), оның ішінде шектеуші емес маусым - маусым-қазан (VI-X), шектеуші маусым - қараша-наурыз (XI-III). Бұл мәліметтер толық түрде 74-суретте көрсетілген.


Қарастырылып отырған аумақтағы өзен ағындары негізінен суару және сумен жабдықтау үшін пайдаланылатындықтан, соңғы екі маусым бір шектеуші кезеңге біріктірілді, ал ең төмен су мөлшері байқалатын қысқы маусым шектеуші маусым ретінде қабылданды. Шектеуші емес кезең ретінде көктемгі ағын алынды.




Белгілі бір қамтамасыз етілуі бар жылдық ағынды анықтау үшін жеке кезеңдер мен маусымдар бойынша қамтамасыздық қисықтары тұрғызылды (қосымша В, 5-сурет), сондай-ақ олардың көпжылдық негізгі статистикалық сипаттамалары анықталды (қосымша В, 5-кесте).



Есіл өзені алабындағы бекеттер бойынша бақылаулы ағынның қамтамасыздық қисықтарын талдау өзендердің гидрологиялық ерекшеліктерінің бірқатар сипаттарын анықтады. Алапта Есіл және оның салалары (Калкутан, Жабай) сияқты ірі өзендер орналасқан, олар әртүрлі гидроклиматтық жағдайларда қалыптасатын ағынды түзеді. Есіл өзенінің өтімдерінің қамтамасыздық қисығы сирек кездесетін жоғары өтімдерден жиі қайталанатын мәндерге қарай күрт төмендеуімен сипатталады, бұл негізінен өзен алаптағы қардың еруінен туындайтын көктемгі су тасқыны құбылыстарының айқын байқалатынын көрсетеді. Сабалық кезеңде су азайып, 90-99 % қамтамасыздықтағы минималды мәндер шөлейт немесе қысқы кезеңдерге тән құбылыс болып табылады. Қисықтың формасы айқын көрінетін көктемгі ағынды көрсетеді, бұл Қазақстанның солтүстік және орталық өңірлеріндегі континенттік климат жағдайына тән.

Жабай және Калкутан өзендері өтімдерінің қамтамасыздық қисығы да ағынның маусымдық сипатын көрсетеді, алайда олардың су тасуының қарқындылығы әлдеқайда төмен. 50 % қамтамасыздықтан жоғары болғанда, өтімдер азаяды. Есілге қарағанда, өтім өзгерісінің амплитудасы айқынырақ емес, қисықтың еңісі біршама жатық, бұл жыл ішіндегі ағынның салыстырмалы түрде тұрақтырақ екенін білдіреді.

Жалпы алғанда, Есіл өзені алабы жоғары маусымдық контрастымен сипатталады: көктемгі тасқын - ағынның негізгі көлемі осы кезеңге келеді, ал күзгі-қысқы уақытта ағын көлемі күрт азаяды. Бұл, негізінен, қар суымен қоректенетін өзендерге тән құбылыс.







74 сурет — Есіл США көпжылдық кезеңдегі негізгі өзендер ағынының жылшылық үлестірімі

29 кесте - Орташа сулылық кезеңінде негізгі өзендер ағынының жылшылық үлестірімі (50% қамтамасыз ету) пайызбен (%).





График пен кесте мәліметтеріне сәйкес, Есіл өзені алабындағы жылдық ағынның таралуы айқын маусымдық сипатқа ие. Ағынның негізгі бөлігі көктем мезгілінде қалыптасады, ал жаз-күз және қыс кезеңдерінде өзендердің су мөлшері айтарлықтай төмендейді.

Көктемгі кезең (сәуір - мамыр): Жылдық ағынның ең үлкен үлесі дәл осы көктемге тиесілі. Кейбір бақылау бекеттерінде ол 90 %-дан асады: Есіл өз. - Түрген а. - **92.71 %**, Жабай өз. - Атбасар қ.- **90.30 %**, Қалқұтан өз. - Қалқұтан а. - **96.49 %**. Бұл белсенді қар еруіне және еріген сулардың түсуіне байланысты, бұл өзендердің су тасуы режимін анықтайды.

Жаз-күз кезеңі (маусым - қазан): Бұл кезеңде ағын көлемі күрт төмендейді. Кейбір бекеттерде мөндер 20 %-дан аспайды. Ерекше жағдайлар: Есіл өз. - Волгодронка а.- **38.17 %**., Есіл өз. - Петропавл қ.- **23.18 %**, Есіл өз. - Долматово а. - **26,16 %**. Бұл құбылыс жауын-шашын есебінен қоректенумен немесе ағынның реттелу әсерімен (су қоймаларының болуы) түсіндірілуі мүмкін.

Қысқы кезең (қараша - наурыз): Қыс айларында ағын ең төмен деңгейге дейін түседі, кей жағдайларда мүлдем байқалмайды: Қалқұтан өз. - Қалқұтан а.- **0.00 %**, Есіл өз. - Түрген а.- **2.04 %**, Жабай өз. - Атбасар қ. - **2.63 %**.

Есіл өзені алабы айқын көктемгі тасуымен сипатталады, бұл кезеңде жылдық ағынның **60-96 %** қалыптасады. Жаз-күз және қыс мезгілдерінде өзендердің су мөлшері күрт төмендейді. Мұндай үлестірімді суды пайдалану жоспарында, ағынды реттеу кезінде және су шаруашылығы балансын есептеуде ескеру қажет.



75 сурет – 2023-2024 жылдар бойынша негізгі өзендер ағынының жылшылық үлестірімі

2023 жылы Есіл су шаруашылығы алабының негізгі өзендерінің (қосымша В, 5-кесте) зерттеліп отырған алабының су ресурстарын бағалауға қатысатын жыл ішіндегі ағынның таралуын талдау оның айқын маусымдық шоғырлануымен ерекшеленетінін көрсетті. Жылдық ағынның негізгі бөлігі сәуір айында қалыптасады, бұл көктемгі қар еріген кездегі тасқынмен байланысты. Мәселен, Түрген және Қалқұтан елді мекендеріндегі гидробекеттерде сәуір айындағы ағынның үлесі тиісінше жылдық көлемді құрайды. Каменный карьер, Долматово және Петропавл қаласындағы гидробекеттерде да осыған ұқсас жағдай байқалады.

Жазғы (маусым-тамыз) және күзгі (қыркүйек-қараша) кезеңдерде ағын көлемі күрт азайып, бұл маусымдар шектеуші ретінде сипатталады. Қысқы кезеңде (желтоқсан-ақпан) ағын көлемі ең төмен деңгейде болады. Жылдық ағын құрылымының мұндай сипаты алап өзендерінің қар суымен қоректенуінің басымдығын және жаз-күз бен қыс мезгілдерінде су ресурстарының айтарлықтай тапшылығын көрсетеді. Ағынның жоғары маусымдық шоғырлануы су пайдалануда, әсіресе ауыл шаруашылығы мен сумен жабдықтауда, белгілі бір қауіптер мен шектеулер тудыруы мүмкін.

Осылайша Есіл су шаруашылығы алабының өзен ағындарының кеңістіктік-уақыттық қалыптасу заңдылықтарын талдау соңғы онжылдықтарда (қазіргі кезеңде) өзендердің жыл ішіндегі ағын таралуында елеулі өзгерістер бар екенін көрсетті.

4.6 Шу-Талас США жылшылық үлестірімі

Шу-Талас су шаруашылығы алабы. Шу және Талас өзендері алабы үшін жыл ішіндегі ағынның, әсіресе су тасқыны кезеңіндегі ағынның таралуы таулы аймақтардағы қар мен мұздың жиналуы мен еруі процестерімен, сондай-ақ топыраққа сіну және ылғалдың булануға әрі транспирацияға жұмсалыуымен анықталады.

Өзендердің ағындарын үлестіруге арналған есептік сұлбаны құрастыру кезінде келесі шектеуші кезеңдер мен маусымдар қабылданды: шектеуші емес кезең - Шу өзені - Қайнар а.; Талас өзені - Солнечный а.; Құрағаты өзені - Аспара ж.-д. ст. үшін сәуірден маусымға дейін (IV-VI); шектеуші кезең - шілде-наурыз (VII-III), оның ішінде шектеуші емес маусым - шілде-қыркүйек (VII-IX), шектеуші маусым - қараша-наурыз (X-III), мәліметтер 76-суретте толық көрсетілген.

Теріс өзені - Нұрлыкент а. үшін маусымдардың шекаралары біршама өзгеше: көктемгі (ақпан-маусым), жаз-күзгі (шілде-қыркүйек), қысқы (қараша-қаңтар), бұл 77-суретте көрнекі түрде көрсетілген.

Қарастырылып отырған аумақтағы өзен ағындары негізінен суару және сумен жабдықтау үшін пайдаланылатындықтан, соңғы екі маусым бір шетеуші кезеңге біріктірілді, ал суы ең аз қысқы маусым шектеуші маусым ретінде қабылданды. Шектеуші емес кезең ретінде көктемгі ағын алынды.

Белгілі бір қамтамасыз етілуі бар жылдық ағынды анықтау үшін жеке кезеңдер мен маусымдар бойынша қамтамасыздық қисықтары тұрғызылды (қосымша В, 6 сурет), сондай-ақ олардың көпжылдық негізгі статистикалық сипаттамалары анықталды (қосымша В, 6 кесте).

Ағынның қамтамасыздық қисықтары маусымдар бойынша және жалпы жылдық көлем бойынша судың (Q , м³/с) ықтималдықпен бөлінуін көрсетеді. Талдау төрт негізгі гидробекет үшін жүргізілді:

✚ **Құрағаты өзені - Аспара тж. ст.** Жалпы ағынның таралуы қалыпты тұрақтылыққа ие. Көктемгі және жазғы кезеңдерде су өтімі жоғары, бұл қар еруімен және белсенді мұздық қоректенуімен байланысты. Күз-қыс мезгілдері ең төмен ағын мөлшерімен сипатталады, бұл өңір үшін қалыпты жағдай.


✚ **Талас өзені - Солнечный кенті.** Ағын айқын маусымдық өзгергіштікке ие. Өзен орташа тасқындық тәртібімен сипатталады. Есептік қисықтар жоғары қамтамасыздық аймағында нақты мәндерден ауытқиды, бұл су қоймалары, су алу құрылыстары немесе құрғақшылық жылдарының ықпалын көрсетуі мүмкін. Ағын негізінен қар еріген суы мен маусымдық жауын-шашын есебінен қалыптасады.

✚ **Теріс өзені - Нұрлыкент ауылы.** Жалпы ағын мәндері басқа гидробекеттерге қарағанда төмен, бұл су жинау алабының ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Жылдық және маусымдық қамтамасыздық қисықтары қамтамасыздық артқан сайын бірқалыпты төмендеумен сипатталады. Графикте қыс-күз мезгілінде есептік және нақты деректер арасында айырмашылық байқалады, бұл жергілікті метеорологиялық жағдайлармен байланысты болуы мүмкін.


Шу өзені - Қайнар ауылы. Алаптың ең суы мол учаскелерінің бірі. Графиктің күрт төмендеу сипаты ағынның жылдар бойынша айтарлықтай өзгеретінін көрсетеді. Маусымдық қисықтар арасындағы айырмашылық айқын, әсіресе көктемгі кезеңде, бұл биік таулы салалардың әсерімен және белсенді қар еруімен түсіндіріледі.

Қамтамасыздық қисықтары белгілі бір су өтімдерінің пайда болу ықтималдығын бағалауға мүмкіндік береді, бұл су пайдалануда, ирригацияны жоспарлауда және су тасқындарының алдын алуда маңызды. Ең тұрақты ағын - Теріс өзенінде, ең өзгергіш - Шу өзенінде. Барлық пункттерде ағынның айқын маусымдылығы байқалады: максимум - көктемде, минимум - күз-қыс мезгілдерінде.


Q, %




Q, %



Q, %




Q, %



76 сурет – Шу-Талас США көпжылдық кезеңдегі негізгі өзендер ағынының жылішілік үлестірімі

30 кесте - Орташа сулылық кезеңінде негізгі өзендер ағынының жылішілік үлестірімі (50 % қамтамасыз ету) пайызбен (%).




Графиктер мен кесте мәліметтеріне сәйкес, Шу-Талас алабындағы жылдық ағынның таралуы келесідей сипатталады:

Құрағаты өзені - Аспара тж. ст. Ағын негізінен күз-қыс мезгілінде қалыптасады, бұл жерасты суларының маңызды рөлін және сабалық кезең кезіндегі тұрақты қоректенуді көрсетеді. Көктемгі су тасқыны баяу айқындалған, жазғы ағын әлсіз.

Талас өзені - Солнечный кенті. Ағынның таралуы біршама теңгерімді, ал максимум жаз мезгілінде байқалады, бұл жауын-шашыннан болатын тасқын және ішінара мұздық қоректенуімен байланысты. Көктемгі тасу орташа деңгейде, күз-қыс кезеңіндегі ағын тұрақты.

Теріс өзені - Нұрлыкент ауылы. Айқын көрінетін көктемгі максимум өзеннің қар суымен қоректену типіне жататынын көрсетеді. Жазғы және күз-қыс кезеңдерінде су мөлшерінің күрт төмендеуі - негізінен қар суымен қоректенетін өзендерге тән құбылыс.

Шу өзені - Қайнар ауылы. Ағынның негізгі бөлігі күз-қыс мезгілінде қалыптасады, бұл жерасты қоректенуінің басымдығын көрсетеді. Көктемгі су тасқыны әлсіз, бұл қар суымен қоректенудің шамалы екенін дәлелдейді.



77 сурет – Шу-Талас США негізгі өзендер ағынының жылішілік үлестірімі 2023-2024 жж.

2023 жылы Шу-Талас су шаруашылығы алабының (сур. 77) су ресурстарын бағалауына қатысатын негізгі өзендердің жыл ішіндегі ағын таралуын талдау көрсеткендей:

 **Құрағаты өзені - Аспара тж. ст.** 2023 жылы ағынның ең үлкен көлемі сәуір айында байқалады, бұл айқын көрінетін көктемгі тасқынға тән белгі. Шектеуші кезеңде (жаз-қыс) ағын күрт азайып, айына 5 %-дан аспайтын бірқалыпты деңгейде сақталады. Мұндай тәртіп қар суымен қоректенуі басым өзендерге тән.

 **Талас өзені - Солнечный кенті.** Ағынның негізгі көлемі жаз мезгілінде, әсіресе шілде мен тамызда қалыптасады, бұл мұздық-жауынмен қоректенудің ықпалын көрсетеді. Тамызда шектеуші кезең басталғанына қарамастан, ағынның айтарлықтай бөлігі әлі де сақталады, содан кейін біртіндеп төмендейді. Күзгі және қысқы мезгілдерде ағын айтарлықтай азаяды.

 **Шу өзені - Қайнар ауылы.** Ағынның таралуы әдеттегі үлгіден өзгеше: негізгі көлемі қыс айларына - қараша және желтоқсанға келеді. Көктемгі-жазғы кезеңде ағын айтарлықтай төмен. Бұл антропогендік факторлармен түсіндірілуі мүмкін: су қоймаларынан жіберулер арқылы ағынды реттеу немесе жерасты сулары есебінен қоректену.

 **Теріс өзені - Нұрлыкент ауылы.** Шектеуші емес кезең (наурыз-маусым) жылдық ағынның шамамен жартысын қалыптастырады, шындық мән наурызда байқалады. Дегенмен, ағынның жартысынан көбі шектеуші кезеңге келеді, бұл жерасты суларының немесе қосымша қоректену көздерінің ықпалын көрсетуі мүмкін.

2023 жылғы Шу-Талас су шаруашылығы алабының ағындары (қосымша В, 6-кесте) осы өңірдің таулы және тауалды өзендер жүйесіне тән айқын маусымдылықты көрсетеді. Жыл ішіндегі ағын шектеуші және шектеуші емес кезеңдердің болуымен сипатталады, бұл жыл бойындағы су кірісінің көлемінің айтарлықтай өзгеретінін айғақтайды.

2023 жылы Шу-Талас алабындағы жылдық ағын климаттық және гидрологиялық жағдайлардың маусымдық өзгерістеріне қатты тәуелді болды. Көктем-жаз кезеңі ағынның қалыптасуында негізгі рөл атқарады, бұл қар қабаты мен мұздықтардың еруімен байланысты. Жазғы және күзгі айларда су көлемінің айтарлықтай азаюы өңірдің сумен қамтамасыз етуіне және экожүйелеріне әсер етуі мүмкін.

Бұл деректер су шаруашылығы шараларын әзірлеу, су ресурстарын болжау және климаттың өзгеруі жағдайында алабының экологиялық жай-күйін бағалау үшін маңызды.

4.7 Нұра-Сарысу США жыл ішілік үлестірімі

Нұра-Сарысу алабының өзендері көктемгі ағынның айқын болуымен және жыл бойы су режимдерінің айтарлықтай біркелкі болмауымен сипатталады. Жылдық ағынның негізгі бөлігі бір айдан үш айға дейін созылатын және қардың еруінен туындайтын көктемгі су тасу кезінде болады. Жылдық ағынның 80-95 %-ы осы кезеңде болады. Жаз бен қыста алабтың өзендерінде, әсіресе оның оңтүстік және орталық бөліктерінде, су деңгейінің төмендеуі немесе арналарының толық кебуі байқалады. Көптеген шағын және орта өзендер уақытша болып табылады, олар тек қатты жауын-шашын немесе қардың еруі кезінде ғана ағынын қалпына келтіреді.

Алаптағы ең үлкен өзен Нұра өзені ағынның күрт біркелкі емес таралуымен сипатталады: су тасуы кезеңінде судың көп ағыны байқалады, ал су сабасына түскен кезеңдерде минималды ағындар байқалады, тіпті кейбір жерлерде жер үсті ағыны тоқтағанға дейін. Ұқсас заңдылықтар Сарысу алабында де көрініс береді, онда өзендер жаз мезгілінде жиі кебеді, ал қыс кезінде өзен арналарының едәуір бөлігінде мұз қату байқалады. Ағынның жыл ішіндегі осындай теңсіз үлестірілуі су ресурстарын шаруашылық



мақсатта пайдалануды едәуір қиындатады. Бұл әсіресе аз су кезеңінде айқын көрінеді, себебі су нысандары су тапшылығын сезінеді, бұл өз кезегінде су жабдықтау, суаруды қамтамасыз ету және су қоймаларының экологиялық жағдайына әсер етеді.


Жыл ішіндегі ағынның үлестірілуін Андреяновтың жинақталу әдісімен есептегенде, негіз ретінде су шаруашылығы жылының шектері алынды, олар ең жоғары су қамтамасыз етілу кезеңінен басталды. Көп су кезеңінің ұзақтығы сондай түрде анықталды, яғни оның шегінде барлық талданған бақылау жылдарындағы көктемгі су тасу толық қамтылды.

Нұра ө. – Балықты т/ж ст., Нұра ө. – Р. Қошқарбаев а., Шерубайнұра ө. – Қарамұрын разъезі және Сарысу ө. – №189 разъез гидрологиялық бекеттері үшін маусым шектері мынадай түрде белгіленді: шектеуші емес кезең наурыздан мамырға дейін (III-V), шектеуші кезең – маусымнан ақпанға дейін (VI-II). Шектеуші кезеңнің құрамында келесі бөліктер ерекшеленеді:

- шектеуші емес маусым – маусымнан қарашаға дейін (VI-XI);
- шектеуші маусым – желтоқсаннан ақпанға дейін (XII-II).

Жыл ішіндегі кезеңдердің егжей-тегжейлі үлестірілуі 78-суретте көрсетілген.






78 сурет – Нұра-Сарысу США негізгі гидрологиялық бекеттердің көпжылдық кезеңдегі жыл ішілік ағынның үлестірілуі

Берілген қамтамасыздықтың жылдық ағынын анықтау үшін белгілі бір кезеңдер мен маусымдар бойынша қамтамасыздық қисықтары салынды (Сурет 7, Қосымша В), сондай-ақ олардың көпжылдық кезеңдегі негізгі статистикалық сипаттамалары анықталды (Кесте 7 Қосымша В).

Нұра, Шерубайнұра және Сарысу өзендері алаптарының негізгі гидробекеттері бойынша бақыланған ағынның қамтамасыздық қисықтарын талдау барлық зерттелген су ағындары айқын маусымдылықпен және сулылықтың жоғары өзгергіштігімен сипатталатынын көрсетті. Судың ең көп өтімі көктем-жаз кезеңінде байқалады, бұл қардың қарқынды еруімен және су тасудың пайда болуымен байланысты, ал жазда және күзде ағын айтарлықтай төмендейді, ал қыста судың негізгі деңгейін қалыптастыра отырып, минималды мәндерге жетеді. Нұра өзені алабының жоғарғы учаскелері (Балықты және Қошқарбаев бекеттері) ең жоғары су өтімдерімен және қамтамасыз етілу қисықтарының күрт төмендеуімен сипатталады, бұл ағынның тұрақсыздығын және климаттық факторлардың айқын әсерін көрсетеді. Шерубайнұра және Сарысу өзендері алабында қамтамасыз етілу қисықтары біршама жатық, бұл олардың орташа су молдылығын және ағын режимінің салыстырмалы тұрақтылығын бейнелейді. Жалпы алғанда, қарастырылып отырған өзендер үшін жылдық ағынның негізгі бөлігі (60-70%-ға дейін) көктемгі кезеңде

қалыптасады. Бұл олардың қармен қоректенуінің басымдығын және өзендердің су молдылығының маусымдық әрі жылдар арасындағы климаттық ауытқуларға айтарлықтай тәуелді екенін көрсетеді (Қосымша В, 7 сурет).


31-кесте - Орташа сулылық кезеңіндегі (50 % қамтамасыз етілуі) негізгі өзендердің жыл ішілік ағынның үлестірілуі, %



Орташа сулылық кезеңіндегі (кесте 31) маусымдар бойынша ағынның үлестірілуін талдау Нұра, Шерубайнұра және Сарысу өзендері алаптарында жылдық ағынның негізгі бөлігі көктем мен жазда қалыптасатынын көрсетті. Бұл өзендерде қармен қоректенудің басым екенін және су режимінің маусымдық тұрғыда айқын теңсіздігін дәлелдейді.

Нұра өзенінің жоғарғы ағысында (Балықты а. және Р. Қошқарбаев а.) көктем-жаз мезгіліндегі ағын тиісінше **53,2 %** және **72,1 %** құрайды, күзгі ағын – **41,4 %** және **21,9 %**, қысқы ағын – **5,4 %** және **5,99 %**. Бұл көктемгі қар еруінің айтарлықтай әсерін және ағын көлемінің негізгі бөлігі дәл осы су тасқыны кезеңінде қалыптасатынын көрсетеді. Шерубайнұра өзені алабында (Қарамұрын раз.) көктем–жаз мезгіліндегі ағын үлесі **83,7 %**-ға жетеді, ал күзгі және қысқы кезеңдер тиісінше небәрі **12,7 %** және **3,6 %** ғана құрайды. Бұл қармен қоректенудің айқын басымдығын және су режимінің тұрақсыздығын көрсетеді. Сарысу өзені үшін (№189 разъез) Нұра өзенінің жоғарғы ағысына ұқсас үлестірілу тән: көктем–жазғы ағын – **53,2 %**, күзгі – **41,4 %**, қысқы – **5,4 %**. Бұл оның далалық (жазықтық) типтегі ағынға ие екенін және маусымдық өзгергіштігінің орташа деңгейде екенін дәлелдейді.

Жалпы алғанда, қарастырылып отырған алаптарда көктемгі кезең жылдық **ағынның** 50-85 %-ын қалыптастырады, ал күз бен қыста сулылығы төмендейді. Бұл өзендердің қармен қоректенуінің басым екенін және су режимінің өңірдің климаттық жағдайларына тәуелділігін көрсетеді.



79 сурет – Нұра - Сарысу США негізгі гидрологиялық бекеттері бойынша 2023-2024 жж. жыл ішілік ағынның үлестірілуі

